821.512.122-1
Т 95




# ТҰҢҒЫШБЕК ДӘЛМАҒАНБЕТҰЛЫ

*шығармалары*


Қарағанды
Болашақ- баспа
2015

821.512.122-1
Т 85

# ТҰҢҒЫШБЕК ДӘЛМАҒАНБЕТҰЛЫ

## Шығармалары

Қарағанды
Болашақ - Баспа
2015

**Құрастырушылар:**
**Еркеш Тұңғышбекқызы**
**Серік Тұңғышбекұлы**
**Төлеу Күнжолұлы Балғабеков**
**Жандос Шекен**

**Тұңғышбек Дәлмағанбетұлы: шығармалары.** /Құраст.: Тұңғышбекқызы Е., Тұңғышбекұлы С., Балғабеков Т.К., Шекен Ж. - Қарағанды: «Болашақ - Баспа» РББ, 2015. - 209 бет

**ISBN 978 -601-273-230-6**

Бұл жинаққа Шет өңірінде дүниеге келген Дәлмағанбетұлы Тұңғышбектің шығармалары топтастырылған. Шет өңіріндегі алғашқы ұстаздардың бірі, ауданды құрудағы алғашқы белсенділердің бірі болған. Өлең - жырлары мерзімдік басылымдарда үнемі басылып тұрған.

Кітап көпшілік қауымға арналған.

**ISBN 978 -601-273-230-6**

«ШЕТ АУДАНЫ ӘКІМДІГІ
ШЕТ АУДАНЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ БӨЛІМІНІҢ
ШЕТ АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН
КІТАПХАНАЛАР ЖҮЙЕСІ» КММ
№ 20808

© Тұңғышбекқызы Е., Тұңғышбекұлы С.,
Балғабеков Т.К., Шекен Ж.
“Болашақ - Баспа” РББ., 2015

## АЛҒЫ СӨЗ

Кейінгі жылдары, Тәуелсіздік талаптарына сәйкес, ел мен жер тарихына қатысты көптеген құнды дүниелер жарыққа шығып жатыр. Олардың басым бөлігі кезіндегі солақай саясаттың салдарынан мұрағат сөрелерінде сарғайған тағдырлы құжат - материалдар, жазбалар. Осы шоғырда өмірді өлең - жырмен өрнектеген ақын - жыршылардың артында қалған мол мұраларының алатын орны өз алдына бір төбе.

Елінің ертеңін ертеден ойлаған халық қай кезде де топты жарып түйінді сөз айтқан азулы би - шешендерін,ел мен жердің тарихын көркем сөзбен кестелеген ақындарын ерекше құрмет тұтып, төбелеріне көтере білген. Қай кезде де шындықты алдымен ақындар айтқан. «Ақын - адамның тілімен Алланың сөзін айтқан айрықша дарын иесі» деп қабылдаған.

Осы үрдіспен, еліміздегі бірегей бастамалардың бірі «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында көптеген халық ақындарының өлеңдері, жинақтары жарық көрді. Бүгін міне, халық арасынан шыққан арқалы ақын Тұңғышбек Дәлмағанбетовке де кезек келіп отыр. Бірден айта кетерлігі, ақынның азды - көпті жырлары бұрынырақта жекелеген жинақтарда жарияланғаны болмаса, жеке кітап болып басылмаған екен. Соның сәті бүгін түсіп тұр.

Т.Дәлмағанбетов өткен ғасырдың бірінші жартысында Арқаның құба белі Шет өңірінде туып өскен. Жастайынан қарымды қабілетімен танылып, партия, кеңес жұмыстарына тартылған. Мамандығына сай оқу - ағарту ісімен шұғылданған.

Сонымен қатар, табиғи дарынымен танылып, өлең - жыр жазумен де жүйелі айналысқан. Артында бірқатар дастан-толғаулары, өлең - жырлары сақталған. Шығармаларының шоқтығы - 1923 - 1928 жж. Шет ауданының Бозшакөл деген жерінде құрылып, жұмыс істеген, «Бозшакөл республикасы» атанып кеткен мойынсерік, қоғамға қатысты жазған «Бозшакөл» дастаны. Сондай - ақ сол кездегі халық тұрмысына, ел өміріндегі елеулі өзгерістерге арналған бірқатар толғау-өлеңдері бар. Толғауларда еліміздің басынан өткен тарих-талқысы, сол заманның, сол дәуірдің ақиқат - шындығы көрініс тапқан, дауылды жылдардың дабысы айқын естіледі, сан қилы саясаттың салдарынан телімге түсіп қалған текті ұлдың ертедегі асау - арда мінезін аңсаған ащы зары, сағыныш - мұңы сезіледі.

Өлең - жырлардың тілі жатық, шұрайлы. Тосын теңеулер, оралымды сөз тіркестері көптеп ұшырасады.

Аяулы ақынның артында қалған мұрасын оқырмандар игілігіне айналдыра отырып, өз оқырманын табады деп сенеміз.

***Нұрлан ДУЛАТБЕКОВ,***
***заң ғылымдарының докторы,***
***ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі***



# ***КӨК ШОЛАҚ***

(немесе өзім туралы поэма)

Өлмей, өшпей тұра ма адам тәні,
Мұзға айналыпты ыстық жаны.
Басы ілініп кетіпті кеудесіне
Ашулы оң қолының алақаны.

Басы иілмек тағдырға көндім демек,
Пәрманына мойынды бердім демек.
Алақаны ашылған ишараты,
Несін алдым дүниеден, өлдім демек.

Мысалды бұдан артық іздемеймін,
Осы да ғибрат қой бізге деймін.
Осылай Пушкин ақын суреттепті
Өлгенін Дубровский Андрейдің.

Менің де өлмегіме көзім жетті,
70 - ке абайсызда жасым кепті.
Артымда бір еңбегім қала ма деп
Талпынып кәрі көңілім талап етті.

Жастықта ойламаппын өлерімді,
Кәртайып мұнша жасқа келерімді.
Әуре - сарсаң жұмыспен жүре бердім
Жарыққа шығара алмай өнерімді.

40 жыл қызметпен арпалыстым,
Білгем жоқ не боларын алдағы істің.
Күш кетіп, ақыл кеміп қартайғанда,
Бір нәрсе жазайын деп ойға түстім.

Ал енді, жазар болсам, нені жазам
Дедім де бір тәуекел алдым қалам.

Жазайын бастан кешкен көргенімді,
Жазуға повесть - роман келмес шамам.

Жазайын бастан кешкен оқиғамды,
Өзімнің баяндайын өмірімді.
Кейінгі ұрпақтарым көріп - білсін
Кешегі тар заманда өткен күнді.

Байлар мен молдалардың асқандығын,
Есіріп қызыл судай тасқандығын.
Кедей мен жетім - жесір сорлыларға
Істеген жала жауып қастандығын.

Жазайын байдың қылған зорлықтарын,
Кедейдің жаңа көрген қорлықтарын.
Малына, басына да ерік бермей,
Күшпенен әлсіздерді қорқытқанын.

Бұл өзі өміртарих бастан кешкен,
Өлгенше көргендерім кетпейді естен.
Бір ауыз өтірік сөз кірістірмей,
Айтайын өмірімді туған - өскен.

Егер де осы еңбегім жарық көріп,
Оқыса кейінгілер қарық болып.
Мен - дағы рахаттанып жатар едім,
Жарқырап тар қабырым жарық болып.



# ҚАРАҢҒЫЛЫҚ

Ойласам түсер еске өткен шағым,
Елестер көз алдыма бейне сағым.
Адасып қараңғыда жол таба алмай
Белгісіз болып жүрген болашағым.

Басымды тауға да ұрып, тасқа ұрып
Адасып жол таба алмай қаңғып жүріп.
Жол таптым ақырында болашаққа
Бір үнге жөн сілтеген құлақ түріп.

Бар екен адасқандар талай мендей,
Жүріппіз бәрімізді біреу білмей.
Шұбырдық дыбыс шыққан жаққа қарай
Көрінді жарық сәуле шыққан күндей.

Бұл сәуле Ленин жаққан шырақ екен,
Өзі бір шың басында тұрады екен.
Адасып жүргендерге естілген үн
Шақырған сол кісінің ұраны екен.

Ол кісі өзі асқан батыр екен,
Бір өзі мың - сан қолға татыр екен.
Ордасын орнықтырып жауды жеңіп
Жөн сілтеп сол ордадан жатыр екен.

Қуандық адасқандар жолды тауып,
Ұранға жөн сілтеген көңіл ауып.
Сол жермен жүре бердік Ленин басшы
Болған соң еш нәрседен етпей қауып.

Шыққан соң қараңғыдан жарық көріп,
Жол таптық әрқайсымыз анық көріп.
Лениннің сілтеуімен кәсіп істеп
Кенелдік шат тұрмысқа қарық болып.

Өлгенше менде бейнет көрер едім,
Жаналмай бықсып күл боп сөнер едім.
Тура жол егер Ленин көрсетпесе
Адасып қараңғыда сөнер едім.

## НАШАР АТА

Кәрсоннің ең үлкені Дүзей екен,
Тау қыстап «Кареспені» күзейді екен.
Бай болып басқа Кәрсон көп өскенде
Дүзейлер өспей қалған ала - бөтен.

Туысқан Дүзейменен, Аралбайлар,
Қозыбақ, Есен - Аман, Таңабайлар,
Қонысбай, Баймұрат пен Құлназар да
Ел болды 2 - 3, 4 - 5 ауылнайлар.

Дүзейлер жүз үйгеде толмай жүрді,
Сондықтан бір ауылнай болмай жүрді.
Болған соң малға кедей, басқа жарлы
Түзеліп шаруасы оңбай жүрді.

Кей жылы отаулармен жүзге толса,
Жаз шығып ел қосылып жақын қонса.
Күз болса кәсіп іздеп тарап кетіп
Орнығып оңалмады шаруа сонша.

«Дүзей үйі жүзге жетпес,
Жүзге жетсе күзге жетпес»
Деп бізді басқа Кәрсон келемеждеп
Мазақтап жанды қинап еткен егес.

Болған соң өзі өспеген, өзі кедей,
Дүзейді бай ағайын келекелей.
Болатын әдеті бар ағайынның,
Алмайды ілтипатқа адам демей.



## ЖЕТІМДІК

Ауқатты бай шықпаған бұл Дүзейден,
Мен тудым сол Дүзейде бір кедейден.
Аты екен әкеміздің Балмағанбет
Ол бірақ мен туған соң өлген екен.

Әкемнің ағасы екен Дәлмағанбет,
Сұм тағдыр талайларды жалмаған көп.
Алыпты мені аз күн карауына
Інімнен басқа ұрпақ қалмаған деп.

Шешем де бір кедейдің баласы екен,
Көзінің ағы менен қарасы екен.
Оған да өмірінде мал бітпеген
Тоққожаның Омары нағашы әкем.

Үш жаста әкем өліп жетім қалдым,
Қалғанын көргенім жоқ ата малдың.
Жетімдік кедейлікті қабат көріп
Дариға қайғыменен қапаландым.

Жасымда жетім қалдым сорлы басым,
Дос күліп, табалады дұшпан қасым.
Келсемде мұнша жасқа өткен күнді
Ойласам түйіледі ішкен асым.

Отырды сорлы шешем мені бағып,
Көзінен жас орнына қандар ағып.
Қалайша күн көруге ылаж таппай
Бір кедей ағайынға тиді барып.

Мені де сорлы шешем ала кетті,
Ілесіп сорлы жетім бала кетті.
Жылы орын ата - қоныс артта қалып
Көңілде тек қайғы мен сана кетті.

Мен бардым өгей әке уысына,
Әкемнің жамағайын туысына.
Торғайдай торға түскен жаутаңдаймын,
Жат көріп бөтен үйге жуысуға.

Жарлы еді өгей әкем бар ма шара,
Бітпеген басын қосып 2,3 қара.
Әйтеуір бір құлынды биесі бар
Көшкенде мінгесеміз екеу ара.

Үйіміз ел көшкенде жұртта қалып,
Жан - жаққа отырамыз көз суарып.
Бұрынғы қонған елден түйе әкеліп
Жетеміз келесі күн өліп - талып.

Бала жоқ бұл кісіде менен басқа,
Жарымай киер киім ішкен асқа.
Тобына балалардың қосыла алмай
Мәңгіріп өз бетіммен жүрдім босқа.

Ойнауға балалармен киім де жоқ,
Қарын аш, ойнай - тұғын күйім де жоқ.
Көп жүрген саудагерден алатұғын
Әкем де бұйырмасын тиінде жоқ.

Басы артық сататұғын малы да жоқ,
Ол кезде малсыз үйдің сәні де жоқ.
Жаңалап киім кию былай тұрсын
Тамағын тойғызарлық халі де жоқ.

Жас жетім мал табуға өнер де жоқ,
Қолымнан талпынсамда келер де жоқ.
Шіркін - ай, сол уақытта кедейлерді,
Кәсіпке үйрететін шеберде жоқ.



Шешемнің бір өнері іс біледі,
Әркімге шапан, тымақ іс тігеді.
Солардан азынаулақ тамақ алып
Күнделік ауқат тауып күн көреді.

Шешеміз бұл әкейден 4 қыз тапты.
Күлшім, Жамал, Бибіжан деп атапты.
Кенжесі ұл болар деп жүргенінде
Қыз туып Дәметкен деп қойған атты.

Мезгілсіз бәрі де өліп дүние салды,
Аямай жауыз тағдыр ерте алды.
Бәріде дүниеге келмегендей
Жалғыз - ақ Дәметкеннен ұрпақ қалды.

Әкеден жастайымнан қалдым жетім,
Көп тарттым жетімдіктің тақсыретін.
Жетімдік жоқшылықты қабат көріп
Шіркін - ай, ауыр болды - ау, мехнатым.

Бұл күймен 10 - 15 ке жаста келді,
Кедейлік ауыр бейнет басқа келді.
Ілгергі күн көрістің, қамын ойлап
Жетімдік балалықты тастадым енді.

## АРМАН

Ойлаймын қандай кәсіп етемін деп,
Мұратқа қайтсем жылдам жетемін деп.
Мал тауып ел қатарлы адам болып
Қалайша бақытты боп өтемін деп.

Арманым ең бірінші оқу болды,
Оқуды көңіліме тоқу болды.
Көрермін сонан кейін бақытымды
Әуелі танып алып оң мен солды.

Ал енді маған ондай оқу қайда,
Ақысыз кім оқытар көрмей пайда.
Ол кезде оқуымыз дін оқуы
Молдалар отырады жақсы жайда.

Молдалар қадірлі адам ауылдағы,
Ауылдың құрметтейді қауымдары.
Молдадай малшыларда құрмет барма
Жүрседе дауыл, боран жауындағы.

Астында молдалардың қалың көрпе,
Қалқыған ел үстінде ол бір ерке.
Қолына суды құйып, етік тартып
Қонған үй бәйек болар ерте - кеште.

Бар жақсы тамақтарын соған беріп,
Артықша сыйлай - тығұн тәуір көріп.
Жас болсын, кәрі болсын молдаларға
Барша жұрт бас иеді сөзіне еріп.

Көрем де молдалардың сыяпатын,
Тыңдаймын мен де ұйып хикаятын,
Ішкі сырын білмеймін сыртын көріп
Ұнатам сыртқа момын қампаятын.

Малдарды бетін сыйпап ала береді,
Ақшаны қалтасына сала береді.
Өліктің малын айдап келгендерге,
Білдіріп ырзалығын қала береді.

Бітіріп келді Ысқақ «Когалдашты»,
Бұхардан молдалығы дейді асты.
Көтеріп қалын Кәрсон төбесіне
Молдағып ортасына қойнын ашты.

Шалтасқа мешіт салды күмбірлетіп,
Тақтайлап астын - үстін дүмбірлетіп.



Сиятын 500 кісі бұл мешіттің
Шығарды «Мұкарабын» үңгірлетіп.

Қасынан медіресін тағы салды,
Кәрсондер аямады бұдан малды.
Жүздеген бала оқып медресінде
Аз жылда көп адамдар білім алды.

Шалтаста оқып жатыр жүздеп ұлдар,
Ішінен табылмайды іздеп қыздар.
Бәрі де ауқаттылар балалары
Өзінің қаржысымен келген бұлар.

Бірінші «Когалдаш» - дін оқуы,
Екінші «Мукараб» - имам орны.
Мендағы оқысам деп армандаймын
Пұлым жоқ төлей - тұғын ондай құнды.

Дариға сол заманда көрген күнің көр,
Құрысын мен сияқтылардың маңдайы сор.
Шалтасбен екі арамыз күншілік жер
Атың жоқ оған жаяу сен барып көр.

Барғанмен қабылдаса жарар еді,
Оқуға алса егер еңбек тері ағар еді.
Осылай көңіл шіркін алып ұшып
Көздерім көкті шарлап барады енді.

Кейде көк шарлап, кейде жерге түсіп,
Болсам деп мен де молда қиялдаймын.
Киер ем жақсы киім, тойып ішіп
Ойымды бір арнаға жия алмаймын.

Мен жүрмін бұл қиялға қолым жетпей,
Келе ме бақыт өзі талап етпей.
Бұхарадан 18 жыл оқымаса
Ысқақ та болмас еді кереметтей.

# ОҚУ ІЗДЕУ

Ақылын тоқтатпаған мен де жаспын,
Кім білсін не көрерін ғазиз бастың.
Мешітке мен де барсам қайтеді деп
Дұға ғой деп, жан анаммен ақылдастым.

Шалтасқа мен де барып көрсем дедім,
Бұйырған несібімді терсем дедім.
Көремін талаптанып оқу іздеп
Анажан маған ұлықсат берсең дедім.

«Ендеше жолың болсын бар» - деді анам,
Сол еді бұл күндегі менің панам.
Қаншама кетейін деп ойласам да,
Анамды қимаушы едім болып алаң.

Батасын береді маған ғарып анам,
Жолыңа жолдас болсын Қызыр бабам.
Ашылсын бақталайың сорлы жетім
Бастасын түзу жолға Ақтағалам.

Орнынан осыны айтып түрегелді,
Мойнына бұршақ салып бата берді.
Бұлақтай екі көзден жас сорғалап,
Сорлы анам қош айтысып қала берді.

Көп жыладым анамды мен де қимай,
Қай уақта көремін деп бұдан былай.
Жетімдік жоқшылықтың кеселінен
Барамын өз үйіме, өзім сыймай.

Шықпаған бұрын үйден бауыр басып,
Оңайма үйден кету, белден асып.
Қия алмай анашымды егілгенде,
Сүйегім бордай босап кетті жасып.



Шалтасқа енді қалай бару керек,
Не киіп, азыққа не алу керек.
Қолда жоқ, ойлағанмен табыла ма
Сұрасаң кім береді саған көмек.

Бұрынғы киіп жүрген киімменен,
Азықсыз қош айтысып үйімменен.
Оңла деп сапарымды жүріп кеттім
Жабыңқы ала көңіл күйіменен.

Ауылдан күндіз жаяу жүріп кеттім,
Бар еді көк байталы Ырымбектің.
Бермес деп сұрағанмен қауіптеніп
Сұрамай түнде келіп мініп кеттім.

Аяндап ара қонып Шалтас жеттім,
Оқуға қабылдар деп үміт еттім.
Көрмеген ауыл, қайда қонамын деп
Байталдың басын тежеп ойға кеттім.

Ауылда қара - ғұра қаптаған мал,
Ағын су жағасында қайың мен тал.
Қоршалған айналасы биік жартас
Табиғат өзі арнағандай «Мешіт сал».

Текшелеп қалағандай жақпар тасы,
Ағын су, саялы ағаш, дәл ортасы.
Орталық алаңқайда дәу мешіт тұр
Қызықты қоршалған тау айналасы.

Ойлаймын қандай үйге барсам екен,
Біреуін танымаймын бәрі бөтен.
Ауылда жағалата көзбен шолып
Таянып жүріп келем тепең - тепең.

Қаптап жүр біреу кіріп, біреу шығып
Біреулер шаруа істеп жүр оғып - бұғып.

Кешкі асқа бұл мезгілде қам жасалып
Әр үйден будақтайды түтін шығып.

Тамақ қой жолаушының ойлайтыны,
Белгілі келсе қонбай қоймайтыны.
Қарны ашып келген кейбір қонақтардың
Мәлім ғой аз тамаққа тоймайтыны.

Кез болар бір үй деп көп ойладым,
Бір қамын қу тамақтың жеп ойладым.
«Жығылсаң нардан жығыл» - деген сөз бар
Қонайын өз үйіне деп ойладым.

Бекініп осы ойымды мақұл көрдім,
Молданың өз үйіне жақын келдім.
Бір талға көк байталды байлай салып
Әдеппен үйге кіріп сәлем бердім.

Кірген соң үй ішіне көзді салдым,
Алғашқы көргенім сол оның алдын.
Есіктен кірген бетте қол қусырып
Молданың тағзым етіп қолын алдым.

Бір қарап үлкен молда ала көзбен,
Ықылас білдірмеді жылы сөзбен.
Ала ма ілтипатқа мен сияқтыны,
Жүдеубас, бір жетімді үйден безген.

Көп екен қонақтар да төрде отырған,
Әртүрлі әңгіме айтып кеңес құрған.
Жағалай бәрінің де қолын ұстап
Отырдым босағаға бостау тұрған.

Айтпады які «отыр», які «кет» деп
Молдаға қарамаймын тура беттеп.
Әйтеуір «үйден шық» деп айтпаған соң
Отырдым үйренгендей бойым ептеп.



Топырлап біреу кіріп біреу шығып,
Дамылсыз есіктерді ұрып - тығып.
Отырмын торға түскен торғайдай боп
Қонақтардың ең шетінде мен де бұғып.

Бір кезде сары самауыр келді қайнап,
Кез болдым дастарханға тағдыр айдап.
Шайының жабдықтары түгел екен
Қарасам көз қырыммен бір абайлап.

Қонақтар дастарханға жақындасты,
Бас изеп бірін - бірі мақұлдасты.
Мен - дағы шетін ала жақындадым
Қосылып қонақтармен ішуге асты.

Қысылып қымтырылып шайды іштім,
Құрметтеп елемейді мені ешкім.
Молда екен төрде отырған жуандарға
«Іш - іш» деп құйғызады үстін - үстін.

Қайқайып біраздан соң ет те келді,
Отырдық үстел қоршап ет жегелі.
Мол астан әжептәуір ауқат алдым
Әйтеуір бір жақсысы «кет» демеді.

Сол үйде мен де жаттым араласып,
Әрине, шеттеу жерге ара қашық.
Әйтеуір, өзімді - өзім сақ ұстадым
Оғаш іс қылмайын деп қара басып.

Жайғасып ұйқы қанып баптанысты,
Қонақтар шайдан кейін аттанысты.
Бәрі де қол қусырып қош айтысып
Молдамен кезек - кезек қол алысты.

Оңаша болды молда қонақ кетіп,
Барады отырғанмен уақыт өтіп.

...УДАНЫ ӘКІМДІГІ
ШЕТ АУДАНЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ БӨЛІМІНІҢ
«ШЕТ АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН
КІТАПХАНАЛАР ЖҮЙЕСІ» КММ
№ 20808

Арызымды неде болса айтайын деп
Ойланып өзіме - өзім алдым бекіп.

Әрине, молда биік мен аласа,
Отырмын болып қайран таң - тамаша.
Тағзыммен таяу келіп арыз еттім,
Болған кезде молдекең үйде оңаша.

Руым Дүзей, мен бір жетім едім,
Ауылдан оқу іздеп кетіп едім.
Сіз ашқан медреседен оқысам деп,
Әдейі жаяу -жалпы жетіп едім.

«Алшынбай, Қара - еспе» мекеніміз
Белгілі кедей ауыл екеніміз.
Қозыбақ, Дүзей менен бір туысқан
Болмаймыз сіздің - дағы бөтеніңіз.

Сөзімді тыңдап алып Ысқақ молда,
Ойланып қарап алып оң мен солға.
Бір кезде маған қарай жауап қатты.
Оқитын қаражатың бар ма сонда?

Мен айттым даңқыңызды ерте ұқтым,
Әрине, соның үшін іздеп шықтым,
Қолғанат бола жүріп оқысам деп.
Келіп ем саясына бұл мешіттің.

Молдаекең жауап берді маған қарап,
Оқуды іздегенің жақсы талап.
Жоқ болса қаражатың оқымайсың,
Ақысыз бос орын жоқ ішер тамақ.

Орнынан соны айтты да түрегелді,
Далаға ыңғайланды шығуға енді.
Осыдан басқа ешбір жауап қатпай,
Желбегей үйден шығып жүре берді.



Бұл үйде отыратын енді не бар,
Басқандай болды ауыр қайғымен зар.
Ілгері басқан аяқ кейін кетіп
Далаға зорға шықтым кең дүние тар.

Жеткенше болып еді оқу арман,
Тілегім орындалмай ойға алған.
Шығып ап, онашаға көп жыладым
Жетімдік, кедейшілік, шіркін жалған.

Амалсыз көк байталға қайта мініп,
Мешіттен күдер үзіп кеттім жүріп.
Біле алмай енді қайда барарымды,
Келемін ақыл таусып, жүйкем құрып.

Мешітке мұнан бұрын келгенім жоқ,
Әйтеуір, тірі қайттым өлгенім жоқ.
Түңіліп мешіттен де, молдадан да,
Мешітті сонан кейін көргенім жоқ.

## ТАҒЫ ДА ОҚУ ІЗДЕУ

Ойлаймын енді қайда кетсем екен,
Бір жерге оқуы бар жетсем екен.
Арманым қатарымнан кейін қалмай
Дүниеден ел қатарлы өтсем екен.

Шалтастан қайтып келем көңіл суып,
Өкінем апарғандай біреу қуып.
Жете алмай ой түбіне ойлай - ойлай,
Таянып ауылға да келдім жуық.

Ретін тапсам екен енді ненің,
Бар еді тағы да бір естігенім.
Байменде Омарұлы деген бір бай
Тұрағы мекен еткен «Өспен» кенін.

Ол кезде Дін ордасы Бұхар Шарып,
Күмісбек деген молда соған барып.
20 жыл сонда оқып елге келген,
Оқуға көп өмірін етіп сарып.

Байменде Күмісбекті қолына алып,
«Өспен» де медіресе мешіт салып.
Оқытып жатыр дейді медреседе
Панасыз жетімдерді жинап алып.

Жетімді қаражатсыз жыйып теріп,
Аяйды сорлы болған қалін көріп.
Байменде осыларды оқытады
Өзінің байлығынан үлес бөліп.

Ойлаймын бұл не деген қайрымды бай,
Болсайшы байдың бәрі тап осындай.
Осының карауына мен де барсам
Армансыз болар едім, о, шіркін - ай.

Осылай естігенде қызығып ем,
Барсам деп соған жылдам асығып ем.
Шалтаста сондай оқу бар деген соң,
Алдымен соған қарай бұзылып ем.

Шалтасқа босқа бардым әуре - сарсаң,
Білмеймін не етерімді осы қарсаң.
Ауылға көк байталды тастай салып
Ойландым осы бетте «Өспен» барсам.

Осы оймен түнделетіп үйге келдім,
Анамды аман - есен келіп көрдім.
Баяндап бастан - аяқ көргенімді
Қалдырмай бәрін тегіс айтып бердім.

Жылқыға көк байталды қостым барып,
Қосылды үйірлерін о да танып.



Себебім түнде баған, көріп қойса,
Ірекең сабар дедім ашуланып.

Анама ойымды айттым Өспен бармақ,
Бекітіп осыменен келдім арнап.
Оқуға қабылдай ма, бос қайтам ба?
Тәуекел «дариясына» салдым қармақ.

Жетесің оған қалай деді шешем,
Бара алсаң жарар еді аман - есен.
Аман бол, қайда жүрсең бар, шырағым
Жолама бұзық іске мені десең.

Аулақ бол ұрлық пенен, өтіріктен
Ешқайда бара алмайсың өтірікпен.
Тұтылсаң құтылмайсың жайыңа жүр
Мақал бар «ұрлық түбі қорлық» деген.

Батасын беріп анам қала берді,
Басқа ақыл, көңіліме сана берді.
Ауқат қыл шаршағанда қарағым деп
Тамағын азын - аулақ және берді.

Атым жоқ міне - тұғын кеттім жаяу,
Уайым көңілімде қайғы - қияу.
Жас күнде жалығу да, шаршау - да жоқ
Күн бар ма үйде отырып жанды аяу.

Қолға алып ақ таяқты жүріп кеттім,
Оқуға түсем ғой деп үміт еттім.
Үш қонып жолдағы елге жаяу жүріп
Өспенге төртінші күн зорға жеттім.

Болмады бұл сапарда жолым тағы,
Оқуға жете алмады қолым тағы.
Оқиды жетім бала тегін деген,
Өтірік екен, о да сорымдағы.

Бименде мешіт салу ырыс екен,
Күмісбек молда мешіт мұрасы екен.
Пұлы жоқ жетім бала оқымайды
Оқитын ауқаттылар баласы екен.

## АТ БАҒУ

Білмедім кетерімді енді қайда.
Құр босқа қаңғырудан қанша пайда.
Өспенде жүріп жатқан қызу еңбек
Осыдан маған жұмыс табылмай ма.

Жұмысқа жарлы - жалшы келеді екен.
Дәрігерлік комиссия көреді екен.
Жұмысқа жарамды деп қабылдаса,
Қолына справка береді екен.

Оларды әр жұмысқа бөледі екен
Шахтаға мықтыларын береді екен,
Олардан әлсіздеу деп табылғаны
Шахтадан шыққан тасты тереді екен.

Шпорды соқпасам да шахта барып
Шамамның тас теруге келері анық,
Көрді де оң қолымның кемшілігін
Жіберді қабылдамай бос шығарып.

Жұмысқа түсе алмадым қолым болмай
Мен жүрмін қайда барсам жолым болмай,
Қарын аш, киім тозып арып аршып
Болып жүр не қылғанмен ісім оңбай.

Әр жерден оқу іздеп басты шаттым
Қаңғудан басқа қандай пайда таптым
Жалданып ақыры онда бір орысқа
Қорасын тазалап бір атын бақтым.



Бес теңге айлық ақым алған онан,
Жатамын өз үйінде тамақ сонан.
Қожайын Петр деген адам дәрігер
Байсалды мейірімді жақсы адам.

Білмеймін орыс тілін кемшілік сол,
Үйретті жұмыстарын бір - екі жол.
Түсініп бірте - бірте іс үйреніп
Жұмысты істеп кеттім мен қолма - қол.

Петрдің үйі маған жайлы болды.
Тамақпен жатар орын сайлы болды
Сыртында «Букварь» деп жазуы бар
Кітапты Петр бір күн әкеп берді.

Ішінде неше түрлі суреті бар
Көрсетті Петр маған «көзіңді сал»,
Басылған бадырайтып әріптерді
Деп айтты «мыналарды үйреніп ал».

Үйретті жеке - жеке әріптерді
Молдадай маған сабақ беріп көрді.
Айтқанын екі айтқызбай ұғып алып,
Үйрендім бірте - бірте бұл өнерді.

Бір айда бір сыпыра әріп танып,
Көрсеткен таңбаларды танып алып.
Және де қарындаш пен қағаз берді,
Қағазға таңбаларды көр деп салып.

Үйрендім сөйте - сөйте «Букварьды»,
Айнытпай сызып жүрдім таңбаларды.
Жалықпай Петр әкем үйретеді,
Демалыс кездерінде осыларды.

Үш айда әріптерді түгел танып,
Қағазға әріптерден таңба салып.

Жаюға күрең атты әкеткенде
Кетемін «Букварьды» бірге алып.

Бұл орыс хат танып көзімді ашты,
Қазақтың молдасынан мынау асты.
Әдейі оқу іздеп барғанымда,
Ысқақтан көре алмап ем ықыласты.

Баласы ұлы орыстың Петр еді,
Панасыз мен бір жетім - жесір едім.
Қаңғып жүріп жалданған қазақ демей,
Іш тартып жақсы көріп кетіп еді.

Үйі де өз үйімдей болып еді,
Көңілім ықыласына толып еді.
Тамақ тоқ. Киім бүтін уайымсыз
Көкейге «Букварь» қонып еді.

Осындай бауырмал ғой орыс халқы,
Ұлттарды алаламау оның салты.
Өтірік, ұрлық болмай адал жүрсең,
Еш қашан бұзылмайды дұрыс қалпы.

Петрдің он ай бақтым күрең атын,
Үйреніп бір - біреуге болдық жақын.
Желісқор шапқан атқа жеткізбейді,
Деуші еді күрең атты «Трапатун».

Петрдің жайлы болды үйі маған,
Тамақ тоқ, ақша да бар киім алам.
Бір кезі жай матаның 5 - 10 тиын
Ботинка, костюм - шалбар киіп алам.

Сұм тағдыр көпсінгендей осы жайды,
Дегендей мынау саған ұнамайды.
Өспеннен ауысатын болды Петр,
Тағы бір маған ауыр түсті қайғы.



Бірге жүр деді Петр маған еріп,
Өзіңді оқытармын киім беріп.
Інімдей қолқанат боп бірге жүрсең,
Кетесің адам болып әрне көріп.

Жыладым балалықпен жасым тыймай,
Уайым сырқа шықты ішке сыймай.
Кетуге алыс жерге жүрексіндім,
Амалсыз Петр - дағы кетті қимай.

Өкіндім бұл ісіме өткеннен соң,
Өспенен Петр көшіп кеткеннен соң.
Түсеме қолға қайтып, өкінгенмен
Бақытты басыңдағы тепкеннен соң.

Үй қайда жата - тұғын, киім қайда
Өкіну өткен іске бермес пайда.
Жүрсем де жоқшылықтың дағын тартып
Бермейді ешкім ақыл осындайда.

Оқу жоқ, кәсіп те жоқ ашып - арып,
Ылажсыз үйге келдім көп сандалып.
Бір көйлек, бір қағаз шай әкелгенде,
Мәз болып қуанады анам ғарып.

## СЫПАТАЙДЫҢ КӨК ШОЛАҒЫ

Азырақ осы жерге аялдайын,
Айтуға шындық сөзді аянбайын.
Іздеуге енді оқуды қоя тұрып
Сыпатай көк шолағын баяндайын.

Кедейдің ол кездегі көрген күні,
Ит қорлық бекер демес ешкім мұны.
Я жүйрік, яки шешен болса дағы
Шықпайды жүрсе шаңы, сөйлесе үні.

Осындай біздің ауыл еді кедей,
Кедейді не деуші енді кедей демей.
Малы жоқ, ең болмаса егін салып
Күн кешті қарны тоя нанды жемей.

Аты бар, соқасы бар бай ағайын,
Біледі астықтың да алу жайын.
Жаз болса бес төбеге егін салып,
Көп астық алып жүрдік жыл - жыл сайын.

Сол кезде әркім егін салып жүрді,
Егіннен көп пайда да қалып жүрді.
Кей біреу бір пұт бидай өнімінен
Қырық пұт, одан да артық алып жүрді.

Келешек болар екен қандай күйде,
Ат та жоқ, тұқым да жоқ, біздің үйде.
Салуға біз де егін талаптандық,
Яки ат жалдап алып, яки түйе.

Тұқымға пұт жарымдай бидай тауып,
Ырзықты көрейік деп жерден сауып.
Біз - дағы ел қатарлы дайындалдық
Шыға ма, шықпай ма әлде, о да қауіп.

Ырзықты жер анадан термек болып,
Бақ сынап не де болса көрмек болып.
Баймұрат Сыпатайдың көк шолағын
Жалдадық он пұт бидай бермек болып.

Әкеміз көк шолаққа мініп алып,
Астына тұқым бидай алды салып.
Қосылып егін салған ағайынмен
Аз күнде егін салып қайтты барып.

Жақсылық әкелгендей осы көктем,
Пұт жарым бидай еді жерге сепкен.



Қарнымыз ішпей - жемей тойып қалды,
Келгендей ырзық бізге түсіп көктен.

Кедейден арылмаған қырсық қандай,
Басылған қарғыс таңба қу сор маңдай.
Біз үшін қаса - қана егескендей,
Жаз бойы тұрып алды жаңбыр тамбай.

Жоқшылық сергелденген тағы салды,
Сәтсіз боп еткен еңбек қырсық шалды.
Тоямыз күзде нанға деп жүргенде,
Сорлатып салған егін шықпай қалды.

Қырсықтың бір үлкені тағы келді,
Сыпатай жуан ата өзі белді.
Майы үшін көктемдегі көк шолақтың
Алашақ он пұт бидай суарады енді.

Жалынып әкем байғұс көп жалбарып,
Он күнде келдім деді егін салып.
Берерлік бидайымыз болмай отыр,
Қырсық боп егініміз шықпай қалып.

Ағайын әзір қыспай жайға қара,
Аш отыр нан таба алмай қатын - бала.
Сөз айтпай он пұт бидай берер едім
Қайтейін шықпай қалды бар ма шара.

Сыпеке біз ылақ. Сіз - жер емес пе,
Сіз бізге қарағанда нар емес пе.
Жазғы аттың майын жаудан аяма - деп
Өсиет бұрынғыдан бар емес пе?

Сыпатай жалынғанда құлақ салмай,
Кетпеймін деді аттың майын алмай.
Егер де он пұт бидай таба алмасаң
10 пұтқа 10 қой төле деді ұялмай.

Шошынып мына сөзге әкем ғарып,
Қарады Сыпатайға көзі аларып.
Шынымен айтып тұр ма дегендей ақ
Абайлап әлпетіне назар салып.

Тағы айтты кішілікпен хал - жағдайын,
Беретін қойда жоқ қой қолда дайын.
10 қойды қайдан тауып беремін деп
Өзіне салып отыр сөз ыңғайын.

Бір үйде 6 - 7 жанымыз бар,
Бары сол тайлы - бие малымыз бар.
Карсөннің бәріміз де баласымыз,
Ағайын аямасаң тайымызды ал.

Атыңды аман қостым он күн мініп,
Жүдетпей бас арқасын бүтін қылып.
Ағайын аямасаң он қой үшін
Кетіңіз сонымен бітім қылып.

Әкеміз жалынышты айтты сөзін,
Аяр деп жаутаңдатты оған көзін.
Бұрқырап одан әрі Сыпатай да
Көрсетті жуан ата ер мінезін.

Ақымды берер болсаң қолдан алам.
Бермесең күні ертең жолдан алам.
Қайтсең де он пұт бидай, не 10 қойды
Бересің аш көзіңді деді «бәлем».

Талқыға аласымды сала алмаймын,
Ақымды алмай босқа қала алмаймыи.
Бітісу керек болса биеңді бер
Тайыңды он қой үшін ала алмаймын.

Сыпатай тай алмады, бие алам деп,
Ешкімнен ойламады ұялам деп.



Үн қатпай әкейдағы қала берді
Биені айта алмады қиалам деп.

Сыпатай ашуланып тұрып кетті,
Атына мініп алып жүріп кетті.
10 қойды қайтсем сенен аламын деп.
Жөнелді жауласуға бұрып бетті.

Ақ нанға астық алып тоямыз деп,
Қырсықты осыменен жоямыз деп.
Пұт жарым бидай салып қарық болып,
Ойлап ек жарылқана қоямыз деп.

Ойлаған ол ойымыз болмай қалды,
Өкіндік іс өткен соң соғып санды.
Үстіне жығылғанның жұдырық деп,
Ойда жоқ он қой борыш қосып алды.

Егінді үмітпенен салғаны рас,
Сол жылы шықпай қалғаны рас.
Ішерлік елде астық болмаған соң
Бір пұт бидай бір тоқты болғаны рас.

Сыпатай ерегіссе алар қоймай,
Аямай ма жыласаңда салып ойбай.
Әлділер кімге рахым етуші еді
Зорлықпен мал жинаған көзі тоймай.

Бір түнде көк биені ұстап алып,
Кетіпті көп қайғырдық білмей қалып.
Ұрам деп қайта қуып жіберіпті
Артынан сұрап еді әкем барып.

Он күнге аттың несі кетер еді,
Бір қой да соның майын өтер еді.
Шіркін ай, күштілерде рахым жоқ ау
Болмаса семіз тайда жетер еді.

Жатқан кез әлсіздерді өлді талап,
Кемдіктің тауса алмаймын бәрін санап.
Алдым ор, артымда көр барар жер жоқ
Қайғының қара бұлты тұрды қамап.

Өмірдің еске түссе осы кезі,
Боласын жиіркеніп онан мезі.
Айтасың кімге барып арызыңды,
Күшітінің қайда барса қабыл сөзі.

Отырған бір үйлі жан соған қарап,
Айрылып көк биеден қалдық жылап.
Күш қайда онан теңдік ала - тұғын
Бермеді жалынғанмен қанша сұрап.

Көріп ек далбаса істеп оғып - бұғып,
Келе ме бір кеткен соң қолдан шығып.
Беруге он пұт бидай таппаған соң,
Көк бие Сыпатайға кетті сіңіп.

Сұм тағдыр бізді ойыншық ете берді,
Қу өмір ит қорлықпен өте берді.
Он күнге мінген аттың майы үшін,
Көк бие жылай - жылай кете берді.

## ӨЗІМІЗДІҢ КӨК ШОЛАҚ

Ол кезде ел арасы дау мен жанжал,
Бөлінген партияға болып дал - дал.
Қолына күштілердің түсіп кетсе
Үйірге қосылмайды бір кеткен мал.

Бастайтын партияны байлар еді,
Еркінше «Сарыарқаны» жайлар еді.
Өзімен партиялас жуандарды
Би болыс старшынға сайлар еді.



Кәрсөннің байлары көп шалқып жатқан,
Бай емес сол малдарды жалшы баққан.
Алдырмай ұрыларға, бөріге де
Сақтаған күні - түні түспей аттан.

Не керек мал қызығын бай көреді,
Теңімен деп бірін - бірі сай көреді.
Тұрса да сол байлықты өзі сақтап
Жалшылар ит қорлықпен күн көреді.

Есіріп сол байлыққа асып - тасып,
Байлығы біреуінен біреу асып.
Бүлдіріп елдің ішін партия боп
Жауласқан болыстыққа бақ таласып.

Түсіпбай барлық байдың серкесі еді,
Ұсынса қол жетпейтін өркеші еді.
Басқалар байлығына тең келмейтін
Мастанған байлыққа ел "Еркесі" еді.

Түсіптің бір мінезі барды «қызық»,
Бұл мінез қызық емес өте бұзық.
Жазықсыз сабап алып кейбіреуді
Астына жібереді ат мінгізіп.

Аулына күнде қонақ кеп тұрады,
Келгендер бұйырғанды жеп тұрады.
Арқасы кей біреудің босқа қышып
Түсекең сабаса екен деп тұрады.

Түсіптің сабағаны қорқытқаны,
Ол күнде байлар кімді қорқытпады.
Ұрып ап, ат мінгізгіп жібергені,
Тартыста болу керек соның жағы.

Кедейге байлар аяп бермейді асын,
Асымен сатып алмақ елдің басын.

Көбейтіп партияда қолдау үшін
Сайлауда болыстықтың алмақ тасын.

Кәрсөннің бір баласы Танабайды,
Түсекең Танабайда ірі байды.
Таласып болыстыққа талай жеңген
Өзімен бәсекелес Аралбайды.

Түсекең дәулетіне болады мас,
Байлықпен өз қолына жиылған тас.
Үздіксіз 25 жыл болыс болды
Інісі Түсіпбайдың Садуақас.

Күшті ру ұйымдасқан Аралбайда,
Тең түсіп таласатын Таңабайға.
Кей жылы болыстықты жеңіп алып
Қыруар көретұғын онан пайда.

Кім болыс болсадағы бай болады,
Болыстың төрт түлігі сай болады.
Егескен партиясын жеңіп алып
Көңілі жеңген жақтың жай болады.

Сайлауда бірі жеңіп, бірі қалсын,
Жеңгені болыстықты мейлі алсын.
Кедейге кесапаты тимесе екен
Күштілер арпалыссын, күйсін - жансын.

Кейде партиядан жай қалмайды,
Болам деп өзі болыс ойланбайды.
Сайлауда сен жағында боламын деп,
Еркелеп байға барып жайраңдайды.

Ат беріп асын беріп аузын майлап,
Кедейдің осыменен қолын байлап.
Байлар да кедейлерге «мейірманды»
Болыс қып шығарғанша өзін сайлап.



Байлар да көрінгенге бермек емес,
Кедейді үй басына термек емес.
Он басы, елу басы дегендер бар
Бір ру соңына ергей, етпей егес.

Кедейді іш тартады тілге келген,
Бас иіп, сөз қайырмай соңына ерген.
Көнбесе ұрып - соғып күш жұмсамайды
Бір талай төбелестен адам өлген.

Мал үшін байға барын арын сатқан,
Екі елде егес қылып пайда тапқан.
Сондай бір қу ауыздының кесірінен,
Айрылып қалып едік жалғыз аттан.

Ойласам байдың қылған сорлық ісін,
Еріксіз өртенеді күйіп ішім.
Сөз еттім сол себепті ру жігітін
Жағдайын көк шолақтың айту үшін.

Айрылып көк биеден қалып еді,
Қайғырып бір үйлі жан налып еді.
Көк биенің тайынан басқа мал жоқ
Демеңдер атты қайдан алып еді.

Тағы да жылқысының бәрі көк деп,
Кей біреу ойлап қалар өтірік деп.
Бір ауыз өтірік жоқ болған жағдай
Жалған сөз қосқаным жоқ ешбір ептеп.

Жыл сайын ағайындар егін салар,
Егіннен ішермендік астық алар.
Біз - дағы егін салу ойласақ та
Көлік жоқ әкем оны қайдан алар.

Бұл кезде тұрмыс бізді қатты қысты,
Қайғысы кедейліктің жанға батты.

Шалғымбай дей - тұғын бір Тарақтыға,
Күлшімді 13 жасар, малға сатты.

Қалыңға 3 - 4 қара малын берді,
Күлшімді алмай тұрып күйеу келді.
Ағасы Шалғымбайдың екіншіге,
Алам деп жесірімді іздеп келді.

Қыз бер деп кәрі құда әлек салды,
Бермесең қайтар деді алған малды.
Не малды не жесірді аламыз деп
Тарақты бір топ кісі жатып алды.

Жер дауы, жесір дауы әуел бастан,
Бүлініп осы даумен ел ұласқан.
Қым - қыйғаш екі жағы барымта алып,
Қазақтың рулары көп таласқан.

Осы дау біздің баста болып отыр,
Тарақты жесір даулап келіп отыр.
Не жесір не малымды қайтар деген,
Қазақша дауы толық болып отыр.

Не малын, не жесірін беру керек,
Екінің біреуіне көну керек.
Деп бізге зіркілдейді ағайындар,
Бұзасың Қазақ заңын қалайша деп.

Тарақты ырза болмай кетсе егер,
Барған сон аттанып кеп барымта алар.
Малың жоқ қолда сенің неңді алады
Күйдіріп сендер үшін бізді табар.

Жеп қойдың қалың малды, бер қызыңды
Барымта бола қалса ел бұзылды.
Жесір беріп тып - тыныш Тарақтыға
Құлақтан кеттірейік бұл ызыңды.



Осындай ақыл айтты әр ағайын,
Әсіресе малдары бар ағайын.
Малымыз барымтаға кетеді деп
Бәрінен болды бізге сор ағайын.

Бере алмай қатын үсті, өзі шалға,
Сорлы әке қалса - дағы ауыр қалда.
Беруге қызды ақыры көндірді жұрт,
Амал жоқ, болғаннан соң берер малда.

Күлшімді 60 - тағы шалға берді,
Болса да қатын үсті малға берді.
Қыршын жас қызғалдақтай көктей солып,
Қайғыдан көп ұзамай барып өлді.

Кетеді соны ойласам ішім жанып,
Бауырды ұмытады адам не ғып.
Доғарып осыменен Күлшім жайын
Келейін көк шолаққа қайта айналып.

Қалыңға көк шолақты алған едік,
Егінді соныменен салған едік.
Сол жылы салған бір пұт бидай шығып,
Алуға соны жинап барған едік.

Көк шолақ жүйрік еді әжептәуір,
Болып жүр жануардың жұмысы ауыр.
Егінге соны мініп келіп едім,
Азырақ бас арқасы болды жауыр.

Жалғыз ат қолға түскен өліп - талып,
Жүремін сылап - сыйпап күтімге алып.
Түн болса көк масақты үйіп қойып
Жатамын аяғына кісен салып.

Масақ жеп тұнық судан еркін ішіп,
Қон бітті көк шолаққа көзге түсіп.

Елеңдеп жан - жағына құлақ түріп
Кей - кейде жер тарпиды іші пысып.

Кез еді егін алып болып қалған,
Алды үш, арты бір пұт бидай салған.
Кей біреу босқа жатыр көлік тосып,
Егінін алда қашан алып болған.

Қаптайды қалың торғай жасап жорық,
Құриды титығымыз егін қорып.
Ертеден кешке дейін дамыл көрмей
Шаршаймыз қол орақпен бидай орып.

Сонымен жатыр едік егін алып,
Бір түні боп тұр еді айда жарық.
Атылған көп мылтықтың даусы шықты
Егінші елеңдедік тыңдай қалып.

Үздіксіз мылтық даусы тарсылдады,
Сол тарсыл көпке дейін басылмады.
Естілді жақын жерден атылғандай,
Секілді атып жатқан қасыңдағы.

Үрпиіп егіншілер бәрі тұрды,
Барлығы бір орынға кеп жиылды.
Не ғажап түнде атылған көп мылтық деп,
Отырып алқа қотан кеңес құрды.

Айтады біреу оны, біреу мұны
Мылтықтың басылмай тұр атқан үні.
Айтады бір егінші ұры шығар
Ел торып малын алған осы түні.

Ұрылар теліге ойран салған шығар,
Біреудің жылқысын кеп алған шығар.
Артынан мал иесі қуып жетіп
Арада ұрыс - жанжал болған шығар.



Кейбіреу теріс дейді оның сөзін,
Айтасың әлде нені сенің өзің.
Көп мылтық осыншама елде барма
Қиынсыз сөйлейтұғын бар мінезің.

Қартаңдау бір егінші былай деді,
Сақтасын бұл пәледен құдай деді.
Менің бір естігенім бар еді деп
Көсемсіп көпті көрген сөйледі енді.

Орыстар немістер мен төбелесіп,
Жатыр деп естіп едім шекелесіп.
Солардың атысқаны боп жүрмесін
Жеңуге бірін - бірі ентелесіп.

Бұл сөзге бір жас жігіт сақ - сақ күлді,
Ақсақал тауып айтты барлық шынды.
Бірнеше мың шақырым шекарадан
Жеткенін мылтық даусы қалай білді.

Кенеттен осылайша жігіт сөзбен,
Қарады қарияға мысқыл көзбен.
Атыстың не себепті боп жатқанын
Секілді болды бізге бұрын сезген.

Ол өзі жігіт еді көзі ашық,
Бірақта жоқшылықпен жүрген жасып.
Қобалжып ақсақалға нанып қалған
Тоқтатты кей біреуге көңілін басып.

Айтайын деді жігіт мұның жайын,
Солдатқа барамыз деп қылма уайым.
Бұл мылтық орыс - неміс соғысы емес
Атысқан Аралбаймен, Таңабайың.

Бастаған төбелесті Аралбайлар,
Атысқан оған қарсы Таңабайлар.

Япырау осыларға не жетпейді
Құтырған шығар дейміз мына байлар.

Шіркін - ау адамды адам ата ма екен?
Атуға оған қолы бата ма екен.
Жазықсыз қыршын жастар оққа ұшып
Боялып қызыл қанға батама екен.

Кеңесіп осылайша көп отырдық,
Оқ тиген жанның қамын жеп отырдық.
Өзімен кетсін байдың партиясы
Өзіміз аман болсақ деп отырдық.

Отырдық күзеткендей осы кешті,
Мылтықтың біраздан соң үні өшті.
Болғанда түн ортасы ұйқы келіп
Жігітгер дамылдайық тара десті.

Мендағы ол арадан кетіп қалдым,
Атыма кісендеулі жетіп бардым,
Айқара жаман тонды жамылдымда
Алдына көк шолақтың жатып қалдым.

Ұйықтамай көпке дейін ойлап жатып,
Әртүрлі көмескі көп ойға батып.
Ер жастық, тоқым төсек, тоным көрпе
Қалыппын таңға жақын ұйықтап қатып.

Тарс етті бір мезгілде дәл үстімнен,
Ояндым шошынғандай мен түсімнен.
Қамшының тонға тиген тарсылы екен
Ұрыпты ол оятуға ат үстінен.

Шошынып тез ояндым көзімді ашып,
Орнымнан түрегелдім асып - сасып,
Басымда «Албастыдай» бір адам тұр
Тұрғызбай қалатындай мені басып.



Егессе ел шабатын жер құдайы,
Белгілі бұрыннан - ақ елге жайлы.
Мөңкенің Тұрсымбегін тани кеттім
Атақты Боранқұлдың поштабайы.

Ауылға бұрын талай келіп жүрген,
Көк атты жағалатып көріп жүрген.
Әр кімдер Тұрсымбектен қорыққаннан
Қайтармай сұрағанын беріп жүрген.

Сұм тағдыр тағы тұзақ құрған екен,
Қос қолдап төбемізден ұрған екен.
Алуға көк шолақты ебін тауып
Тұрсымбек соған келіп тұрған екен.

Винтовка түсі суық алған асып,
Дегендей құтылмайсың менен қашып.
Мінемін ылау атқа жылдамырақ
Бер деді кісенінің кілтін ашып.

Бұл атты ағатай - ау қайдан алам,
Ылауды сізге ілесер қайдан табам.
Жағдайдың бастан аяқ бәрін айтып
Атымды қалдырыңыз деп жалынам.

Тұрсымбек шаш ал десе басты алады,
Кедейді әлі жеткен бассалады.
Жалынып, жалбарынып, жыласам да
Жарлының жалғыз атын тастамады.

Кеткендей Тұрсынбектің мысы басып,
Мен тұрмын ылаж таппай желке қасып.
Тұратын оған қарсы шамам болмай
Кісенді өз қолыммен бердім ашып.

Әркіммен оңашалап кеңеседі,
Білмеймін кеңескенде не деседі.

Қалады келген ауыл үрпиісіп
Өздері екеу - үшеу сөйлеседі.

Оңаша сөйлесуде бар ғой бір сыр,
Әйтеуір тегін емес осы гүбір.
Қараулап жүрген қалың Аралбайды
Түндегі атыс бекен салған дүбір.

Боларын бір сұмдықтың енді білдім,
Соңынан үміт үзбей тағы жүрдім.
Болғанда кіші бесін ақ ордалы
Үстінен келіп шықтым бір ауылдың.

Ортада ақ орда тұр сегіз қанат,
Қалың мал ауыл көркі сән - салтанат.
Үйлердің арасына керме құрып
Байлаулы қатар - қатар сайгүлік ат.

Кермеге Көкшолақты байлай салып,
Тұрсымбек ақ ордаға кірді барып.
Ол үйге біраздан соң менде кірдім
Тұрсымбек шықпаған соң көп алданып.

Адамға толған екен үйдің іші,
Жиналып отыр екен үлкен - кіші.
Орын жоқ босағада тұрып қалдым
Ешкімнің меніменен болмады ісі.

Бұл ауыл ордасы екен Боранқұлдың,
Біле алмай не екенін бұл жиынның.
Жалтақтап торға түскен торғайдай боп
Елеусіз босағада мен де тұрдым.

Боранқұл сөйлеп отыр бастап сөзін,
Басқалар тыңдап отыр алмай көзін.
Өр кеуде Аралбайдың қол басшысы,
Өзгеден ұстап отыр жоғары өзін.



Қалың бет, Қалмақ басты тұтас мойын,
Денесін сомдап соққан бейне шойын.
Жағалап отырған көзбен шолып
Істемек айтып отыр алдағы ойын.

Ал енді осы жиын қандай жиын,
Шешіліп жатыр мұнда қандай түйін.
Шешкелі жиналған ба көп Аралбай
Қайткенде жақсартуға елдің күйін.

Ол емес жиылғаны Аралбайдың,
Қорлығы өткен екен Таңабайдың.
Болыпты Боранқұлға түндегі ұрыс
Түскендей төбесінен оғы жәйдің.

Бастығы Алашорда Ақбай - Жақып,
Ауылында Қыдырбайдың көп күн жатып.
Түсібін Қыдырбайдың қолдайды екен
Олжаға белшесінен жүрген батып.

Қасында нөкері бар каруланған,
Сау емес нөкерлерде аурулардан.
Жатыпты қаздай қалқып бай ауылда
Көрсетіп ойын сауық алуан - алуан.

Өзі ұлық Жақып жүрген ел аралап,
Түсекең қойған оны көп паралап.
Тыиюсыз, ұры, қары, бұзақы деп
Шарыпты Боранқұлды көп қаралап.

Нөкері 40 жігіт өңкей мықты,
Бетіне ешкім келмей қойдай ықты.
«Алып кел осы ауылға Боранқұлды»
Деп Жақып нөкеріне бұйырыпты.

Жеткізген Боранқұлға біреу барып,
Ұстауға Ұлық сені дайындалып.

Жатыр деп бастан аяқ бәрін айтты
Қапыда қалмаңыз деп тұтқындалып.

Мұны естіп Боранқұлдың зәресі ұшты,
Түсіптен болды ғой деп бұл жұмысты.
Бұдағы тез қамданып жинап алды
Жүз жігіт Аралбайдан өңшең күшті.

Ұрысқа екі жақта араласты,
Нөкерді Боранқұлдың мысы басты.
Кейбірі жасауылдың қолға түсіп
Ұлықтар қиналып қатты састы.

Бір іске кірісерде белді байлап,
Қаруын мінетұғын атын байлап.
Үш аулынай ел тегіс жиналатын
Боранқұл айқаласа Аралбайлап.

Ат қойып «бауырым» деп келгені артық,
Тепкілеп терең қазып көмгені анық.
Түсіптің ауылына тұтқын болып
Барғаннан Боранқұлдың өлгені артық.

Боранқұл осылай деп бекітті ойын,
Оқ тиіп төледағы қанға тойын.
Жақып пен жауласуға бет түзеді
Үзілер яки арқан, яки мойын.

Күн батып болған кезде іңір жарық,
Боранқұл бой таласып аулақ барып.
Ұстауға нөкер қашан келеді деп
Ауылдан тұрды бұлар хабар алып.

Бір кезде дүбір шықты ауыл жақтан,
Айқайлап, ұйқайлаған, дабылдатқан.
Ауылға жасауылдар келген шақта
Хабаршы Боранқұлға тура шапқан.



Саусылдап жасауылдар келіп қалды,
Ауылды келген бетте қоршап алды.
Боранқұл қайда кетті, табыңдар деп
Қорқытты қатын, бала, кемпір - шалды.

Қабірін Боранқұлдың ала алмады,
Мейірі жұмыс бітіп қаналмады.
Келіп еді ұстап алып қайтамыз деп
Ауылдан Боранқұлды таба алмады.

Ауылды қоршап алды көп жасауыл,
Қарсылық көрсете алмай қысылды ауыл.
Тұрған соң анық біліп осы жәйді
Қалмады Боранқұлда енді сабыр.

Лап қойды жүз жігітпен ауыл жаққа,
Ауылды нөкер тінтіп жүрген шақта.
Көрген соң қаптап келген қалың қолды
Сескеніп жасауылдар мінді атқа.

Ұрысқа екі жақта аралысты,
Нөкерлерді Боранқұлдың мысы басты.
Кейбірі жасауылдың қолға түсіп
Қалғаны жан сауғалап тұра қашты.

Бет бұрып жасауылдар қаша берді.
Бес төбе, майқайыңнан аса берді.
Қорлықты қолға түссек көреміз деп
Мылтықты кейін қарап ата берді.

Оқ тиіп ат та өлді, адам да өлді,
Жақыпқа жасауылдар қашып келді.
Қарамай қолда қалған нөкеріне
Ақбаев Қарқаралыға тартып берді.

Түсіптен Жақып сыйлық алған екен,
Ұстауға Боранқұлды барған екен.

Орыс - неміс соғысы деп ойласақ
Аралбаймен жасауылдар жанжалы екен.

Бұл жиын ел талауда ақыл екен,
Бастайтын Боранқұлда «батыр» екен.
Түсіптің ауылын барып шабамыз деп
Аралбай дайындалып жатыр екен.

Бір кезде сөзге толас бола қалды,
Тұрсынбек сонда сөзді іліп алды.
Ей Батыр, маған құлақ салыңыз деп
Ойда жоқ бір сұмдықты айтып салды.

Ұрысқа араласып ауық - ауық,
Жеткізбей кеткен түнде оза шауып.
Сол жүйрік Жаймағанбет көк аты екен
Әкелдім деді соны бүгін тауып.

Қараңыз Тұрсынбектің қияпатын,
Істеген жала жауып қиянатын.
Жол тауып Боранқұлды шапқа ұрып
Жарлының алмақ болған жалғыз атын.

Боранқұл мұны естіп ашуланды,
Дуылдап талақ беті от боп жанды.
Іштегі зұлымдығы бетке шығып
Шабатын жолбарыстай ыңғайланды.

Құтырған екен Дүзей Түсіпке еріп
Түсіпке болған екен олар серік.
Жақтаса Таңабайдың партиясын
Алармын Дүзейлерді менде көріп.

Өртеніп жаным тәнім осы арадан,
Қалмады буындарым босамаған.
Еріксіз өзімді өзім тоқтата алмай
Шырылдап даусым шықты босағадан.



Іліктім шыға алмайтын құрған торға,
Қаптаған амал барма қалың сорға.
Тұрсынбек сізге өтірік айтады деп
Дірілдеп осы сөзді айттым зорға.

Ұрысқа Көк шолақ ат шабылған жоқ,
Сондықтан ешкім қуып жабылған жоқ.
Болмаса мылтық даусын естігенім
Атымнан түнде кісен алынған жоқ.

Біз жатқан егіншіміз егін алып,
Атыма жатқам түнде кісен салып.
Тұрсынбек ылауға деп мініп кетті
Ауылдан қайтарам деп мініп барып.

Боранқұл ашуланды мені көріп,
«Шық үйден шапшаң» - деді әмір беріп.
Бұл көк ат ұрысқа шабылмаса
Тілеубек алсын деді жанын беріп.

Тілеубек Дүзейдегі діншіл адам,
Санайтын өзін артық елден тамам.
Жан беріп, Боранқұлдан ат әпер деп
Алдына бара алмаймыз басып қадам.

Зарланып жалынсақ та күні - түні,
Ат түгіл болсадағы ердің құны.
Біз үшін Тілеубек кеп жан бермейді
Боранқұл анық біліп отыр мұны.

Кетеді «кет» дегенде итте шығып,
Боранқұл ашуынан қалдым бұғып.
Түйіні шешілмейтін қиын болды
Аламын Көкшолақты енді неғып.

Ақ үйден тысқа шықтым сүмірейіп
«Шық» деді шықпай қалай кідірейік.

Артымнан Тұрсынбек те қоса шықты
Тажалдай мені алатын үңірейіп.

Кермеден Көкшолақты шешіп алды,
Жетектеп өз үйіне алып барды.
Тигендей бір жолата меншігіне
Апарып белдеуіне байлай салды.

Далада үйге кірмей біраз тұрды,
Жан - жаққа көзін қадап құлақ түрді.
Болған соң абыр - сабыр басылғандай
Есінеп алдыдағы үйге кірді.

Қарғаймын Тұрсынбекті сірә оңбас,
Шіркіннің қайда барса жолы болмас.
Бар екен жыртық үйі қара құрым
Қамаса 90 торғай бірі тұрмас.

Жанына қараша үйдің мен де келдім,
Сүйеніп сол қораға біраз тұрдым.
Қарасам жыртық үйдің тесігінен
Тұрсынбек ұйықтағанын енді көрдім.

Білмеймін істегенім оңба, солма,
Істедім бір тәуекел артын оңға.
Дедім де ер тоқымын алып - тастап
Көк атқа жайдақ мініп түстім жолға.

Ауылдан ұзап шықтым мен бір талай,
Келемін арт жағыма қарай - қарай.
Дөң асып, бойым жазып алғаннан соң
Жөнелдім желіңкіреп қосқа қарай.

Бір кезде артымнан бір дүбір жетті,
Көкшолақ оны сезіп ыршып кетті.



Қолында есік - төрдей қайын сойыл
Тағыда қу Тұрсынбек қуып жетті.

Тұрсынбек болды менің нағыз қасым,
Жылаған ол неғылсын көздің жасын.
Далада қолға түссем оңдырмас деп
Жібердім Көкшолақтың енді басын.

Жануар Тұрсынбекке жеткізбеді,
Далада мені мазақ еткізбеді.
Әйтеуір аман - есен қосқа келдім
Шолақ - ой онан әрі өткізбеді.

Қай жаққа барарымды біле алмадым,
Еш айла озбыр күшке сала алмадым.
Егерде қаша берсем жеткізбес ем
Қашқын боп қостан безіп жүре алмадым.

Сондықтан қостан әрі өте алмадым,
Еш қайда паналайтын жете алмадым.
Тығылдым егіншілер болысар деп
Тастап та бидайымды кете алмадым.

Отырдым аттан түсіп, шылбырды ұстап,
Тұрсынбек жетіп келіп, салды қыспақ.
Көк атты тартып алып, жүріп кетті
Мен қалдым жау тонаған жаяу құсап.

Дүзейде 20 шақты егінші бар,
Көзімен көріп отыр бәрін бұлар.
Біреуі маған келіп болыспады
Қорқады Боранқұлдан бишаралар.

Төлегенді өлтіргендей масаттанып,
Жөнелді Тұрсынбек те қос атты алып.
Кеткендей Бекежанның жетегінде
Көкшолақ кете берді ойнақ салып.

Жалғыз ат жау қолында кете берді,
Арқалап қалдым жаяу жүген - ерді.
Еңіреп жер тепкілеп қала бердім
Қақбасқа бірақ салып қара жерді.

## ЫБЫШ МОЛДА

Ілесіп егіншімен мен елге келдім,
Жинаған аз астықты әкеп бердім.
Өнімі өңбес пұттай болып еді
Тұқымға бір пұт бидай еккен жердің.

Не керек оның құны он есе асты,
Ат кетіп, орнын қалың қайғы басты.
Кісі өліп жоқтағандай аза тұтып
Шуылдап бір үйлі жан, зар жыласты.

Жылаймыз жалғыз атты жоқтап зарлап,
Атысқа партия боп байды қарғап.
Қарғаймыз Боранқұл мен Тұрсынбекті
Көк атқа көзін қадап салған қармақ.

Айырылып жалғыз аттан ай батқандай,
Қара түн басты қайғы зіл батпандай.
Барар жер, басар тау жоқ діңкең құрып
Сандалып болып жүрмін жын қаққандай.

Ауылда босқа жүрмін кәсіп те жоқ,
Кәсіпте табылатын нәсіп те жоқ.
Бұл кезде жиырмаға жаста келіп
Жеткенмін кәмелетке өсіп болып.

Көңілде болса - дағы көп алаңым,
Мен - дағы жасөспірім бозбаламын.
Сол кезде қайғы бөліп көңіл ашқан,
Аққұба қыз баланы еске аламын.



Демеймін қатарымнан құр қаламын,
Жиында өлең айтып ән саламын.
Қарамай кедейлік пен кемдігіме,
Қылжақтап қасына ерем бозбаланың.

Болады келешегім әлде қандай,
Әзір жүр қайда барсам бағым жанбай.
Ауылда босқа жүрмін құр сандалып,
Қыдырып қымыз ішіп, кеуіп таңдай.

Жүрген мен ауыл кезіп бос сандалып,
Жастықтың мастығына босқа алаңдап.
Бұл маған үнем болмас әлде болса
Көрейін оқу іздеп бір қамданып.

Ойладым енді қайда барсам екен,
Қайда оқып, кімнен білім алсам екен.
Көп оқу түспес талпынғанмен
Хат танып ең болмаса қалсам екен.

Оқуды оқи алмай көп кешіктім,
Сондықтан басын шалдым әр кәсіптің.
Кетемін енді қайда деп жүргенде
Көрші ауыл молда ұстапты деп естідім.

Арасы көрші ауылдың бес шақырым,
Шешем де сонда бар деп айтты ақылын.
Кеш қайтып, ерте барып оқымақпын
Жататын ол ауылда жоқ жақыным.

Аяңдап тәуекел деп түстім жолға,
Аз уақытта келдім жаяу көрші ауылға.
Баланы жиырма шақты жинап алып
Оқытып отыр екен Ыбыш молда.

Әдеппен сәлем бердім кіріп келіп,
Молдаекем сәлем алды мені көріп.

Кісі екен түсі жылы қызыл шырай
Қуандым ықыласына ішім еріп.

Молданың бәрі бірдей зұлым емес,
Бірақ та көбі надан, ғалым емес.
Кей молда шариғат деп заулатады,
Өзінің ішкі сыры мәлім емес.

Көрінді Ыбыш маған анық молда,
Бәріне ғылым - білім қанық молда.
Адасып оқу іздеп жүргенімде
Сол кісі көзімді ашып салды жолға.

Оқуға Ыбыш молда қабылдады,
Дегендей осы оқу ғой сағынғаны.
Баланың ең шетіне отырғызды
Ортадан маған орын табылмады,

Оқуға алынған соң қабылданып,
Оқыдым бар ынта мен зейін салып.
Үйреніп әліп, абжат, аптиекті
Құранға 3 - 4 айда түстім барып.

Молдаға ықыласым сондай түсті,
Жұмыс салдым оқуына барлық күшті.
Бір сөзін екі айтқызбай көкейіме
Жатырмын құйып алып үстін - үсті.

Молда да салды маған ықыласын,
Оқи бер балам деді неғыласың.
Оқуда барлық байлық білім алсаң
Сонан соң бейнетіңнен құтыласың.

Ұстазым осылай деп ақыл берді,
Шәкірті бұл ақылды мақұл көрді.
Жүгіріп екі ауылға кезек - кезек
Ағыздым оқу үшін ащы терді.



Бұл кезде қар еріді күн жылынып,
Жайлауға көшпек болды ел бүлініп.
Көшуге қатарласып көлік болмай
Аулымыз қалып қойды шет жырылып.

Оқудан амалым жоқ қалдым зорға,
Алыстап молда кетті біздің сорға.
Оқи бер шамаң келсе шырағым деп,
Қоштасты ақыл беріп Ыбыш молда.

Малы жоқ Ыбыш молда тақыр кедей,
Өспеген ата тегі пақыр кедей.
Ысқақтың жалшысы боп бала күннен
Олдағы жетім болып өскен кедей.

Бір жағы жұмыс істеп оқу оқып,
Көңіліне оқығанын алған тоқып.
Жасынан зерек бала талаптанып
Едәуір білім алған жұлып - шоқып.

Жүрсе де жалшылықта арып - аршып,
Отызға таянғанда жиырманы асып.
Талпынып өз бетімен күн көруге
Әр жерде бала оқытып қылған кәсіп.

Болған соң Ыбыштың да кедей табы,
Оқытты ақы - пұлсыз мені дағы.
Анау Ысқақ сияқты бай молдалар,
Өссін деп ойламайды кедей бағы.

Армандап ес білгеннен бері қарай,
Бейнетті оқу іздеп көрдім талай.
Ұстазым ең алғашқы хат танытқан
Мен сізге борыштымын Ыбыш ағай.

## ТАҢ АТТЫ

Жайлауға ең бірінші бай көшеді,
Кедейлер малшы, жалшы ілеседі.
Тұрмысы байлармен байланысты
Мал бағып, отын жағып күн кешеді.

Байшегір, Мұхтар, Қармыс, Күржі байды,
Жамантас, Сарыобаны ел жайлайды.
Құжал мен Ордабасы Мединеге
Қонғанда қалың Кәрсөн мал сыймайды.

Тұнық су, ен жайлауға қонып алып,
Кеш тұрып, ерте жатып ұйқы қанып.
Бөлініп партияға жауласады
Қымызға қыза бөртіп тойып алып.

Мың тоғыз жүз жиырмасыншы жыл басында,
Аулымыз Алшынбайдың жылғасында.
Отырған ел шетінде кедей ауыл
Советтің алғаш көрдік тұлағасында.

Жайлауға бай ауылдар көшіп кетті,
Тағылы Сарысудан да асып кетті.
Масабай бидайығы Қайрақтыға
Итшілеп біздің ауыл зорға жетті.

Бұл кезде елдің іші абыр - сабыр,
Ақ кетіп, қызыл келіп қылған дамыл.
Кедейлер таңым атып, күн шықты деп
Советтер өкіметі қақты дабыл.

Бұл үнге құлақ түрді жарлы кедей,
Тұрама кедей бұған елеңдемей.
Менің де қуанышым ішке сыймай
Мәз болып тойып жүрмін ішпей - жемей.



Байлардың құты қашып күн - күн сайын,
Боранқұл, Түсіпбекке де түсті уайым.
Кедейлер байдың теріс үгітімен
Ең алғаш біле алмады Совет жайын.

Бай - молда жамандайды үкіметті,
Айтуға теріс үгіт қандай епті.
Зорлықшыл, ел талаушы бұзақы деп
Құбыжық қып көрсетеді болшевикті.

Ол кезде түк білмейтін қараңғымыз,
Саясатты түсінбейміз сандалдық біз.
Таң атып кедейлерге күн шығарған
Лениндей білмеуші едік адамды біз.

Кедейге Ленин әуелі оқы депті,
Көңіліңе оқу - білім тоқы депті.
Ол сабаз өзі оқып жүрген күннен
Бастап - ақ еңбекшінің қамын жепті.

Құмартып оқу іздеп жүрген басым,
Оқуға кетті сондай ықыласым.
Қалайша сол оқуға кетемін деп
Батпайды ойлағанда ішкен асым.

Қалың сор қапталдаған қалмап еді,
Адам деп ешкім назар салмап еді.
Барғанда оқу іздеп жаяу жалпы
Күмісбек, Ысқақ молда алмап еді.

Ұраны өкіметтің ең алғашқы,
Ал кедейлер оқыңдар деп есік ашты.
Кетейін деп енді оқуға жүрген кезде
Тағы бір қара таудай қайғы басты.

Шешем мен өгей әкем қабат өліп,
Сорладым, ай мен күнім бірдей сөніп.

Үш жетім қарындасым бірдей шулап
Қайғының қара бұлты басты келіп.

Мезгілсіз айда батты, күнде батты,
Қос қолдап тас төбеден ұрды қатты.
Бибіжан, Жәмкен мен Дәметкендер
Естіртті жетім деген жаман атты.

Әртүрлі кемшіліктер көп болса да,
Кей кезде үйде тамақ жоқ болса да.
Барында ата - ананың уайымсыз
Жүретін ек аш болсақ да, тоқ болсақ да.

Күн көрер енді қалай жетім қыздар,
Жетімдік шыдатпайтын соққан ызғар.
Дәнипа, Дәмеш деген жәй жеңгелер
Жетімді жек көретін мінезі бар.

Жылаудан басқа қолдан келер де жоқ,
Жаны ашып жамағайын берер де жоқ.
Бұларды асырайтын мен сорлы да
Малда жоқ, білімде жоқ, өнерде жоқ.

Жылаймын әсіресе, шешемді айтып,
Келе ме жылағанмен енді қайтып.
Түскенде анам еске шер қозғалып
Былайша жоқтаушы едім қайғы тартып.

Өсірген тәрбиелеп қайран анам,
Арқада сүйенішім баста панам.
Дүниеде сенің ақыңды ақтамадым
Аузыңа тістеп жүріп қылдың адам.

Анам - ау, қайда кеттің сағындырып,
Жастарға жетім атты тағындырып.
Шулаған балапандай жетімдерді
Дәмеш пен Дәнипаға бағындырып.



Дәрежем жетіп егер патша болсам,
Қаншама сұлу - сұлу қатын алсам.
Жүз бала сол қатыннан тусадағы
Анамдай болмас еді маған нансаң.

Осылай жүрген шақта жылауменен,
Көл қылып көздің жасын бұлауменен.
Ауылға 6 - 7 жас жігіттер
Сап етіп келе қалды ылауменен.

Таныдым Әлкейдің Изатбегін,
Сембектің, Сарысы мен Әкімбегін.
Әлібек, Қамза, Салық, Әбеубектер
Байқадым жүрмегенін бұлар тегін.

Болған соң амандасып жөн сұрадым,
Қай жаққа барасыңдар деп сұрадым.
Бәрі де оқу іздеп барады екен
Оқудың қайда екенін мен сұрадым.

Үш айлық курс ашылды Қарқаралыдан,
Жігіттер Қарқаралыдан хабар алған.
Болады бітіргендер мұғалім деп
Ілияс хабар айтып хатқа салған.

Солармен мен бірге ілесіп жүрмек болдым,
Тағдырдың не жазғаның көрмек болдым.
Әйтеуір нар тәуекел пұлымда жоқ
Қосылып жігіттермен жүрмек болдым.

Тараттым жетімдерді ағайынға,
Мұңымды осыларға шағайында.
Бұларға не пайдам бар бос жүргенмен,
Оқуға онандағы барайында.

Бір іске жүрген шығар мені бастап,
Жетімдер қала берді көзін жастап.

Бибіжан, Жәмкен мен Дәметкенді
Таратып ағайынға кеттім тастап.

Құлады үй жығылып қараң қалып,
Сұм тағдыр атам мен анамды алып.
58 - 45 жастарында
Таусылды өмірлері тәмамдалып.

Қапталдап қалмасада қап - қалың сор,
Жоқшылық айналата құрсада тор.
Қайғының қара бұлтын қолмен серпіп
Жеңуге бар күшіңмен алысып көр.

Май айы мың тоғыз жүз жиырмасыншы жыл,
Бұл жылды мадақтауға жетпейді тіл.
Өйткені ең алғашқы оң сапарға
Бастаған бағымды ашқан жыл болды бұл.

Көрмеген бұрын ұзап үйден шығып,
Бақытымды іздеп алмай қойған тығып.
Қия алмай жетім қарындастарымды
Азырақ көздің жасын алдым сығып.

Жөнелдім қош айтысып болғай деп жол,
Алдымда келешектен үмітім мол.
Сейсембай оныдағы тауып берген
Бір қоржын бауырсақ бар азығым сол.

Келеміз көңілденіп күліп - ойнап,
Жас жігіт қатар құрбы сері бойдақ.
Дамылдап ат шалдырған уақытымызда
Оқудың сөз қыламыз жайын ойлап.

Замандас бәрімізде боз баламыз,
Дуылдап өлең айтып ән саламыз.
Біреудің қай - қайдағы мінін айтып
Қалжыңдай әзіл айтып қолға аламыз.



Түстене, қона жүріп жолдағы елге,
Жүзгендей боп келеміз айдын көлге.
Қонақжай қалың қазақ ортасында
Болмадық ат - азықтан біздер кенде.

Сонымен күндіз жүріп, түнде жатып,
Көрмеген көп ауылдың дәмін татып.
Ала ма бұл оқуға алмай ма деп,
Оны да көп ойлаймын басым қатып.

Жеткенше Қарқаралыға 4 күн жүрдік,
Қалаға бесінші күн барып кірдік.
Жолығып қаладағы Ілиясқа
Оқудың жағдайларын анық білдік.

Оқуға бәрімізді қабылдады,
Пәтерге орналасты алынғаны.
Беретін ақысына пұлым болмай
Тек маған жатар орын табылмады.

Жайғасып көңілдері тынғандай боп,
Жатты олар қаражат мол тамағы тоқ.
Ал енді мен пәтерге төлей - тұғын
Жанымда ең ақыры бір сом да жоқ.

Шешілмей пәтер жайы бір түйін боп,
Сандалдым жатар орын бір қиын боп.
Сұраса егер біреу айға бір сом,
Қалтамда бір сом түгіл бір тиын жоқ.

Қыдырдым бірнеше үйді пәтер іздеп,
Жетімнің әдеті ғой үйді кезбек.
Келісті мені үйіне жатқызуға
Мешелов Али деген адам кез боп.

Жүргенде пәтер іздеп жанталасып,
Маған бір жайлы орын болды нәсіп.

Ашылса керек менің сол күн бағым
Қыдырдың қыдырғанда ізін басып.

Кез болып қайрымды маған бір үй,
Дегендей деміңді ал, есіңді жый.
Берген соң, тегін пәтер, тегін тамақ,
Сол үйден ұмытпастай көп көрдім сый.

Керек боп бұл үйге де бір қолғанат,
Әйелі болғандықтан екі қабат.
Екі жас баласы бар Жұпар жеңгей,
Жұмысын істейді екен ілдалдалап.

Өзінше бұл үйдің де есебі бар,
Келе ғой бұзау айдап, дүкенге бар.
Суды төк, бала тербет, ағаш жарып,
Су әкел, самаурынға от сала сал.

Орындап айтқандарын құстай ұштым,
Болмады ауырлығы бұл жұмыстың.
Сұраған іздегенге душар болып,
Сол үшін тегін жатып, тегін іштім.

Барғанның бай - кедейін айырмады,
Солардан мұғалімдер дайындады.
Әйтеуір хат білетін адам болса,
Бәрін де қабылдады қайырмады.

Ыбыштан аз күн оқып хат білгенім,
Өмірге жолымды ашар деп білгенім.
Егер де хат білмесем алынбас ем
Пайдасы енді тиді хат білгеннің.

Білімді мұғалімдер сабақ берген,
Рақымбай, Айса, Ахмет өзім көрген.
Әлімхан, Имам, Қамал, Ғалиақпар,
Оқыдық тағы басқы білгіштерден.



81 адам болдық оқып жатқан,
Бәрі де осы оқудың дәмін татқан.
Солардың алдынғылар қатарында
Жақсы оқып, тәртіпті боп алдым мақтан.

Айтқанын мұғалімнің ұғып алып,
Тыңдаймын ықыласпен ынта салып.
Оқимын күні - түні сабағымды,
Қатардан жүрмеймін деп кейін қалып.

Жүрсем де үйге келіп істеп жұмыс,
Оқуға күш саламын алмай тыныс.
Сабаққа түнде отырып дайындалам
Басқалар жатқанында ұйықтап тыныш.

Бір талай осыменен күндер өтті,
Оқуда біте - тұғын мезгіл жетті.
Жүрген де курс қашан бітеді деп
Айтқанша үш айыңыз өтіп кетті.

Оқуды бітіргенше көзде талды,
Оқыған сабақтардан экзам алды.
Бере алмай сұрағына дұрыс жауап
Содықтан кейбіреулер өтпей қалды.

Бөгелмей жауап бердім сұрағына,
Тигенін ұққан едім құлағыма.
Қолыма мұғалімдік мандат алып,
Жеткендей сонда болдым мұратыма.

Көп жылдар аңсағандай тынбай жағым,
Ұстатпай жүрген елес болып сағым.
Аңсаған арманыма қолым жетіп,
Ашылды тап сол күннен бастап бағым.

Әркімнен қабілетін пайымдады,
Білгенін мұғалім ғып дайындады.

Куәлік қағаз беріп қолдарына,
Әркімді әр болысқа тағайындады.

Сарбұлақ, Нұра менен Берікқара,
Қызылтау болысында болдым жаңа.
7 жыл осы елдерде мұғалім боп,
Хат танып, көзін ашты жүздеп бала.

Жиырма бірінші жыл Қарқаралыда,
Партия қатарына өтіп алда.
Жүргіздім партияның саясатын
Жас - кәрі, қатын - бала, кемпір - шалға.

## БОЗШАКӨЛДЕ

Сары судан ағылшындар зауыт салып,
Қазақтың кедейлерін жалдап алған.
Ағылшын өртеп кетіп жиырмасыншы жыл
Жұмыскер жұмыс таппай қарап қалған.

Бастарын ақылдасып құрап еді,
Жәйлі орын іздестіріп сұрап еді.
30 үй жұмыскерді бастап келген
Алтыбай, Кешубаймен Сыдан еді.

Бос жатқан Бозшакөлге көшіп келіп,
Орнаған Ленин атты қоғам болып.
Оқыттым жұмыскердің балаларын
Жиырма төртінші жыл сонда келіп.

Мұғалім келгеннен соң Бозшакөлге,
Қалмады оқымаған ешбір пенде.
Аңсаған оқу іздеп жұмыскерге
Аянбай жақсы еңбек еттім менде.



Оқытып үлкенді де кішіні де,
Қайтармай іздеп келген кісіні де.
Дуылдап өлең айтып, сауық құрып,
Өзгерді Бозшакөлдің пішіні де.

Ол кезде бір болыста бірақ мектеп,
Арнаулы мектеп іздеп күндер өтеді.
Шауаның ауыз үй мен төр үйінде
4 класс 2 мезгіл сабақ өтеді.

Басталды оқу - білім, еңбек қайнап,
Жиналған жас ұрпақтар гүлдей жайнап.
Бозшакөл маңындағы ауылдардан
Талапты жастар келді оқуға андап.

Осылай оқып жатты бірнеше жас,
Әр іске білім алса болады бас.
Бір думан Бозшакөлдің жағасында
Боп жатты жігіті мен қыз аралас.

Оқыды сол мектепте жас пен кәрі,
Бәрінің білім алу ынтызары.
Оқыған сол мектептен бірталай жас
Істеп жүр адал еңбек кәзір бәрі.

Оқыған Бозшакөлде болып жатақ,
Алмаған сонан бері жаман атақ.
Отанға адалдықпен еңбек еткен
Кетейін кейбірінің атын атап.

Сериков әркімдерден зерек еді.
Иманбаев Әйешті ел біледі.
Қызыекең, Мұқыжан, мен Исатайлар
Бәріде Бозшакөлдің түлегі еді.

Алтыбай Мақажан мен Кешубайлар,
Сәулебек, Сыдан, Жалау, Балғабайлар.
Бәріде сол ұядан ұшқан түлек
Сағымбек, Көбжан, Шаян, Тұрабайлар.

Тағы да көп жолдастар өткен еді,
Ойлаған мақсатына жеткен еді.
Кейбірі өлгенінше адал істеп,
Мезгілсіз арамыздан кеткен еді.

Оқуға елдің сонша жабылғаны,
Іздеп кеп алыстан да сабылғаны.
Ал енді Парт - ячейка ашу үшін,
Коммунист менен басқа табылмады.

Хабар мен Қарқаралыдан уәкіл келіп,
Сенімді он адамды алды теріп.
Соларды кандидатқа қабылдады,
Өткіздім бәріне де кепіл беріп.

Бозшакөл кедейлерге болды нәсіп,
Бір мүше 10 кандидат ұйым ашып.
Хатшысы Ячейкенің өзім болып
Жұмысты жақсы істедім жанталасып.

Кедейлер бұл ұйымға құлақ түрді,
Партия қатарына келіп кірді.
Қызылтау, Бұғылы мен Тағылыдан
Уақытында жиналысқа келіп жүрді.

Оқу да Бозшакөлде, ұйым да бар,
Ай сайын болатұғын жиын да бар.
Оқуға, жиналысқа аттары жоқ
Келетін жаяу - жалпы қиыны бар.



Оқуды, партиялық ұйымды да,
Бас қосқан коммунистер жиыны да.
Қажымай, талмай бәрін атқарамын
Елемей тұрмыстағы қиынды да.

Ячейка тоғызыншы ашылды ұя,
Кедейді тап - таза топтап жыия.
Сондағы бұл ұйымның қызметін
Жазуға қалам шаршар, жетпес сия.

Болса да өмір бойы байда жалшы,
Жарымай ас, киімге жүрген малшы.
Ұйымға топ - тобымен арыз беріп
Сұрады партияға «мені де алшы».

Байларда жүрген әйел болып малай,
Жасынан қоршылықты көрген талай.
Болмаса қатын үсті, қалың малға
Сатылып талай әйел жүрген жылай.

Бұлар да партияға өтеміз деп,
Теңдікке партиямен жетеміз деп.
Партия қатарында тәрбие алып
Басшылық басқаларға етеміз деп.

Ол кезде ел ішінде толған қылмыс,
Ұрлық - зорлық қалың мал, жанжал - ұрыс.
Жер дауы, жесір дауы, әдет - ғұрып,
Жойылу аз уақытта қиын жұмыс.

Күресті осылармен біздің ұйым,
Айында екі рет болды жиын.
Талмады коммунистер шаршамады
Күресу болса - дағы қанша қиын.

Бұл кезде қызып жатты, тап тартысы,
Келеді өз табынан кім қалғысы.
Жалшылар байларынан ақы даулап,
Боп жатты айтыс - тартыс елдің іші.

Әйелдер күйеуінен қорлық көріп,
Тоқалдар бәйбішеден зорлық көріп.
Сатылған қалың малға қыздар - дағы
Партия ұйымына арыз беріп.

Бәріне осылардың жәрдемдесіп,
Айтылған арызына құлақ асып.
Ұйымы партияның осыларды,
Жеткізді мұратына көзін ашып.

Біреудің басындағы бағы азайды,
Біреудің алдындағы малы азайды.
Бұл ұйым бай - құлаққа жағымсыз боп
Кірісі молдалардың тағы азайды.

Сондықтан бұл ұйымға жау да шықты,
Өтірік - өсек еріп дау да шықты.
Бұрынғы болған - толған бай мен молда,
Партия ұйымына қатты өшікті.

Жатқанда Бозшакөлде еңбек қызып,
Ойнаған аққу - қаздай көлде жүзіп.
Бұл кезде байлар бізді жамандады,
Жиналған бүлдіргіштей өңкей бұзық.

Таратты неше түрлі молда өсек,
Өсегі толып жатыр кесек - кесек.
Білмейтін құдай жолын кәпірлердің,
Рахаттанып қанын ішіп, етін жесек.



Оқытпай Әптиетек пен Құранды да,
Тастапты ата, аруақ, ұранды да.
Намаз жоқ, ораза жоқ дінен безген
Осылар жын - шайтаннан құралды ма?

Құдай мен дінге қарсы өңкей кәпір,
Таратып үгіттерін айтып жатыр.
Япырмау, осылар да ел басқарып,
Біздерге болғаныма заман ақыр.

Сондықтан бұларменен күресейік,
Қолданып бар амалды тіресейік.
Бұзақы ел, бүлдіргіш дінсіздерге,
Бағынбай күш кеткенше сіресейік.

Азғырды партияға кірмеңдер деп,
Жолымен олар айтқан жүрмеңдер деп,
Шариғат, әдет - ғұрып, жолын тастап
Бұлармен бірге ойнап - күлмеңдер деп.

Дінсіздер құдай жүзін көрмейді деп,
Оларды Мәңкір - Нәңкір тергейді деп.
Өлген соң коммунист орны тозақ
Бейіштен оған орын бермейді деп.

Әлемге жарық, ай мен күн жаратты,
Бір мезгіл тынығуға түн жаратты.
Аспан, жер, тау - тас, дәрия жапан дала
Жоқ болса Құдай, бәрін кім жаратты.

Жоқ дейді сырат көпір, бейіш - тозақ
Өлген соң тірілмейсің жоқ дейді азап.
Оқымай жоққа нанып қараңғыда
Қалыпты деп қақсайды қалың қазақ.

Отырған сүттей ұйып малайларды,
Азғырып жауықтырды талайларды.
Құдай жоқ, құран сөзі өтірік деп
Айтуға ауыздары қалай барды.

Алмайды ағайындар ақылыңды,
Жау қылып азғырады жақыныңды.
47 қалың беріп сатып алған,
Бетімен жібер дейді қатыныңды.

Алмайсың дейді қыздан қалың малды,
Бұрынғы ата жолы қайда қалды.
Кететін болса қыздар өз бетімен,
Несіне асыраймыз қинап жанды.

Күңіренді осыны айтып бай мен молда,
Құраның ташбығымен алған бойда.
Бұрынғы дәуреніміз бастан кетсе,
Күніміз не болады дейді сонда.

Қосшы ұйым партия мен қол ұстасып,
Жұмысы күннен күнге алға басып.
Байлар да ауылдағы тек жатпайды
Ақырғы күшін жинап жанталасып.

Бас қосқан кедейлердің қосшы ұйымы,
Оның да болып жатты өз жиыны.
Байлардан кейбір кедей шыға алмайды,
Не дәуір болды бізге сол қиыны.

Ұйымы кедейлердің өсе берді,
Әлсіреп байлар табы өше берді.
Бұрынғы болған - толған бай мен молда,
Ығысып кедейлерге өте берді.



Айырып бай - кедейге елді бөліп,
Шырайлы кедейлерге жерді бөліп.
Өкімет байлар табын конфескелеп,
Малдарын кедейлерге берді бөліп.

Осыдан бай - кедейдің жігі ашылды,
Өмірде жанаспастай түбі ашылды.
Күн санап тап күресі қызған сайын
Байлардың үстемдігі бір басылды.

Партия ұран салған үнге нанды,
Кедейлер байдан озып жүлдені алды.
Кейінгі колхоздасу дәуірінде,
Байлар да тап болудан мүлде қалды.

Екі тап алысқанда жекпе - жекте,
Көлемді бай табының әлі көп пе.
Беделі партияның өсе берді,
Арам тер қожа, молда болды текке.

Болса да оқу - білім тапшылығы,
Кедей көп, байлар табы азшылығы.
Күресте кедей табы жеңіп шықты,
Жеңгізген партияның басшылығы.

Алғандай ине менен құдық қазып,
Талпынған оку іздеп өмірге азық.
Сол кезде Орынборда оқып жүрген,
Мақажан жіберіпті бір хат жазып.

Ерінбей Бозшакөлде еңбек еттім,
Оларға өз әлімше білім септім.
Сол еңбек осыдан да көрінер деп
Мақажан жазған хатын қосып кеттім.

Қалай бауырым, денің сау ма Тұңғышым,
Нандықпен арпалысып жүрмісің.
Хатыңды алдым, оқып қандым бәріне,
Суреттеген қоғамының тұрмысын.

Жақсы десең қуантады хаттарың,
Әсіресе, оқу - білім жақтарың.
Көремін де төбем көкке жетеді,
Нашарлардың сонша олжаға батқанын.

Сауық кеші дипломанттар болғанға,
Шаттанамын мәз боламын оған да.
Үлкен адым істеріңде көрінеді
Газет - журнал жаздырыпсың қоғамға.

Мен де аманмын бір оқудың жолында,
Жүріп келем бір мақсаттың соңында.
Оқу жасы, тұрмыс орта белгілі,
Бары жақсы пұлың болса қолыңда.

Ескі Орынбор жат хабар жоқ айтатын,
Емес әзір мені өзіне тартатын.
Не болса Бозшакөлдің шым үйін.
Ұмытпаспын уақытым жетсе қайтатын.

Біз жарасақ қызметіне ауылдың,
Ол борышы мойнымызда дәуірдің.
Дәуір жүгі бүкіл жастар міндеті
Одан артық өзі де жоқ ауырдың.

Бұдан көпті уақытым аз жазуға,
Таянып тұр қоңырау да қағуға.
Енді баурым, сабағыма барайын
Болмаушы еді бір соққаннан қалуға.



Қош бол бауырым, әкел Тұңғыш қолыңды,
Түзу апар бір ұстаған жолыңды.
Артта қалған тап, баурыңды жетеле,
Сенен ғана іс күтемін толымды.

Мақажан хатын айттым бағанадан,
Еңбекті бағалай ма надан адам.
Ризамын алғыс айтам Мақажанға,
Еңбекті сол кездегі бағалаған.

Мың тоғыз жиырма сегіз жыл болғанда,
Бес болыс бір ауданға қосылғанда.
Қызылтау болысынан басқадан да,
Бірде - бір коммунисі болмағанда.

Шет ауданы Райком боп құрылғанда,
Белгілі бес болысқа бұрыннан да.
40 - 50 Бозшакөлдің коммунисі
Ауданға ұйытқы болған солар ғана.

Райком коммунисті көп тексеріп,
Қолынан іс келерін бөліп - бөліп.
Аудан мен ауылдағы басшы орынға
Жіберді қызметке мандат беріп.

Осылар барған жерде ұйым ашып,
Басқарды Райкоммен ақылдасып.
Көбейіп коммунистер күннен - күнге,
Аудан да өркендеді алға басып.

Өтіпті осыдан бері 40 жылдай,
Ауданым өркендеді ешбір тынбай.
Қазір де коммунистер мыңнан асып,
Тамаша табыстарға жетті мұндай.

Табыстың тауса алмаймын бәрін санап,
Ен байлық, сауық - сайран, сән салтанат.
Мол егін, 4 түлік мал, өнер білім,
Кең сарай, бәрі де мол киім тамақ.

Гүл жайнап құлпырыуы да тау мен дала,
Қырда мал, ойда егін сай салада.
Тамшыдай сол табыста үлесім бар,
Қуанам елмен бірге соған ғана.

Сонымен Бозшакөлде 4 жыл тұрдым,
Қоғамға Ленин атты мен де кірдім.
Баяғы сөнген отым қайта жанып,
Үйленіп, отау болып, шаңырақ құрдым.

Үйленіп, басты құрап есті жиып,
Әркімге тастап кеткен көзім қиып.
Бауырым жетім қарындастарымды,
Қолыма аман - есен алдым жиып.

## Қосымбай

Қосымбай қой баққалы көп жыл өтті,
Талай қыс, талай жаздар өтіп кетті.
Қажымай сонан бері келе жатыр,
Дәл жасы алпыс беске биыл жетті.

Алғашқы баққан кезінде колхоз қойын,
Ынта мен жігер, қайрат кернеп бойын.
Өсірсем аман - есен шығындатпай
Деуші еді адал ниет барлық ойым.

Еңбегі Қосымбайдың өрге өрлетті,
Еңбекпен мол табысқа қолы жетті.
Алғашқы алдындағы азғана қой,
Аз жылда бірнеше мың басқа жетті.



Еңбегін Қосымбайдың халық көрді,
Кім көрмес еңбегімен озған ерді.
Бағалап Қосекеңнің бұл табысын
Үкімет Қызыл тудай орден берді.

Қосекең бұл құрметке шаттанып жүр,
Үкімет сыйлығына мақтанып жүр.
Табысқа қартайсам да жетемін деп,
Жігермен қой бағуға аттанып жүр.

Партия қаулысымен қаруланып
Жеті жүз бағуына саулық алып.
Табысқа биыл тағы қолы жетті.

1955 жыл.

## Жүгері

Жүгері тамақ адамға
Жүгері тамақ малға да,
Көп аламыз өнімді,
Еңбек етіп азғана.

Ау, жүгері, жүгері,
Ел байлығы ырыссың.
Тонналап оны алуға,
Белді буып кірістім.

Тыңға септік майдалап,
Шаршы ұялап сені біз.
Партияның қаулысын,
Орындайды еліміз.

Жүгеріні баптаймыз,
Көп берер деп өнімді.
Еңбегімді ақтайды,
Оған көңіл сенеді.

Арам шөптен арылтып,
Суғарамыз, баптаймыз.
Жел кірер деп қойныңа,
Үстіңді қымтап таптаймыз.

Күнде сені күтемін,
Топырақты майдалап.
Желкілдеген шашақты,
Жел сүйеді аймалап.

Құлпырып түні барқыттай,
Қара жонда топырақ.
Көз тартады көк жасыл,
Желбіреген жапырақ.

Дән аламын тонналап,
Малға да берем көп өнім.
Сиыр, шошқа, қой мен құс,
Семіртіп етке беремін.

1955 жыл.

## Сәрінжіптің жермен қоштасуы

Қарсонның қалды кейін жайлаулары,
Балауса, суы - шекер, шөбі -дәрі.
Жайылып қой, қозылыр қызғалдаққа,
Жабылған бүлдіргенге балалары.

Ширкіннің тауы - биік, сазы - дала,
Өзені ағып жатыр сала - сала.
Жемісі жерлерінің піскен кезде,
Бара алмас қызығынан үйге бала.

Арқада қалғаның ба, ширкін жайлау,
Үш қой тас, Сарыоба мен - ол Биебау.



Ақсуда өлгеніне асын беріп,
Ыңырынын қайтушы еді күзге таяу.

Жайлаушы ек Байшегір мен Мұхтар бойын,
Бозбала неше түрлі салып ойын.
Ақ үйді қатар тігіп салтанатты,
Бәрінен қызық еді айт пен тойың.

Құр атпен жазғытұры салдық егін,
Бітпейді дүниеден еш бір кегің.
Суғарып алты ай жазға арық қазбай,
Мұны да алушы едік тағы тегін.

Келейін қайта айналып Ірге тауға,
Осындай тірі тұрған деним сауда.
Сағынып сарқыраған бұлағыңды,
Кетейін амандасып қайта - қайта.

Шөладыр шөбі шүйгін малға нәсіп,
Құтырған тай, жабағы, тоқты қашып.
Ерге - бақ, жерге - дәулет бірдей қонып,
Бірімен бірі тұрды араласып.

Айыртау, Ешкіөлмес пен ширкін, Ойран,
Артықша жазғы самал, қысқы пайдаң.
Бұлақтан ат суғарып, шөбін салып,
Кіргізіп қорасына байлап қойған.

Босаға, Ақтанменен Шалқар ата,
Болмайды өтірік сөз бұл арада.
Осындай шұрайлы жер артта қалып,
Кездестік көңіл сүймес дөң жараға.

Ұзынжал, қос Сар өзен, Қожақұлшыр,
Маядан ат семіріп болатын құр.
Сай басы бір ауылсыз болмайтұғын,
Ширкін жер, елі кетіп құлазып тұр.

Көп көрдім қызығыңды шіркін Шалтас,
Тамақтан еске түссе жүрмейді ас.
Моллада бала оқытып, мешіт салып,
Көзінен дін жолында ағызған жас.

Екі өзен Мойынты мен Шүмек еді,
Күрең бел, Қылша терек күзек еді.
Жыланды Ащты менен Бапы, Жалпақ,
Мекен ғып атам Карсөн түнеп еді.

Ең шеті Арқа таудың - Шешенқара,
Ет жейтін бір табақтан екеу ара.
Ел кетіп мекенінен осы күнде,
Сарайлап салған үйлер болды мола.

Ақсары бауырың қара, сыртың күнгей,
Тоймадым қызығыңа бір күнгідей.
Келсе де неше мың қой карауыңа,
Қар теппей жеп кететін жаз күнгідей.

Ақшатау Ақ ирекпен Қара бұлақ,
Түн Жәмші төмен ағар Шиге құлап.
Жаз егін, қыс шабынды, өлкесі мал,
Айта алмай Асан қайғы кеткен жылап.

1922 ж.



**Дәлмағанбетов Тұңғышбектің құжаттары мен марапаттары**











Депутаттыққа сайланғандығы туралы

КУӘЛІК

№ 3 Аэпапорт
сайлау округінің номері мен аты

сайлау округінің Округтік сайлау комиссиясының дауыс беру протоколына және „Қазақ ССР еңбекшілер депутаттарының облыстық, аудандық, қалалық, поселкелік, селолық және ауылдық Советтерінің сайлауы туралы Ережесінің" 112 және 113 статьяларына сүйеніп, еңбекшілер депутаттарының Түлкілі
ауылдық
сайланатын

Советтің аты
Советінің сайлауы жөніндегі Округтік сайлау комиссиясы

Далмағанбетов
фамилиясы
Түңғышбек
өзінің және әкесінің аты

жолдастың 1957 ж. 10-март күні
сайлау болған күн, ай

Қазақ ССР Қарағанды облысы,
Шет ауданындағы еңбекшілер депутаттарының Түлкілі
сайланатын
ауылдық
Советтің аты
Советіне № 3 Аэпапорт сайлау
сайлау округінің аты
округінен депутат болып сайланғандығын куәландырады.

Округтік сайлау комиссиясының председателі

М. О.

Округтік сайлау комиссиясының секретары

1957 жылғы „11" март
күн куәлік берілген ай



Barlьq elderdiņ proletarlarь, ajrigjndrei

MYCELJK BELET № E №0661284

Familiasь Далмағамбетов
Atь, əkesjnjņ atь Түңғышбек

Tuojan çьlь 1895
Osoaviaximoja kjrgen uaqьtь
1927-1929-жылы

Belet bergen ljmьnьņ atь

Sovet predsedatelj

P. O. „11" XII 1941 g.

Пролетарии всех стран, соединяйтесь

ЧЛЕНСКИЙ БИЛЕТ № Е

Фамилия Далмагамбетов
Имя и отчество Тунгушбек

Год рождения 1895
Дата вступления в Осоавиахим
1929

Наименование организации, выдавшей билет
райсовет

Председатель Совета

М. П. „11" XII 1941 г.



Свидетельство

Выдано гр-ну Далмагамбетову в том, что он в 1933 году 1/IX был принят студентом Акмолинской ВКСХШ им. т. Постышева и окончил курс обучения 3-х годичного партийно-советского отделения 15/VII-36 г.

Ректор: Б. Берзин.

Проректор по уч. части: Бектурганов.

Зав. парт. сов. отделением: Шарипов.





Пролетарии всех стран, соединяйтесь!

ГРАМОТА

Акмолинская ВКСХШ
награждает т. Далмагамбетова
почетным званием ударника
4-го года второй пятилетки,
активно проявившего себя в борьбе за социалистическую учебу и общественную работу



Пролетарии всех стран, соединяйтесь!

ГРАМОТА

Акмолинская ВКСХШ
награждает т. Далмагамбетова
почетным званием ударника
3-го года второй пятилетки,
активно проявившего себя в борьбе за соц. учебу и общественную работу

Треугольник



Пролетарии всех стран, соединяйтесь!

ГРАМОТА

Акмолинская ВКСХШ
награждает т. Далмагамбетова
почетным званием ударника
3-го года второй пятилетки,
активно проявившего себя в борьбе за социалистическую учебу и общественную работу



„ЗА ДОБЛЕСТНЫЙ ТРУД. В ОЗНАМЕНОВАНИЕ 100-ЛЕТИЯ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ ВЛАДИМИРА ИЛЬИЧА ЛЕНИНА"

УДОСТОВЕРЕНИЕ

Дальмагамбетов

Тунгушбек

от имени ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР НАГРАЖДЕН ЮБИЛЕЙНОЙ МЕДАЛЬЮ

„ЗА ДОБЛЕСТНЫЙ ТРУД. В ОЗНАМЕНОВАНИЕ 100-ЛЕТИЯ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ ВЛАДИМИРА ИЛЬИЧА ЛЕНИНА"

Секретарь исполкома

М. П. 14 марта 1970 года



„ЗА ДОБЛЕСТНЫЙ ТРУД В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ 1941—1945 гг."

УДОСТОВЕРЕНИЕ

ЗА ДОБЛЕСТНЫЙ И САМООТВЕРЖЕННЫЙ ТРУД В ПЕРИОД ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ

Дальмагамбетов

Тунгушбек

УКАЗОМ ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР от 6 июня 1945 года НАГРАЖДЕН МЕДАЛЬЮ

„ЗА ДОБЛЕСТНЫЙ ТРУД В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ 1941—1945 гг."

От имени ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР МЕДАЛЬ ВРУЧЕНА

„16" сентября 1946 г.

(должность и подпись лица, вручившего медаль)

М. П.

Э № 210016



УДОСТОВЕРЕНИЕ

В соответствии с Указом Президиума Верховного Совета СССР от 20 октября 1956 года

Далмагамбетов

Тунгушбек

от имени Президиума Верховного Совета СССР награжден медалью

„ЗА ОСВОЕНИЕ ЦЕЛИННЫХ ЗЕМЕЛЬ"

От имени Президиума Верховного Совета СССР медаль вручена

27 апреля 1957 г.

(должность и подпись лица, вручившего медаль)

М. П.

А № 274292





ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

ҚАЗАҚСТАН КП ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ, ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІ МЕН ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

Адрес редакции: г. Караганда, Новый город, проспект Ленина, 5.

№ ______ „19." август 1966 г.

Құрметті Т.ДӘЛМАҒАМБЕТОВ жолдас!

Есен-сау боларсыз.Амандық соңында білдірер өтінішімізді айтайық.Бұрынғы "Қарағанды пролетариаты","Советтік Қарағанды" газеттерінің жалғасы бүгінде "Орталық Қазақстан" газеті болып табылатыны есіңізде болар.Оның ертеден облыстық газет болып шыға бастағанына биыл 15 сентябрьде 30 жыл толады.Мұның өзі нақты мүшелі болмаса да,облыстық партия комитеті өз органының осы 30 жылын атап өтуді жайлы деп санағандықтан редакция жоғарыда аталған күнге мерекелік арнаулы номер шығаруды ұйғарып, оған әзірлік жүргізуде.

Тұқа,сіз осы газеттің ертеден бергі оқушы, қарт автор-тілшілерінің бірінен саналасыз.Сол себепті осы мүшелдік номерде есіміңіздің аталуын орынды деп санап,сізге "Әрқашан да арқа сүйерім" деген тақырыпта сөз беруді ұйғардық.Бұл тақырыпты сізге ұсыну себебіміз: сіз осы газеттің шыға бастаған кезінен бастап өзіңіздің шама-шарқыңызға қарай,оның бетінде азды-көпті туындыларыңызбен қатысып келесіз.Содан бергі жерде бұл газет арқылы өмірден алған байқаулар мен тәжірибеңізді,газеттің адамдарымызға тигізген әсері мен тәрбиелік мәні,қажырлы еңбекке,екпінді істерге оларды жұмылдырудағы ықпалы қандай болғаны,тағы басқа жайлардан есте қалған аса маңызды кезеңдерді еске түсірерлік пікір айтсаңыз,дейміз.

Содан кейін,бұл газетті өзіңізге "әрқашан да арқа сүйерім" деп қандай тұрғыдан айтуға праволылығыңызды,қартайсаңыз да оның ісіне бұдан былай да атсалысудан жалықпаймын деген жылы лебізді пікіріңізді білдірсеңіз дегіміз келеді.

Айтар сөзіңіз машинкаға басқанда екі парақ қағаздың бетіне сиятын болсын.Сонымен бірге бұған қоса көлемі 6 х 9 сантиметр фото суретіңізді 30 августан кешіктірмей жіберуіңізді сұраймыз.

Сәлеммен
еңбекшілер хаттары бөлімінің меңгерушісі Қадыров Г.Нәдіров

ҚКП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ОРГАНЫ — РЕДАКЦИЯ ЖУРНАЛА

**Қазақстан ӘЙЕЛДЕРІ**

ЖУРНАЛЫНЫҢ РЕДАКЦИЯСЫ — ОРГАН ЦК КПК

Адрес: г. Алма-Ата, Комсомольская, 103 телефон № 2-24-96, 2-15-41, 2-67-72

Құрметті Атуңғышбек!

«Әншілердің есінде болсын» деген мақаланызды алдық. Бірақ бұл материал біздің журналға арналып жазылмаған екен. Әндер де, олардың текстері де Қазақ радио комитетінде болады. Қай әнді кімнің айтуын таңдап алатындар да солар. Сондықтан бұл пікіріңізді соларға жазып жіберіңіз. Олардың адресі мынадай: г. А-Ата, ул. Мира 175а

Сәлеммен, бөлім бастығы:
Д. Джуренбекова 17/IV-67 ж.

---

РЕДАКЦИЯ ЖУРНАЛА

**Мәдениет және ТҰРМЫС**

ЖУРНАЛЫНЫҢ РЕДАКЦИЯСЫ

ҚАЗАҚ ССР МӘДЕНИЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ ОРГАНЫ

ОРГАН МИНИСТЕРСТВА КУЛЬТУРЫ КАЗАХСКОЙ ССР

г. Алма-Ата, улица Мукана Туйебаева, 32

24. апрель 1967 г. №Ә—113

Құрметті Далмагамбетов жолдас!

Пікірлеріңіз әбден орынды.

Бұл мәселе республикалық баспасөзде бұдан бұрын көтерілген.

Сәлеммен, Б.Тоғысбаев.

г. А-Ата. Тип. № 2. Зак. № 1982—30000



---

Біз Совет мемлекетін құру ісін бастау, осы арқылы бүкіл дүниежүзілік тарихтың жаңа заманын бастау бақыты біздің үлесімізге тигеніне мақтануға әрдәолымыз және мақтанамыз да.

Құрметті Түнғушбек Далмагамбетов жолдас

В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуын салтанатты тойлау күндерінде совет адамдары партия ардагерлерін шын ықыласты терең сезіммен құрметтейді. Біздің халқымыз үшін, барлық коммунистер үшін күрескерлердің, жаңа қоғам құрылысшыларының— Ильичпен бірге біздің партияны құрғандардың, самодержавие мен капитализмнің берік қамалдарына шабуыл жасағандардың, қолына қару алып, Советтердің жас республикасын қорғағандардың, социалистік державаның индустриялық қуатын арттырғандардың, колхоздар мен совхоздарды ұйымдастырғандардың, Ұлы Отан соғысы жылдарында социалистік Отанның бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалғандардың, халық шаруашылығын қалпына келтіріп, қазір коммунистік қоғам орнатып жатқандардың даңқты ұрпақтарының сабақтастық байланысы әрқашан қасиетті болып қала береді.

Өз ісіміздің жеңісіне деген терең сенім, Лениннің ұлы идеяларына, жұмысшы табының, халықтың мүддесіне шексіз берілгендік, күрестегі табандылық сияқты Сіздерге, партия ардагерлеріне, тән тамаша қасиеттер коммунистердің бір ұрпағынан келесісіне мұра болып келеді.

Сізді Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуының даңқты мерекесімен қызу құттықтаймыз. Сіздің денсаулығыңыздың сау, өміріңіздің ұзақ та бақытты болуына, Лениннің ұлы ісінің салтанат құруы жолындағы қоғамдық-саяси жұмысыңызда онан әрі табыстарға жете беруіңізге тілектестік білдіреміз.

Қазақстан КП облыстық комитеті

Еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің атқару комитеті.


МИНИСТЕРСТВО ЗАГОТОВОК СОЮЗА ССР
Государственное, всесоюзное объединение "ЗАГОТЖИВСЫРЬЕ"

Карагандинская областная контора "ЗАГОТЖИВСЫРЬЕ"
гор. Караганда в.5-Михайловка
ул. Верхняя № 89-а телефон
№ 6-79 и 4-84

Расчетный счет в Карагандинской областной конторе Госбанка
№ 75022

"24" ноября 1953 года

ДОВЕРЕННОСТЬ № 25

Карагандинская Областная Контора Государственного всесоюзного Объединения Заготживсырье Министерства заготовок Союза ССР в лице управляющего Калиева Искендера Хусаиновича действующего на основании доверенности Казахской Республиканской конторы за № 9 от 6 января 1953 года настоящей доверенностью уполномачивает: исполняющие обязанности директора Четской районной заготовительной конторой "Заготживсырье" гр. Дальмагамбетова Тунгушбека проводит все операции по заготовкам животного сырья, для Объединения "Заготживсырье"

Для выполнения этого гр. Дальмагамбетову Тунгушбеку предоставляется право в вышеуказанном районе деятельности совершать от имени названной в данной доверенности конторы "Заготживсырье" нижеследующие действия:

1. Покупать и продавать кожевенное и меховое сырье, шерсть, пушнину, щетину и волос, отходы от животного сырья, производить заготовку, переработку и продажу кишевного сырья и его фабриката, всякого рода вспомогательные материалы, необходимые для консервирования, хранения и перевозки животного сырья и организации охотничьего промысла, принимать кожевенное сырье и шерсть в выполнение обязательств по государственным поставкам, покупать и продавать товары сдатчикам животного сырья а так-же покупать строительные и другие материалы, предметы оборудования и спецодежду, для чего заключать все необходимые договоры и сделки.

2. Заключать с Государственными и кооперативными органами договоры о предоставлении земельных участков для возведения складов, скотоубойных пунктов, мастерских для переработки живсырья и иных строений, заключать договоры об организации и производства строительных материалов и работ.

3. Нанимать и оборудовать помещения под конторы, складов, скотоубойных пунктов, и мастерские, управлять и заведывать домами, складами и прочими строениями, принадлежащими "Заготживсырье" и находящимися в пользовании конторы и сдавать таковые в аренду.

4. Нанимать и увольнять рабочих и служащих, для чего заключать трудовые договоры.

5. Совершать в конторах и отделениях Государственного банка, Торгбанка и в других кредитных учреждениях все операции в том числе пользоваться кредитом, открывать и закрывать расчетные, текущие и другие счета и распоряжаться ими, подписывать чеки платежные поручения [illegible] получать деньги и ценности, выда-


- 2 -

7. Представительствовать и ходатайствовать по делам конторы в местных государственных и общественных учреждениях организациях, вести дела во всех судебных и арбитражных органах со всеми правами, предоставленными законом стороне в процессе и с правом окончания дел миром.

6. Передоверять настоящие полномочия другим лицам в полном объеме, так и по частям с правом дальнейшего передоверия.

Настоящая доверенность принадлежит исполняющие обязанности директору Четской районной заготовительной конторой "Заготживсырье" Дальмагамбетову Тунгушбеку и действительна по тридцать первое декабря тысяча девятьсот пятьдесят третьего года.

Управляющий Карагандинской областной конторой "Заготживсырье":- / КАЛИЕВ /



**Тұңғышбек ақын 1963 жылы көшіріп жазып алған М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» дастанынан үзінді**

Жүрегім мен зарлымын жаралыға,
Сұм өмір абақты ғой саналыға.
Қызыл тіл қолым емес, кісендеулі
Сондықтан жаным күйіп жанады да.
Қу өмір қызығы жоқ қажытқан соң,
Толғанып қарауым сол баяғыға.
Түйіннің тоқсан түрлі шешуі бар
Әдемі ертегідей баяғыда.
Әдемі өткенді ойлап айнымасам,
Сұм өмір күшті уын аяды ма?

Ертегі уатпай ма баланы да,
Жазбай ма сөз сиқыр ғой жараны да?
Ақын да бір бала ғой, айға ұмтылған
Еркімен өзі - ақ отқа барады да.
Жай тақпақ жабайыдан сөз қалғанда,
Қанды ор боп ақын жолы қалады да.
Ойлайды, күңіренеді, толғайды ақын,
Көзіне күрсініп жас алады да.
Ақында адамзаттан дос болмайды,
Мен де ойды ағытайын қаламыма.

Арқаның көз жіберсем алабына,
Сарыарқа - сары дария, қиыры жоқ.
Кез болсын, қандай қыран талады да,
Ішінде сары дария көз тоқтар
Көкшетау - Сарыарқаның аралы да.
Көкшеде күні кеше қойдай өрген
Түрлі аң: бөрі, бұғы, маралы да.
Айырылып асау, ерке андарынан,
Көкшенің жас жүрегі жаралыда!

Арқада жер жетпейді Бурабайға,
Бөленген бұйра сыпсың қарағайға.
Бұлт күшік меңгі - меңзең Көкшетауға
Бөлек тау ой баурымдар анадайда.
Оқ жетпес найза қия - қыранға ұя
Қарасаң жанның шері тарамай ма.
Солардың ортасында Бурабай көл,
Мөп - мөлдір дөп - дөңгелек шөбі майда.
Бурабай - Арқа аралы жер еркесі,
Ертеде қоныс болған Абылайға.

Баурында Бурабайдың қызыл ағаш
Көкшенің жалыменен біткен жалғас.
Арудың ақпен өрген бұрымындай,
Қарағай, қызыл қайың, тал аралас.
Ертеде жел өтпейтін қалың ағаш,
Дариға, бұл күндерде жап - жалаңаш.
Қабырынан әулиенің алашқа артық,
Ертеде Абылайға орда болған ағаш.
Ордасын сол ағашта Абылайдың
Меккедей талап қылған тамам алаш.

Қиын күн туған қазақ баласына,
Шұбырып жаппанның сар даласына.
Кез болып жаудан үркіп ақ табанға,
Дұшпанның қалғандай боп табасына.
Арқаға аяқ салып, түскен келіп,
Екі оттың орыс, қытай арасына.
Күндереде мынау қара тапсырған ел,
Тағдырын Абылайдай данасына.
Сол күнде ел қорғаған Абылайдың,
Қылсам да аз қанша тәуап моласына.

Алыстан орыс, қытай ауыр салмақ,
Жақыннан тыншытбайды қалың қалмақ.
Алдында - өр, артында - көр, жан - жағы жау



Дағдарған қазақ енді қайда бармақ?
Сол күнде елге қорған болған Абылай,
Көп жаудың бірін жығып бірін арбап.
Күндердің бір күнінде хан Абылай,
Қалмаққа ойына алды ойын салмақ.
Ханынан аттан деген сөз шыққан соң
Ордаға батыр - билер келді аңдап..........

*1924 жыл.* *I.X.63.*

1924-жылы жазылған М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасының 1963 - жылы Тұңғышбек Дәлмағанбетұлы төте жазумен көшірген нұсқасының алғашқы және соңғы парақтарының көшірмесі.






باۋىرىندا بىز رابايدىڭ حىزمەت ىل ايماشى
كوكشە نىڭ جالى مەەن ر بىتكەن جالعاسى
ارىقدىڭ اقبەن ورگەن تولىمىندايى
قارا عاى حىزمەت قايىڭ تال ازالاسى
ورتەدە جول وتبەيتن قالىڭ ايماشى
داريعا بىزل كوندەر دە جاب. جالاڭاشى
قابىرمان اۋليەنىڭ ورلاشقا ارتىق
ورتەدە ابلايعا جوردا بولعان ايماشى
ورداسى سول اماشتا ابلايدىڭ
ەكەدەۋى تاۋاب قىلعان تامام الاشى
قىيىن كەزەڭ تۋعان قازاق بالاسىنا
شىعىپ جاپاننىڭ سار دالاسىنا
كەز بولىپ جاۋدان ۇركىپ اقتابانعا
دۇشپاننىڭ قالعاندايى بوپ تاباسىنا
ارقادا اياق سالىپ تۇسكەن كەلىپ
ەكى ە تەقتىڭ جوريسى. قىستان اراسىنا
كەز ندە ر دە تۇسىڭ قارا تابىسىعان ەل
داعدىرىس ابلايعا دانا سىنا
سول كەزدە ەل جىيعان ابلايدىڭ
قىلمىستىگى از قانشا تاۋاب مولاسىنا


كوكشەنىڭ ۋسا سەزە كەتكەن قاۋىپ
حىز اسپ سىرزايى. گەرەزەي قىلعان اۋسىق
الاي ابلايدان سەسكەنگەن سولق
جوزبەلدى ورتەگىنە قىستايدا اۋىپ
١١ سىلاۋ اردا گەرى باتىر بايار
بىر تۇمدا قالا بەردى تۇيىلاق قاۋىپ
جاعدايدا مەيىرىمدى بوپ جىلادى جەل
كوكىرەڭ ەر دەنە سوز تۇمىن جاۋىپ
ملەلىك تولقىندارى الى كونگە
ايت. ە ەرگە جوقتاۋ اۋىق. اۋىق.
ەرلەردى ەل ۇمىتسا جەر ۇمىتپاس
ەرلەردى ەل ۇمىتسا جەل ۇمىتپاس
ەل ۇمىتقان كونى قىزىقتىڭ بەرىكتىگىن
ەرلەردى ەل ۇمىتسا شول ۇمىتپاس
ەل ۇمىتىپ جانىنا كەتىپ تۇندەر تاڭقان
ەرلەردى ەل ۇمىتسا بەل ۇمىتپاس
دوكىشە دەن اتتانىپ كەپ جاۋدى قىرعان
ەل نىڭ ايىپ جاتقاردا ەرلى ۇمىتپاس
ارقانىڭ بەرى جەلى شوكى بە
ەرلەردى ۇمىتپاسا ەلدە ۇمىتپاس.

1924 جىل "تمت تامام"

٢.X.63.

A.T 6.

Тұңғышбек Дәлмағанбетұлы жазып алған Сәрінжіп ақынның «Жерімен қоштасқаны» өлеңінің көшірмесі.





Ақынның «Көк шолақ» дастаны түпнұсқа қолжазбасының алғашқы және соңғы парақтарының кешірмесі.







## Шет ауданы «Айғыржал» колхозының ақыны Тұңғышбек Дәлмағанбетов және «Қарасаз» колхозының ақыны Жәкен Байтуовпен айтысы

**Жәкен:**
Арқаның шыңға шыққан шынарындай,
Өмірдің жағып қойған шырағындай.
Болаттан шыққан жанмен қыранындай,
Заманым Сталиндік алтын ғасыр.

Орнаған адамзаттың мұратындай.
Жас өмір еркелеп тұр нәрестедей.
Адамның арман өткен қиялындай,
Қашаннан келем жырлап елдің даңқын.

Көтеріп күн шұғалы ұранындай,
Тағы да ақтаратын келдім кезім.
Өлеңді Алатаудың бұлағындай,
Ылғи да тудыратын жақын сезім.

Қасымда Тұңғышбегім сен отырсың.
Ақын ең сірә, туған сыңарымдай.
Көптен - ақ кездесудің сеніменен,
Жүреді кезі келмей сірә, мұндай.

Келіп ем Қарасаздан қалап сынға,
Елімнің оймен қырын тегіс шарлап.
Ақыным Айғыржалдан сен деген соң,
Әдейі айтысуға келдім арнап.

Келісіп ақын деген осындайда,
Жүйріктей әр бәйгіге қосылмай ма.
Сапырған сар қымыздай тәтті өлеңдер,
Арнауым аққан селдей қосылмай ма.



Ағызып аса шапсам биік өрге,
Ілеспес шабысыма ескен жел де.
Тұңғышбек ақын болсаң бұғып қалмай,
Үніңді шығар енді бүгін сен де.

**Тұңғышбек:**
Уа, Жәкен, жақын құрбы, замандассың,
Жасыңнан қатар өскен қаламдассың.
Өлеңмен жастайыңнан өнер тауып,
Талпынып алға ұмтылып қадам бастың.

Озуға артта қалмай қатарыңнан,
Табиғи заңы осылай адамзаттың.
Сағынып көптен көрмей жүруші едім,
Кел бері, қолым беріп, амандастым.

Жәкен - ау, сені мен біз бала жастан,
Сыр мінез емес пе едік әуел бастан.
Кешегі өткен заман өткел бермей,
Кештірдік басымыздан талай дастан.

Алтын Октябрьден нұрын шашып,
Ленин мен Сталин ед көзімді ашқан.
Жан кіріп бір біз емес бар әлемге,
Бөленді шат тұрмысқа жер мен аспан.

Па, шіркін, гүл жайнаған заман қандай,
Өнерпаз заманға сай адам қандай.
Болғанда жаңа өмір, бір ну бақша,
Қызығы тамсандырған тәтті нандай.

Ішінде сол бақшаның елді өсірген.
Көсемім Сталин тұр атқан таңдай.
Өлмейтін өмір, үш - бес бақыт берген,
Келбеті зор ғаламға жаққан шамдай.

Сарқылмас өнер - білім аққан бұлақ,
Советтің әр адамы татқан балдай.
Солардың мен де бірі еркін жүрген,
Сүйсіне еңбек етіп жаққан шамдай.

Қаласып коммунизм ірге тасын,
Жинадым бойға қуат шыққан күннен.
Еңбекте жеңді түріп ер атанып,
Шырқадым шаттық жырын көңілменен

Сын тартқан Отаныма жылда асып,
Ауылым бар Айғыржалдай берік іргем.
Бармақсың менен асып қайда Жәкен,
Мен де ақын, бал тамызған қызыл тілден.

Буынсыз қызыл тілде жоқ қой сүйек,
Сен де қапы қалма, тілмен сүйеп.
Мақтансаң табысыңды айтып мақтан,
Қаншасын Отаныма бердің тиеп.

Колхоздар ауданымнан мақтан болса,
Алдымен ауызға алар мені сонда.
Көк жасыл кең даламда егін толқып,
Мыңғырып малым өсті сыймай жонға.

Жәкен - ау бос мақтанба болып дардай,
Айтарлық табысың бар кінә қандай.
Мен айтсам байлығымды талдап - талдап
Қаларсың шаңымада ілесе алмай.

**Жәкен:**

Сайрандап сарарқаны самал желдей,
Ел кездім ақындықпен тыным көрмей.
Тұңғышбек артық сөйлеп асқақтама,
Мен Жәкен талайларды көрген сендей.



Алдыма асқар таудай шөксе - дағы,
Кеткен жоқ айтысқанның бірін жеңбей.
Дәл қазір Айғыржалдан Қарасаз зор,
Ендеше, кетесің сен қалай көнбей.

Төрелеп әділ жұртым тұрса аңдып,
Жүлдені кімге берер маған бермей.
Колхозым егін - малға бірдей шалқып,
Дәулеті тасқындады аққан селдей.

Жарысқан мәдениет тұрмыс - салтын,
Меруерт ақ жібекке шөккен зердей.
Ойласам, өзің менен біздің жайды,
Емес пе екі арамыз көк пен жердей.

Қарашы, сел боп аққан алабыма,
Арқаның салдым өрнек алабына.
Сай өскен ер адамым заманыма,
Түсірмесін ешкімнің табанына.

Көрмеппең Қарасаздың тасқын суын.
Қаңқылдап ұшып жүрген қаз бен қуын.
Толқыны асау дәлі тауды соғып,
Жұпардай исі аңқыған мұнар буын.

Майысып жас қайыңдай біткен құрақ,
Тұп тынық күміс суы бейне сынап.
Жер түгіл қара тасты салқындатад,
Шүмегін тоғанымның ашсам бұрап.

Тезекпай, Қайрақты мен Ұзын өлке,
Бұрыннан қоныс болған барлық елге.
Жасасқан осы жермен қарттарым бар,
Тұрғандай кіндіктес боп жермен бірге.

Ақ Сеңгір, Бидайық пен қарағанда,
Жұғымды мал семірткен шөбі дәмді.

Керіліп кермаралдай төсін ашып,
Байлыққа елді бастап шырқайды әнді.

Теңеуге тілім жетпес жыр шұрайын,
Көресің түгін тартса шыққан майын.
Көлемі көктен жазық көлбеп жатқан,
Құлпырған масатыдай егін жайым.

Көз жетпес Қарасаздың аймағына,
Абайлап қарап тұрсам жан - жағыма.
Сар дала сай саланы күңірентіп,
Тең өскен ел менен мал ол жағымда.

Арқада алып қақпа тұрған сәнді,
Құшақтап жатыр ғой ол сол бір маңды.
Балығы бал татыған, суы шәрбат,
Суарып өсіріп еді алтын дәнді.

Егінжай сол суарған көзім көрді,
Өткен жыл мың тонналап өнім берді.
Тұңғышбек, өз міниңді мойындамай,
Артылтып мақтамақсың енді неңді.

Піскенде күзгі егін өнім жинап,
Үйілді сарайларға астық сыймай.
Мүшектеп таратқанда сен қалдықты,
Біздікі қалды маржан алтын бидай.

Ақыным, кәне, осындай жеріңді айт,
Жеріңе жеміс еккен еріңді айт.
Қай жерден байлығыма тең келесің,
Келгенде терең барлап түптен сайып.

**Тұңғышбек:**
Тиістің маған келіп ақын Жәке,
Білемін өрісіңді жақын Жәкен.
Өзіңді шу дегеннен көтересің,
Осы болар ма екен мақұл Жәкен.



Атынан Қарасаздың айтысуға,
Қалайша бітті саған батыл Жәкен,
Менің де келе жатыр кәрі жыным,
Ал, сақтан, қалма енді қапыл Жәкен.

Ал, тыңда ағытайын өлең - жырын,
Тыңдасаң сөзім тәтті балдан шырын.
Айтуға колхозымның табыстарын,
Берейін енді баяндап бірін - бірін.

Колхозы Қарасаздың үлгі алғандай,
Ашайын Айғыржалдың барлық сырын.
Бақшадай гүл жайнаған колхозымның,
Отырған көп әлеумет көрсін түрін.

Па, шіркін, Айғыржалдың жері қандай,
Қос Доңғал қызыл биік белі қандай.
Ығына бір түйір қар жатқызбайтын,
Доңғалдан аса соққан желі қандай.

Сайында сылдыр қаққан ерке бұлақ,
Суының тәттілігі шекер балдай.
Көл анау көк аспандай шалқып жатқан,
Ағыны мың жылқыны суарғандай.

Сары су сонау жатқан төсін керіп,
Қос Күлік егіз Айса оған серік.
Жағалай жағасына біткен құрақ,
Сұлудың бөксесіндей тұр теңселіп.

Айдын көл ортасында күлімдейді,
Құлпырған Айғыржалдың елін көріп.
Келдіңдер мақтанатын үлесі бар,
Жыл сайын мың тонналап өнім беріп.

Орнатқан колхозшылар сән - салтанат,
Іргесін Коммунизм қолмен қалап.

Салынған мектеп, монша сонау тұрған,
Тамаша көз тартады тұрсаң қарап.

Табысын аз жылдағы Айғыржалдың,
Аз сөзбен жеткізе алмай бәрін санап.
Нұр шашып колхозыма сәуле беріп,
Жұлдыздай Ленин шамы тұр жарқырап.

Құлып бар дүмбірлеген іші сарай,
Ішіне сия - тұғын адам талай,
Арналып колхозға қырық үй салып,
Созылды қала болып, жоғары қарай.

Кеңсесі басқарманың, дәрігер үйі,
Тағы тұр қызыл бұрыш оны жанай.
Жайнап тұр бәрінде де электр шам,
Қарасаз тең түседі бұған қалай.

Асыра орындалды мал жоспары,
Қой - сиыр, жылқы мен құс қосқаны.
Бес жылды 4 - ақ жылда орындадық,
Нанбасаң, мәліметтен көр мынаны.

Жүз бұзау, жүз құлын мен 105 қозы,
Әрбір жүз аналықтан алынғаны.
Сүт сауып, бір мың бір жүз әр сиырдан,
Осындай табыстарым бар салынғаны.

Жәкенім, ақын болсаң, сөйле кәне,
Қарасазда табыстар болса және.
Дуылдап халық бәрі күтіп отыр,
Айғыржалдың жетістігін сөйлеп әне.

**Жәкен:**
Жүйрікпін жасымнан - ақ шыға шапқан,
Биіктеп дауылдаймын аса соққан.
Күшіме арыстандай кірген кезім,
Тұңғышбек, қапы қалма енді сақтан.



Айтамын жеткілікті тыңдаңыз ал,
Көрнекті колхозымда табыстар бар.
Жоспарлы малын түгел орындады.
Алдымызда неше мәрте жарыстар бар.

Ақсарбас, ақтылы қой жер қайысып,
Құйрығын көтере алмай белі майысып.
Маралбас ай мүйізді қошқар, теке,
Күрескен балуандай жүр сайысып.

Маңырап арасында тоқты - лақ,
Аққуға үн қосқандай салсаң құлақ.
Таумен, жас сардаланы күңірентеді,
Кеткендей жер дірілдеп аспан құлап.

Қой баққан 10 жыл Имаш шопан,
Шығынсыз баққан малы келеді аман.
Еске алып әр еңбегін жоғарғы орын,
Ер деген, атақ берген, орден таққан.

Қоғамға Имаш ердің істеген түрі,
Қарасаз, Қайрақты өзін туған жері.
Ұялап, ұрықтап жатып күргейледі,
Қойменен туысқандай бір мінезі.

Басқада Иман ердің табысы көп,
Алдынан біреуге мал бергені жоқ.
Арқа күші қайратының арқасында,
Еңбегі ел көзінен көрінді көп.

Қайсың бар Шабдейімен Орден алған,
Еліне ер атанып үлгі болған.
Заманның тау мен тасты етер талқан,
Ол да келешекте болар қалқан.

Жүлде алар жүйрік туған оза шауып,
Отарлар тасқа салды етпес қауіп,

Орденді Имашпенен Шабдейімдей,
Бар болса Айғыржалдан берші тауып.

Сен аса мақтай берме, жастарыңды,
Онымен арттырмайсың салмағыңды.
Тұрған жоқ соның сау қалпында,
Нанбасаң көрші барып аймағыңды.

Алыпсың бір «движок» құрып пішін,
Қыйт етсе кетеді оның моторы ысып.
Таусылып осы күні жағар майы,
Соқырдай шамдары тұр көзін қысып.

Ендеше, сол сенің мақтағаның,
Секілді ойыншығы жас баланың.
Май тауып алғаныңша ойдан - қырдан,
Менің де колхозымда жанар шамым.

Қазірде движогім, жағар майым,
Сымдарым, лампаларым бәрі дайын.
Тек қана бағананың ағаштарын,
Келмей жүр алдыруға бір ыңғайым.

Ақыным, бет алды сен мақтанба құр,
Алғысын шын жүректен әділдік сыр.
Алтынға теңеймін деп мыс пен жезді,
Нақыштап боясаң да болмайды түр.

**Тұңғышбек:**
Тәртіпті ұйым күшті Айғыржалда,
Екпінді коммунист пен комсомолда.
Ұйымның басшылығы арқасында,
Көбейді құрылыс та, егін, мал да.

Басқасын не қылайын айта беріп,
Он алты шөп машина, отыз арба.



Күрделі молотилка, автомобиль,
Жәкен - ау, колхозың да осы бар ма.

Ерекше Айғыржалды бүгін көрік,
Болуға Айғыржалдай әркім жерік.
Бармақтай асыл тұқым ақ бидайдан,
Тұрады екі ауданға тұқым беріп.

Колхозды жақсартуға еңбегі сіңген,
Еңбегін Әкімбектің көзбен көрген.
Табыстан табыстарға бастайды деп,
Колхозшы карияға толық сенгем.

Мақтадың Қарасаздың еңбек ерін,
Суы мол, шөбі шүйгін, барқыт белін,
Секілді Бегім Имаш атақты ерлер,
Мақтаны, бір сен емес барлық елдің.

Бізден де он екі адам үздік шығып,
Жоғары дәрежелі алды орден.
Ей, Жәкен, көрсетейін шабысымды,
Келтірдің тілмен тұрып намысымды.

Қайысқан төрт түлік мал, бітік егін
Бес кило бір еңбекте табысыңды.
Бір бауыр ұйымдасқан колхозым бар,
Кісідей ағайынды, абысынды.

Еңбекке жұмылудың арқасында,
Қол жетті мол табысқа осы мұнда.
Сайрап тұр радио колхозымда,
Дегендей Отанымнан хабар тыңда.

Алматы, Москвадан жырлар төгіп,
Сезімін колхозымның оятуда.
Өмірден күнделікті хабар алып,
Білімін көтеруге шарлатуда.

Алдырып газет - журнал колхозшылар,
Оқиды жаңалықты құмарланып.
Қарасаз мұндайдан бейхабар ғой,
Ойланам көз алдым тұманданып.

Атқора, орталықта өгіз қора,
Тағыда бір сарай тұр, тауық тола.
Дүкені ұста менен балташының
Ішінде темір соғып, ағаш жона.

Салынған түпкілікті бұл бір мұра.
Құрылыс Қарасазда бар ма осындай.
Аралас ығы - жығы, қой мен қора,
Жылдан - жылға өсетін мал басын - ай.

Ей, Жәкен, жете алмайсың құлашыма,
Келгенде анық сөздің расына.
Аралап құрылысын көріп едім,
Таң қалдым, Қарасаздың қорасына.

Араласып бейітпенен үй салыпты,
Нұрбайдың түнегендей моласына.
Төбесі баздарының майысып тұр,
Осы ма мықты салған мұрасы да.

Тағы да табысыңды айтып көрші,
Болмаса Имашпенен тынасын ба.
Құр босқа сөйлемей, шынынды айтшы
Әлде, маған басқа айла құрасың ба?

**Жәкен:**
Ал, енді бұлақтай боп ағыл жырым,
Алынды ақындардың тері бүгін.
Екпіндеп етім қызып үдей түстім,
Көрінді осы жерден мығымдығым.



Тұнғышбек, жалпы мақтап жатыр сарлап,
Екенін шын өтірік ұғындырдым.
Бар байлық саған ғана орнағандай,
Есуін желдей гулеп қара мұның.

Байқасам, бар өнерге ие адам,
Адамсыз гүлдене ме сірә заман.
Байлық пен дәулетімді өндірген соң,
Қол өнер, теңіз - ғылым шыққан содан.

Ендеше, адамдарының таңға жайып,
Еңбегін сөйлейтін кез келді маған.
Тұңғышбек, және тыңда ерлер жайын
Еңбегі үлгі болар оның саған.

Мысалы: сауыншым бар Күлшім сынды,
Еңбегін бүкіл аймақ аудан білді.
195 қозы алып 100 саулықтан,
Семізден өнім алып өріс берді.

Бір өзі үш кісілік іс атқарған,
Жігітті Құрманғали көзің көрді.
Тұңғышбек, Айғыржалдан алты ай іздеп,
Теңейтің тауып алшы, соған ерді.

Депутат Түсіпова сиыр сауған,
Майы ағып бармағынан балы тамған.
Мың литр жалғыз өзі сүтін сауып,
Жоспары артығымен орындалған.

Мамырлап майдан баспай қой мен ешкі,
Егізден қозы тауып өрбіп өсті.
Ауданда барлық колхоз сөз болғанда,
Қарасаз ең бірінші орын десті

Тағы да артық өсті сиыр, жылқы
Сол үшін күш жұмсады колхоз жұрты.

Қора мен мал азығы түгел сай боп,
Бұл күнде қолында тұр табыс кілті.

Мәдени - ағартумен тұрмыс жағы,
Гүлденген іші - тысы көркем сәнді.
Құлып пен монша, мектеп кеңсе үйлері,
Сәулеті құлпырып тұр соның бәрі.

Жөнделіп он төрт соқа бәрі біткен,
Тырнауыш он машина даяр жексем.
Он сегіз мал саны, он екі арба,
Шыққандай бәрі жаңа фабриктен.

Солардың тәңіріндей бір ұстам бар,
Бітірген бар жұмысты ерлік іспен.
Кәдігүні іске шебер аты Жұман,
Санаспай еңбек еткен кәрілікпен.

Жылқышы Малшыбаев Именәлі,
Өсуде жылдан - жылға баққан малы.
Ұлындай құлын туса қуанады,
Шыққандай жылқы десе шыбын жаны.

Ақыным көтересің өзіңді - өзің,
Әлгі бір баттып кетті - ау, айтқан сөзің.
Қойныңа кемшілікті тығып қойып,
Біреуге сөз айтасың көрмей көзің.

Аралап колхозыңды көрдім барып,
Бар екен 150 қой ақсақ сарып.
Қойыма, қойларың тең келе алмайды,
Күтімсіз баққан қойдын еті арық.

Емдемей ерте бастан азғындалып,
Ішінде аралас жүр қотыр ғаріп.
Қойым бар мақтанасың мұнша неге,
Кетпесін мал ауруы басқа дарып.



Ақыным, байқап сөйле артық кетпе,
Жеңем деп бұл айтыста үміт етпе.
Аралап қоймаларды көріп едім,
Үйіліп жатқан тері өтірік пе?

Боласың кей де жүйрік, кейде жорға,
Атақты колхоз едің шеттегі алда.
Ақсақты емдеп жазып алмау деген,
Ерекше нұсқау бар ма, Айғыржалда?

Тағы айтам колхозында тәртіп бәсең,
Бұзбай ма ондай жағдай сәніңді - әсем.
Ол жердің еңбегінде өнім болмас,
Дәл болар тәртіпсіздік кесел десем.

Ақыным, ағытсаң да тыңбастан жыр,
Мәлімсіз сірә, маған осындай сыр.
Кәнекей, берші маған, жөндеп жауап,
Қатарға неге жалқау қосылмай жүр.

**Тұңғышбек:**
Сөйлейсің ақын Жәкен аспанға өрлей,
Өзіңнің кемдігіңді көзің көрмей.
Орайсың алды - артыңды өлеңменен,
Бәйгіден күнде келген қара кердей.

Жаныңды қамшы басып қинайсың да,
Аздан соң болдырасың көзің терлей.
Қаншама озамын деп тебінсең де,
Бәйгіні мен аламын саған бермей.

Жайнап тұр Айғыржалдың еккен бағы,
Айтамын жетістік деп оны - дағы.
Бағыңда неше түрлі жеміс өсіп,
Өнімін колхозыма берер тағы.

Мақтауға ел мен жердің байлықтарын,
Ақынның бөгелеме тіл мен жағы.
Осындай табыстарым боп тұрғанда,
Тұқаңның қалай сынар сенен бағы.

Жоңышқа сексен гектар еккен жерден,
Гектардан екі тонна өнім берген.
Бидайдан орта есеппен алған түсім,
Оның алды алты - жеті центнерден.

Оспанның Қапай менен звеносы,
Алғаның жүз жиырма пұт көзім көрген.
Екі жүз қырық мың сом ақша тауып,
Ауданда орын алдық келіп төрден.

Мемлекет алдындағы міндеттеме,
Ет, май, жүн, жұмыртқа, ақшалай сый.
Бәрі де артығымен орындалды,
Осымен сөйлей бермей, сөзінді тый.

Он мың пұт Отаныма астық беріп,
Көптеген көмектестік көршілерге.
Жәкен - ау, Айғыржалдай болам десең,
Еңбекке жұмылындар өршіме енді.

Жалқау көп колхозында неше түрлі,
Қыдырып бос жүретін ойда - қырда.
Қордабай, Қожан, Сауқымбегің,
Еңбекке араласпай жүр қашып мұнда.

Рысбек, Ақтай, Серік жалқауларың,
Өткен қыс жүзден артық қойды қырды.
Осындай жалқаулардың салдарынан,
Қарасаздың халқының ойы мұңды.

Ей, Жәкен, бері қара, сөзді тыңда,
Шамданба бұл айтылған әділ сынға.



Байқашы, өзің ойлап шам туралы,
Жаңағы айтып кеткен сөзің шын ба.

Сайманы электрдің дайын десең,
Естіп ем дайын емес лампа - сым да.
Шөпке алған қайда сенің Қоңыратың,
Электр орната ма осы жылда.

Таққанша маған кінә майың жоқ деп,
Өзің шам орнатып ал сөз де тұр да.
Әйтпесе, өтіріктен түк шықпайды,
Бағаналар үйіліп жатыр қырда.

Шебері социалдық құрылыстың,
Тетігін білетұғын қиын істің.
Ұстам бар Ашынайдай дарқан зергек,
Өнері бар ұстадан болған үстің.

Бітіп тұр әлда қашан соқа - сайман,
Өтірік дей алмайды мұны ешкім.
Бітіп тұр дайындығы көктем егіс,
Жөнелді керек сайман бәрі тегіс.

Мойысқа шығатындай төрт сеялка,
Қатар тұр беремін деп жерден жеміс.
Үш мың пұт тазалаулы сортты тұқым,
Дайын тұр басталса да ертең себіс.

Қыртысын қара жердің аударуға,
Елу ат, күтімде тұр тоқсан өгіз.
Жегені күні - түні көк жоңышқа,
Мінген ат, жеккен өгіз бәрі семіз.

Осындай дайындығың болмай қалып,
Жәкен - ау, алып жүр ме ертең сөгіс.
Қарасазбен салыстырсаң біздің жақты,
Тындырылды Айғыржалда өте көп іс.

**Жәкен:**
Өмір сән, өмір қызық, өмір думан,
Адамдар арманына жетті қуған.
Бұл дәуір айдан сұлу, күннен ыстық,
Мен құрдас бұл заманмен бірге туған.

Айнала гүл бақшадай жұпар аққан,
Шығады шаттық әндер көкке шалқып.
Болғанда арқа белі шексіз мұхит
Кемедей кеудесіне жүрміз қалқып.

Ауылда орнатып жазда жібек майса,
Бауырын ақмамығым жамылады,
Кеудесі күмістей боп жатқан балқып,
Қарасаз нашарлықты не қылады.

Гүл таққан аққыраудан әр бұтасы,
Үкінің балапанындай көзді тартып.
Жырладым меруерттей алтын дәнді,
Кең далаға керілген көрік қалқып.

Талықсып желсіз күні көл бетінде,
Ішінде қыз - бозбала салған әнді.
Осындай жерімнің өлкесінде,
Табиғаты Қарасаздың өте сәнді.

Майда қоңыр салқын жазғы таңда,
Қаптайды қалың адам сонау жонға.
Сабылып астық артқан керуендей,
Жиналған сұлу бидай қырмандарға.

Шаттық пен туған жердің басып теріп,
Елімізде еңбек ету қандай көрім.
Бүгінгі еккен дәнің ертең өніп,
Ел көрді ақталғанын маңдай тердің.



Сонда бір төгемін жыр шаттықпенен,
Қайысқан қалың малға алабым кең.
Табыс пен байлықты айтсам таусылмады,
Тұңғышбек, дәл осыған тапшы бір тең.

Бақты айтам, байлықты айтам, дәулетті айтам,
Сәнді айтам, салтанатты, сәулетті айтам.
Бай жерді, байтақ елді, батыр ерді
Жыр етіп еңбектерін талдап айтам.

Ал енді бітті сөзім, дамылдадым.
Сен айтқан сындарыңды қабылдадым.
Түзейміз келешекте ісімізді,
Мойындап кемшіліктің табылғанын.

**Тұңғышбек:**
О, Жәке, өктем - өктем сөзің ірі,
Өзіндей ер ақынның мен де бірі.
Батқан соң айтылған сын шымбайыңа,
Жәкеннің жаңа шықтау өткір тілі.

Қаншама қара тер боп мақтасаң да,
Белгілі Қарасаздың маған сыры.
Өткен жыл ескі жерге егін салып,
Аңызды қаптап кеткен қара сұлы.

Өткен жыл ескі жерге егін салып,
Аңызды қаптап кеткен қара сұлы.
Колхозың биыл тәуір астық алды,
Айтамын зор табыс деп мен де мұны.

Табысты мен айтайын талай талай
Қарасаздың басшылары Оспан, Қатай
Куәсі табысының кеудесінде,
Қызыл Ту ордендері жүр жарқырай.

Сен түгіл Шет ауданда ешбір колхоз,
Мол өнім алған емес осылардай.
Суы мол, жерің «семіз» болсадағы,
Табысың бар ма Жәкен тап осындай.

Депутат Байбалам бар сиыр сауған,
Мың бес жүз әр сиырдан сүтін алған.
Өсірген бордақылап жүз бес бұзау,
Өгіздей бәрі семіз, бәрі бағлан.

Мақтайсың нағып сен де Күлшіміңді,
Табысы Байбаладан кейін қалған.
Айтсаңшы көрікті қып өр ісіңді,
Болса егер Байбаладай етек жайған.

Оспан жүр Мырзабеков қойды жайып,
Бұл - дағы іс істеді ерге лайық.
Қозы алып жүз он сегіз, жүз саулықтан,
Табысы жылдан жылға тұр ұлғайып.

Қоралар, мектеп, монша, сарай кеңсе
Үй салды колхозшыға әлденеше.
Бәрін де өз қолымен қалап шықты,
Қиын іс тез бітеді Текен келсе.

Жылқысын колхозымның Түсіп бақты,
100 құлын 100 биеден құлындатты.
Басқадай жанұясын қоспағанда,
Бір өзі 900 түн еңбек тапты.

Сол тапқан еңбегіне 1000 сомменен,
246 пұт астық апты.
Алдынан бір бас жылқы шығындатпай,
Жайнатып семіз қылып бағып - қақты.

Жүйрік ат шапқаннан - ақ ерге қанат,
Аттанса байтақ жатқан елге жанат.



Алты аттап айшылықты, еті қызса,
Ұшқандай қанат байлап алса жарап.

Атақты Қобыландының буырылындай,
Бар екен Айғыржалда ақтабан ат.
Мақтауға мұны қалай қоспайды екен,
Ақтабан жұма сайын қасқыр соғад.

Тұр екен ақтабанға мінсе барып,
Қолына сала құлаш шоқпар алып.
Кездессе қасқыр түгіл жолбарысты,
Соғады тас төбеден бір - ақ салып.

Мал қыстап жеті орында мекендеген,
Бес мая әр мекенде шетендеген.
Жабдығы бәрінің де қамтамасыз,
Керосин, панар, басты оттығымен.

Мамықтай астында бар төсеніші,
Тап - таза жарық жылы қорасы кең.
Жәкен - ау, төрелігін өзің айтшы,
Қарасаз Айғыржалға бола ма тең.

Сенде жоқ бас жіп, оттық екі базда
Қойдай боп қамалады өгіз базға.
Оттыққа байлап шөбін салмаған соң,
Жатады қалай олар қалың сазға.

Сайысып өгіздерің «қылыш - найза»,
Түрткілеп бірін - бірі қуғаны аз ба.
Соқтырмай сонша базға жалғыз оттық,
Жәкен - ау не бітірдің өткен жазда.

Ал, Жәкен, қысқартайық ерегісті,
Айтайық сөзді қойып істер істі.
Ұмытып айтпай кетіп барады екем,
Ауылыңда бір нәрсеге көзім түсті.

Қарап ем жан - жағыма назар салып,
Таңдандым бір ісіне қайран қалып.
Колхозбен ауыл Совет кеңселері,
Адам жоқ иесіз тұр құлыпталып.

Тағы да көре алмадым монша қайда,
Моншадан білемісің қанша пайда.
Моншаға жұма сайын түсіп тұрсаң,
Болмай ма денсаулыққа сонша пайда.

Бар дедің бізде монша өп - өтірік,
Сөйледің бір азыр - ақ сен де лепіріп.
Моншаның өзі түгіл орны да жоқ,
Мақтану неге керек бос көпіріп.

Бастығы ауыл совет Нағыш қайда,
Ол неге мұны көрмей жүрді сайға.
Шөпшілерді жинауменен бос жүргенше,
Басшылық неге етпейді осындайға.

**Жәкен:**
Тұңғышбек, тоқта дедім тоқтамадың,
Намысы Айғыржалдың жоқтағаның.
Байлығын мал жағынан асырған соң,
Байқасам Айғыржалда көп тамағың.

Соқтың ба жұмасына сен бір қасқыр,
Қалыспас ақтабаннан біздің ақ сұр.
Қарасаз Айғыржалды қуып жетер,
Әзірше мақтаныңмен табысқа тұр.

Тағы да таққан мінің болды мола,
Төбе ғой тұрған жері байқап қара.
Көктемде су баспасын деген оймен,
Әдейі салдырғанбыз соған қара.



Және де ескілікті өмір белгі,
Ескерткіштей мекендеп тұрған дөңді.
Бұз деген ел белгісін жоқ қой нұсқау,
Көшіріп әкетем бе бүкіл жерді.

Тұнғышбек, таққанша сен ондай кінә,
Ақыл айт Әкімбекке тұрған мына.
Жоспарға екі жылқы жетпей қапты,
Осының завфермадан жөнін сұра.

Айтып тұр Айғыржалды өте бай деп,
Егіні төрт түрлі бәрі сай деп.
Жоспарға екі жылқы жетпей қалса,
Қалай мен айтпаймын ұят - ай деп.

Ақыны Айыржалдың енді тоқта,
Табыстар айта берсем мен де жоқпа.
Табысын Айғыржал мен Қарасаздың,
Көрсеттік шебер тілмен осы топқа.

Рас қой кемшілік бар талай бізде,
Деген мен құр емессіз одан сіз де.
Мүшесі Қарасаздың сендерге айта,
Айтылған кемшілікті сен де түзе.

Әділ сын ауру іске ем болады,
Нұсқайды келешекке жол жобаны.
Ту етіп кемшілігін келесі жыл,
Қарасаз Айғыржалға тең болады.

**Тұңғышбек:**
Бақшадай гүл жайнаған қазақ халқы,
Өркендеп алға басып шыққан даңқы.
Айтыспай кемшілігін түзейтұғын,
Қазақтың келе жатқан бұл бір салты.

Басынан өлеңменен біздің казақ,
Кекетіп бірін - бірі мінеп қажап.
Өзінің жетістігін тарту қылып,
Біреудің кемшілігін қылған мазақ.

Абай да жазып талай өлең жырды,
Толғанып алуан - алуан ән мен сырды.
Ұялып ақылдылар түзелсін деп,
Ел мінін айтқан жоқ па неше түрлі.

Жамбыл да өле - өлгенше елді жырлап,
Мақтаған жетістікті жеке сырлап.
Біреудің мінін көрсе кете қазып,
Алған емес ешкімнің сөзін ұрлап.

Уа, Жәкен, сол сияқты сен де қазақ,
Көрсең де елің үшін қанша азап.
Өлеңмен ел намысын оята бер,
Қатардан қап жүрмесін болып мазақ.

Әр ақын елінің жырлар жырын,
Мен айттым Айғыржалдың шындық сырын.
Жаныңа батты білем айтылған сын,
Айтысып көрмесем де мұнан бұрын.

Сөзіме тыңдаған отырды ұйып,
Ғафу ет артық кетсе сөзім тиіп.
Өзің де ырза болған сияқтысың,
Мойындап айтқан сынға басыңды иіп.

Сәлем айт Қарасаздың мүшесіне,
Түсе ме өткен жылғы ісі есіне.
Арадан аластатсын жалқауларды,
Жасырып сақтай бермей кісесіне.



Осымен бітірейік сөздің артын,
Байқады отырған жұрт ақын парқын.
Сарқылмас сөйлей берсе жыр бұлағы,
Отырса риза болып барша халқым.

**Алтыбайдың бітімі:**
Ісі мен аты шыққан Айғыржалым,
Ильичтің жарқыратып жақтың шамын.
Табандап жылқы өсірдің шұрқыратып,
Тұқымын асыл етіп айғырлардың.

Тауың бар тамылжыған Тағылыдай,
Төрт түлік қоректенген алып дәмін.
Көркің бар жайылымды қысы жазы,
Табиғат таңдап берген шөптің балын.

Егінде еңбегін бар мол өнімді,
Жақсартқан колхозшының тұрмыс қалын.
Елдегі кемшілікті атқан кезде
Қос ақын намыстанды болып жалын.

Табысың татарлықтай бүгін көпке,
Айтылды жетістік пен кемшілік те.
Аз күнде сені қуып жетемін деп,
Қарасаз түсіп отыр жекпе - жекке.

Сенен де Қарасаздай шықсын батыр,
Осыған колхозшының бәрін шақыр.
Қарасаз мақтанады еріменен
Жұмысың болсадағы оған татыр.

Батыры атақты Имаш Қарасаздың,
Ақыны Қарасаздың оны жаздың.
Қай адам Қарасазды кемітеді,
Тұрғанда Имаш сынды өнерпазың.

Иман жоқ сендерде демейбіз біз,
Үй, сарай, мектеп, клуб, мал базыңа
Жұмылып еңбек етсе колхозшылар
Қарасазда таусылмайтын мол қазына.

Аталып ақын деген ерікті елден,
Асқар тау алабы кең байтақ жерден.
Табысын ортаға сап колхоздардың,
Ақындар жеткіздіңдер шешен тілмен.

Құмартып тыңдады елің құлақ салып,
Үндердің кетті аспандап көкті жарып.
Сүйсінді отырған ел сөздеріңе,
Қарасаз, Айғыржалдың қалын танып.

Ал енді осыменен тоқталсын сөз,
Бұл айтысқа баршаңыз салдыңыз көз.
Халықтың осы отырған тілегі сол,
Елің үшін қиындыққа әрқашан төз.



# Тұңғышбек Дәлмағанбетұлы жазып алған ауыз әдебиеті үлгілері

## Балқан мен Жұматайдың айтысқаны

Күнтайдың ағасы Нілдібайдың қызы Балқан деген ақын болыпты. Бір тойда Базар бидің баласы (о да Карсон Бидай) Жұматай бимен айтысады.

**Жұматай:**
Көк домбақ, мұнан тәтті қыз бар ма екен,
Сөйлеуге менен бұрын сөз бар ма екен.
Өлеңге атым шыққан мен Жұматай,
Менімен айтысатын қыз бар ма екен?
**Балқан:**
Жігітке жарамайды құры жалпаң,
Сен жүрдің бойдағында сыпай - салтаң.
Болғанда сен іздеген, мен сұраған
Кез болды қарсы алдыңнан ақын Балқан.
**Жұматай:**
Балқан қыз сен еркіңмен жүрген жоқсың,
Екенім мен Жұматай білген жоқсың.
Базардың төрт баласын әркім білген,
Бізбенен айтысар қыз туған жоқсың.
**Балқан:**
Ақ бүрген, қара бүрген - бәрі бүрген,
Базардың төрт баласы иттей үрген.
Мақтанба, көрмегендей Жұматайым,
Жеңгенде апам Күнтай қайда жүрген.
**Жұматай:**
Туады қырық үйекпен сүмбіледе
Туғанын сүмбіленің кім біледі?
Айтасың өтірікті Шолақ Айдар,
Жеңгенін апаң Күнтай кім біледі?
**Балқан:**
Мінгені Жұмекеңнің құла деймін,
Жұмекең сөзге нанбас сірә деймін.

Адамның бұл үйдегі бәрі дұшпан
Нанбасаң әкең Назардан сұра деймін.
**Жұматай:**
Балқан қыз саған біткен шырай, көрік
Сөйлейсің шаршы топта маған келіп.
Ежелден жақын ағаң мен емес пе,
Алжанның не қыласың сөзіне еріп.
**Балқан:**
Қарасу есік алды бойлағаным,
Дүние көз жетпейді ойлағаным.
Жұмеке, мені ұмытсаң құдайды ұмыт,
Кім еді сенен бұрын ойнағаным?
**Жұматай:**
Мінгенім дәйім менің сары болмас,
Жігіттің дәл ойнайтын жары болмас.
Тілесе Алжан түгіл Елшібекті ал,
Шөп желке Шолақ Айдар дәрі болмас.
**Балқан:**
Жылқылар тебіседі саяғынан,
Шығады Алжан дауысы қайағымнан.
Бір сөзді теңім бе деп айтып едім,
Отырмын сендей кедей аяғымнан.
**Жұматай:**
Нілдекең неге қойған қызын тыймай,
Мен жүрмін дүниені кезіп қимай.
Айтасың өтірікті Шолақ Айдар,
Есіркеп мыңды айдаған атам Бидай.
**Балқан:**
Жағалай Келіншекті елім қонған,
Көргенде Нілдекемді көңілім толған.
Мақтанба, көрмегендей Жұматайым,
Нұрланға сенің атаң қоңсы қонған.
**Жұматай:**
Ел көшер күзді күні теңізіне,
Мінеді тапқан мырза семізіне.
Бетіме оның несін қылдың салық,
Ежелден Карсон - Керней негізме.



**Балқан:**
Нұрланның сен жылқысын бақпадың ба,
Нұрланға шай қайнатып жақпадың ба!
Өкпелеп Имамбайға Нұра көшіп,
Сөзімен сен Қарпаңды таппадың ба?

Құлекеден жазып алып едім. Шара біледі екен. 1957 жыл.

## Күнтайдың Бозбаймен айтысы

Күнтай Беген байдың (Карсон) қызы. Нілдебайдың қарындасы. Оған Алтайдың (Қуандық) бір мықты жері құда түсіп, қалың мал беріп жүреді. Күйеу бала нашарлау болу керек. Қайынына келіп, Күнтаймен ойнап жүрмейді. Күнтай бойжеткен қыз болғандықтан, оны әркіммен өсекке таңады. Әсіресе, Бегалы байдың ауылында жатқан Қасым, Шәріп деген ноғаймен өсектейді. Бірақ Күнтай жақсы қыз, өзі ақын, таза жүреді.

Алтай қалың малын түгел беріп, енді Күнтайды алғалы көп иісімен (ел адамдары, жігіт ағасы, ақын) күйеу келеді. Сөйтіп Күнтайды ұзататын той болады. Сол тойда күйеу жолдасы Бозбай (ақын) өлең айтып, Күнтайға тиіседі. Кейбіреумен ойнап-күлдің деп жала жабады. Бұған қарсы Күнтай да өлең айтып, екеуі айтысып кетеді.

**Бозбай:**
Алтайдың алып келдім қариясын,
Көрсеттім көз алдыңа кәрі - жасын.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Аман ба, Күнтай бала малы - басың?
**Күнтай:**
Қорасы малыңыздың аман шығар,
Мал іші анау - мынау болған шығар.
Қайтесіз өткен іске көнесіз де,
Мал берген мал иесі жаман шығар.

**Бозбай:**
Басы еді өлеңімнің айым - қайым,
Білемін айтпасаң да Күнтай жайын.
Ел баққан, ел иесі деп естуші ек,
Не дейміз қыз ағасы Нілдібайын.
**Күнтай:**
Басы еді өлеңімнің айым - қайым,
Білемін айтпасаң да Алтай жайын.
Нілдекем, ондай іске қосылмайды,
Еліңде к.. қори ма Қосыбайың?
**Бозбай:**
Өлеңді Күнтай ақын қозғайды екен,
Жүйріктен жүйрік ұзап озбайды екен.
Тұлпарды ноғай - қазақ бірдей жайлап,
Шырағым, ат арқасы тозбай ма екен?
**Күнтай:**
Осы Алтай неге келген тозған к......,
Жиналып ноғай - қазақ созған к..
Алтайдың ақша қарда өзі - ақ керер,
Жарқырап бәйге атындай озған к....
**Бозбай:**
Аралап биыл тауды құс салғаным,
Құрысын, қиын құздан түлкі алғаным.
Бар еді бір Алтайым асыранды
Ширкінді құсқа алдырмай ит алғанын.
**Күнтай:**
Салтың жоқ келіседі бозбалаға,
Жексұрын бір адамсың қыз балаға.
Әркімнің лайықты нәсібі бар,
Тау, Алтай, неге алдырсын таз балаға.
**Бозбай:**
Жақсы адам айтқан сөзден ауырлай ма,
Тұлпарды мәстек қуып сауырлай ма?
Өсек бар қазақ түгіл ноғай деген,
Күнтай қыз тақымыңыз ауырмай ма?



**Күнтай:**
Тіліңді тарта сөйле қара көсе,
Үркеді елдің шеті сені көрсе.
Білбілдің ауырмаса жаны шықсын,
Қайнаға жаның ашыса тілің төсе.
**Бозбай:**
Кесектің арсыз екен қыз баласы,
Қораңның тозған екен айналасы.
Болсаң да басың алтын керегің жоқ,
Алтайдың ауылға қайт бозбаласы.
**Күнтай:**
Шаруасын мал иесі абайлаған,
Мен Күнтай қораңызды сарайлаған.
Неше жыл еңбек еттім сіздер үшін,
Суықта паналар деп бала - шағаң.
**Бозбай:**
Ант атқан, тәңір атқан, құдай атқан,
Аулыңда селтей ноғай алты ай жатқан.
Күнтайдың оңбағаны сол емес пе,
Бес кез ланке матаға к.... сатқан.
**Күнтай:**
Ауылымда жатқан ноғай Қасым да Шәріп,
Ешкімге жазығы жоқ өңкей ғаріп.
Ноғайға к.. түгілі мал бергем жоқ,
Отырмын бар асылын несие алып.
**Бозбай:**
Мен Күнтайдай көргем жоқ тәңір атқан,
Аулында селтей ноғай алты ай жатқан.
Ал күманға к.. үшін өтемін деп,
Топшағың өткен жыл арам қатқан.
**Күнтай:**
Айт дегенде айтамын айым - қайым,
Айтпасаңда білемін Алтай жайын.
Ажал жетіп Алтайдан кісі өлмесе,
Биылғы жыл неге өлді Қоспайың?

**Бозбай:**

Ақ мата, қара мата - бәрі бата,
Түсін, бұлар әуминға қылған бата.
Бұл жерде қаракесек күлдей ісін,
Алмаймыз, Күнтайыңды малды мата.

**Күнтай:**

Бұл Бозбай сөз сөйлейді Мәтіменен
Ақсақалы ішінде шалы Мәнен.
Қанша айтсаң да біздің к... тазаланбас,
Сылып тастап алмасаң балыменен.

Он бір ата жиналып келген екен,
Тоқтамасын Күнтайдың білген екен.
Қарасақал, ақсақал бәрі шұбап,
Біздің Шолақ болмаса өлген екен.

Осы айтысқа тойға жиналған елдің бәрі жиналады. Құдалардың ішінде Қабай (би) деген кісі болады. Карсон-Кернейден: Саттыбай, Жұматай, Арапбай деген билер болады. Екі ақынның өлеңдеріне екі жақ та қызып, жанжал болуға айналғанда жоғарыдағы билер тоқтау айтып елді басады Қуандықтан келген құда Қабай би өз адамдарына, әсіресе Бозбай ақынға ұрсады. Сен жеңілдің, Күнтай жеңді, сен алғашқы өлеңнен бастап жеңілдің деп билік айтады. Енді айтыс тоқталсын. Бірақ өлең тоқталмасын. Күнтайдан өлең естиік дейді. Мұны басқа билер де қостайды. Сөйтіп Күнтайға басқа өлең айтсын деп өтінеді. Сонда Күнтай мына өлеңді айтады.

**Күнтай:**

Алтайдың кәрі, жасы түгел келген,
Күнтайдың жазығы сол сәлем берген.
Ақын деп осыны да айта ма екен,
Бозбайы жоқ ауызға аттай желген.
Қайтейін, аталы өлең айта алмады,
Тұрған жоқ мұны білмей Күнтай мерген.



Құдай - ау, мен не жаздым Бозбайыңа,
Жүрмей ме жақсы кісі өз жайына.
Біреудің оң жақтағы қызын қорып,
Қойып па белгі басып борбайына.

Кек бар ма сіздің елде Күнтай дескен,
Мен Күнтай алдыңда желдей ескен.
Құр жала жабылады Күнтай затқа,
Әділдік болар ма екен толық шешкен.

Қайнаға кез болдыңыз жол тосқанға,
Қашан кезі келгенше шын қосқанға.
Адамды алтын сүйек қорламаңыз,
Күнтай осал жау емес кілті аспанда.

Әлеумет, құлағың сал мына сөзге,
Болмайды жазылғаннан ешбір өзге.
Сіздерден ұялғаннан сөйлей алмай,
Ұқсады алтын жүзім мыс пен жезге.

Дем бітіп оралғанша ақша бөзге,
Күнтай шалқып кетпей ме ерген сөзге.
Күнтайды сыпайы сөз тоқтатады,
Еш нәрсе тоқтата алмас онан өзге.

Қайнаға, неге отырсың бойың балқып,
Егес сөзге кетпей ме Күнтай шалқып.
Қайнаға, көп таянба, қашық отыр,
Барады жел жағымнан тазың аңқып.

Қайнаға, көп мақтама, таз баланы,
Ақылы таз кісінің аз болады.
Көрмеген түлкі түгіл қоян алып,
Бір қонса саз қайнаға мәз болады.

Күнтай келін болып ұзатылады. Күнтай барғысы келмесе де, ол кезде еріксіз мал берген жер алмай қоймайды. Күнтай келін болып алғашқыда барған бетте Бозбай ақын алдынан шығып беташар өлеңін айтады.

**Бозбай:**

Айт келін, айт келін,
Атыңның басын тарт келін.
Жақтырмайды біздің ел,
Бұрыңғы беттен қайт келін! -

деп кекетіп өлең айтып мазақтайды.

Күнтай оған жасымай қарсы өлең айтады.

**Күнтай:**

Бұл жерде таз қайнаға тағы бар ма,
Басыңа теңге тіксем тазара ма?
Мал түгіл ердің құны бітсе керек
Әкеңнің к....н өлген құны бар ма?

**Бозбай:**

Ақ та емес, қара да емес, түрі келін,
Күле берсең к......ң соры келін.
Еліңде анау - мынау болған шығар,
Қалғанын мұнан былай қоры келін!

**Күнтай:**

Ақ та емес, қара да емес, мен бір түрі,
Білемін күле берсем к....ң соры.
Елімнен аман - есен алып келдім,
Қайнаға ендігісін өзің қоры.

Сонда Бозбай тағы өлең айтайын деп ыңғайланған екен басқа жігіттер, қыз - келіншектер айтқызбай Күнтайды қоршалап ауылға алып кетіпті.Отқа май құйып, Күнтай келін болып, оң жаққа шымылдық құрып шәлі жамылып отырады. Шымылдық ішінде толып бірнеше қыз - келіншектер отырады. Күнтайдың барған үйі Қуандықтың жері болса керек. Әркім келіп құтты болсын айтып, шай ішіліп, ет жеп жатады. Бір күні сол елдің ақсақалы Долан би деген кісі келіп, құтты болсын айтады. Шай ішіп,ет жеп болғаннан кейін, Долан би табақтың түбін шымылдық ішіндегі Күнтайға беріп жібереді. Күнтай



сәлем етіп, өлең айтсын деп сұрайды. Оны Күнтай естіп отырады. Табақты алып келген жігіт Күнтайға табақты ұсынып, жаңағы сөзін айтады. Сонда Күнтай айтады:

Сұрасаң менің атым Күнтай құйын,
Болғанда Көпбай - қазы, Андас - биім.
Біздерге жаңа келген өлең айт деп,
Отыр ма к...і даулап Долан биің? -

дегенде естіп отырған Долан би өлеңнің артын айтқызбайды, тоқта - тоқта шырағым, рахмет, енді айтпай - ақ қой деп тоқтатыпты.

Құлеке Сейтқасымұлынан жазып алдым. 1957 жыл.
Киікті станциясы.

## Күнтайдың Сабалаққа айтқан әзілі

Саржан байдың баласы Сабалақсың,
Күнтай аттан жығылса табалапсың.
Сырттан айтсам Сабеке, өсек болар,
Дәл көзің, айтайын жаман - ақсың.

1944 жыл Алматы қаласында Қарағанды облысының ақындары мен Семей обылысы ақындары айтысы.

Қарағанды ақындары атынан Маясар, Семей ақындары атынан Нұлыбек ақындар айтысқа шықты. Сонда Маясардың бастап айтқаны:

Астанам мәртебелі орның биік,
Қараймын көрген сайын жаным сүйіп.
Ардақты алтын ордам аманбысың,
Алдында сәлем бердім басымды иіп.

Арқадан Алатауға келдім өрлеп,
Қара алтын қызыл мыстай аққан сел боп,
Екпінім басылатын емес тіпті,
Алмасам біразырақ жырмен желдеп.

Жүрегі - мен болғанда, миы - сенсің,
Осынау кең алаптың жатқан көлбеп.
Қашаннан қазақ едік келе жатқан,
Бесігін дүниенің әнмен тербеп.
Елімнің аруағын көтерейін,
Қырандай қанатымды көкке сермеп.

Тұлғалы ел - жұртымның өз бейнесін
Кестелеп шым жібектен салсам өрнек,
Қақ жарған қара қылды әділ жұртым
Бәйгені маған бермей кімге бермек.

Бір кезде ай тұтылып шалқалаған,
Ел мұңын таудан ауыр арқалаған.
Сол елдің әруағы қолдаған соң,
Күн сайын ән салуды қолқалағам.

Жазы - жау, қысында - жұт қалтыраған,
Дәрменсіз от басынан артылмаған.
Кешегі елдің жайын есіме алсам,
Өр дауысым күрмеледі саңқылдаған.

Жанымды тамзық қылып жандырғамын,
Ел үшін тұнық жырмен қандырғамын.
Ту етіп, жүрегімді қолға ұстап,
Қатардан қажығанды қалдырмадым.

Қай күнде айтшы, жұртым, аялдап ем,
Өлуге таң алдында таянған ем.
Жарық күн октябрьде тумағанда,
Жақындап болдыруға аяңдап ем.

Лениннің партиясы құдіретті,
Халыққа шапағатын, нұрын төкті.
Данасы даналардың ұлы Сталин,
Жаныма мәңгі бақыт гүлін еккен.



Сілкінді жансыз дала жатқан көлбеп,
Кеудесін қаһармандай қуат кернеп.
Азат ел өсіп, өніп өрлеген соң,
Лепіре тасқындады жырым салдеп.

Жарыста ер намысын кекке қайрап,
Арқадан саңқылдадым тынбай сайрап.
Тас түйін миллион қол жұмылған соң,
Қазаны зор еңбектің қызды қайнап.

Күшіме жер исініп алтын атты,
Бау - бақша сан тақырдың бетін жапты.
Күннен - күн қуаттанған Қазақстан,
Ноқталап найжағайдың нұрын жақты.

Өлшеусіз жігіт жаста меңгергенім,
Қиырды болат жолмен шеңберледім.
Гуілдеп самұрықпен көкке шығып
Бойыма асқарларды теңгермедім.

Құрышпен құндақталған іргем берік,
Бойыма бірдей бітті бақ пен көрік.
Сан түрлі балығымның есебі жоқ,
Нанбайды жүрмегендер көзбен көріп.

Саналы біздің елдің кәрі, жасы,
Данышпан Сталиннің замандасы.
Көсемнің саясында қол ұстасқан
Қазақтың - бар Ресей бауырлары.

Кең далам қазыналы болса қандай,
Айбыны ерлерімнің арыстандай.
Бұл күнде барлық Одақ дәріптейді
Дарынды, дархан ел деп Қазақстандай.

Мен - дағы жыршысымын партияның
Ел үшін керек болса жан қиямын.
Жұртымның ерлігі мен елдігіне,
Мақтансам асқар таудай шалқиямын.

Сәулетті Қазақстан орда болса,
Ой - қыры не ғажайып кенге толса.
Одақтың қызыларай қоймасымын
Алтыннан өзегім бар сыртын жонса.

Жерімнің тасы - гауһар, суы - шарап,
Байлығым төңірекке жатыр тарап.
Қабірін большевиктер ұқсатқан соң,
Көркейіп, көріктенді алтын алап.

Көз жетпес Қарағанды көлемді аймақ,
Қыбырлар сай - саласы малмен қайнап.
Өріске жер қайысқан мал өреді,
Әр колхоз төрт түліктен лек - лек айдап.

Қайысқан малға толы байтақ жерім,
Колхозда тай шаптырым тартқан желім.
Жел жетпес томаға көз тұлпарларым,
Болсын деп ерге қанат өсіремін.

Көл дария қиыры жоқ көлемді егіс
Құлпырған бау - бақшамда алуан жеміс.
Жерімнің байлығымен қасиеттің
Сан бұлбұл жеткізе алмас айтып тегіс.

Жеңіс пен игі табыс жүрген жерім,
Көздеген сан мақсатқа жетті қолым.
Бұрынғы құлазыған шөл даланың,
Төрінен алыптарым алған орын.



Арқадан Алатауға жайып құшақ,
Өр кеуде, семіз бұғы наһан Балқаш.
Орыстай ұлы ағаның қолдауымен,
Бетпақ шөл, құба жоннан көтерді бас.

Шіренген қыр басында жеке батыр
Іргемде мыспен күптеп Жездім жатыр.
Бауыры алуан асыл кенге толы
Дәулеті бір өзінің мыңға татыр.

Ойнақтап бұлт соқса да дауыл гулеп,
Сапырып мұз мұхитты, тауды сүйреп.
Түндігі желп етпейтін Теміртау тұр,
Бекітіп босағамды алтын діңгек.

Апайтөс, жуан қарын, зордың зоры,
Сарқылмас Қоңыратта кеннің қоры.
Отанның қуаты мен зейнетіне,
Сай келген қасиетті жердің сойы.

Кесек бір көрсеткендей шын тұлғамды,
Әйгілі Ақшатаудай қолтумамды.
Қатарға алып күшпен қосқанымда,
Быт - шыт боп жау жағасы жыртылғанды.

Күн күйіп, ай тұтылып, жұлдыз ағып,
Түскендай аспан сынып жерге жанып.
Қуырып қуырдақ қып бар жаһанды,
Зеңбірек от шашқанда буырқанып.

Халықтың от жүрегі Қарағанды,
Қуат боп ел бойына тараған - ды.
Өр Донбас жау қолында қалған кезде,
Майданды жабдықтауға жараған - ды.

Ұйысқан қажырлы күш, қалың қайрат,
Күндіз - түн ер намысын кекке қайрап.
Құлшына қолдасқанда бір кісідей,
Еңбектің тай қазаны кетті қайнап,

Алысқан қан майданда ерлер үшін
Беруге не керегін түгел сайлап.
Тамаша асыл кенмен алтын дәнді
Тоқтаусыз эшалонмен тұрдық айдап.

Жеңістің бас батыры ұлы Сталин
Болжаған болашақты данышпаным.
Ел күшін тура бастап отырған соң,
Қияның қисына қарыштадым.
Көсемнің ақылынан пайда болған
Не түрлі таңғажайып табыстарым.

Адам боп көрінгенмен көзге бірақ
Тірлігі жерге тұтқа, көкке тіреу.
Сталин - ырыс - бақыт, дәулет шыңы,
Мәңгілік қабыл болған біздің тілеу.

Үніндей миллионның тілі шешен,
Тұтасқан сансыз жанның миы көсем.
Ұштасқан көпшіліктің түйініндей,
Тарихтың таңдап берген сыйы көсем.

Жер жаһан ақылына түгел сыйған,
Әлемге өзгеліктің нұрын құйған.
Кемеңгер ұлы Сталин көп жасасын
Халықтың қасиетін бойға жиған.

Бойында алуан асыл жіксіз кен көп,
Кеудесі кең өлкемнің жатыр кернеп.
Жеңістің көктемінде толқындаса,
Мың өзен, болат бұлақ көмір көл боп,



Бес жылда құт қорына құйылады,
Ақжайық, Еділдейін жойқын сел боп.

Меңгеріп ен байлықты шалқып, тасып,
Бес жылда Сталиндік ұрандасып.
Аңыз боп жер жаһанға көркейемін
Өмірге ұлан - асыр қадам басып.

Батыс пен шығыстағы зәулім тұлға,
Өр кеуде, Қарағанды бұл бес жылда.
Қарына бар алыпты басып алып,
Бір емес, баламақпын бойын мыңға.

Елімнің жыртылғанын мыс пен қайып,
Зер тоқып, вольфромнан төрге жайып.
Көкбеңбек шар болаттан сауыт соғып,
Жойқын күш ел қорғаны ерге лайық!

Өлшеусіз Арқа белі алуан асыл,
Бес жылда жасағандай бүтін ғасыр.
Не түрлі қымбат мұра жасамақшы,
Көргенде жан сүйсініп көңіл тасыр.

Көр сонда байлығымды жанды, жансыз,
Мыңғырып төрт түлігім өспек сансыз.
Бәрінен обылыстың сол күде де,
Болуым үздік алда бұл күмәнсіз.

Болаттай болғандықтан берік салты,
Бірлесіп жауын жеңді Совет халқы.
Советтік дәстүріңе мақтан жұртым,
Өмірдің болашағы Совет салты.

Уа, жұртым, сүйенгенім сенің күшің,
Сайратқан ақын тілін сенің ісің.
Шабыт жоқ сенсіз менде, саған қарап
Өмірдің паш етемін жаз бен қысын!

## Жұмбақтар

Он екі жай сандық
Сегізіне май салдық.
Төртеуінің майы жоқ
Бұл сандықтар қай - қай сандық.
(он екі жыл)

Бәрі де бастарына бөрік киген
Үстінде ағаш үй бар қолмен иген.
Бәркіннің қасиетті бір заты бар
Қолына адамзаттың қайдан тиген?
(сіріңке)

Мен көрдім бір айлакер кемпір кәрі,
Сүйкімсіз енесінің баршалары.
Ау құрып ала бүркіт ұстайды екен,
Япырм - ай сол аң тұрған
Кімнің жары?
(өрмекші)

Ғажайып текше көрдім құйған қыстай,
Қапаста алтау жатыр іші пыспай.
Сол алтау бостандыққа шыға қалса,
Алтауын алты кісі алар ұстай.
(шыны - аяқ, сандық)

Ғажайып кемпір көрдім мықты жаны,
Адамды қой, жұтар көрдім әні.
Ішінде сүйектері бөлек - бөлек,
Терісін сыпырса да шықпас қаны.
(киіз үй)



Дамылсыз жүгіреді бір ақ лақ,
Бір адам жүгіртіп тұр белін бұрап.
Сол лақ жүгірем деп буаз болып,
Бір кезде іші үлкейіп жатар сұлап.
(ұршық)

Дөңгелек үй айнала темір шарбақ,
Сыртынан үйдің ішін көрдім аңдап.
Ішінде осы үйдің еш адам жоқ
Тек қана ортада тұр оты маздап.
(шам)

Қарасам тамашаға назар салып,
Бір бұлақ биік таудан тұрады ағып.
Бұлақтың көзін ашса су ағады,
Ашпаса су ақпайды тоқтап қалып.
(шүмек)

## Хамитжанға бидай бермедің деп өкпелеп жазғаны Халиттың

Хамитжан құмар болдың атағыңнан,
Дәм айдап душар болдым отаныңнан
Жақсының даңқын ести жолдас болмақ,
Деуші еді бұрынғының мақалынан.

Жомарт деп естіуші едім әрідайм,
Білмеуші ем, бұрын сірә сенің жайың.
Опалы шын сөздімен жолдас болсаң,
Асырар жақсылығын күн - күн сайын.

Деуші едім, өз ойымша сөзге мерген,
Әз тұтып қанша халық соңына ерген.
Жақсылық шын жағынан табылады,
Өтірік қонған баққа зиян берген.

Көңілімнен шығармаққа жаздым мұны,
Лазатты көрші болдық біраз күні.
Кісінің кісі сырын біле алмайды,
Білінер бірге жүрсе сонда сыры.

Сұрасаң мұны жазған Халит атым,
Қозыбақ Мырзакелді арғы затым.
Наз сөзге білген адам түсінеді,
Біле алмас ақыл жетпес сөздің затын.

## Хамитжан жазады (Қасымды)

Халеке, хат жазыпысың маған арнап,
Дәндепсің майда тілмен халықты алдап.
Мен саған бересілі кісідей - ақ,
Үздігіп, тесіліпсің тым қуарлап.

Қалеке, құран оқып, молда болдың,
Тәсілін жантығыпсың алар жолдың.
Құранда халықты алдап, же деп пе еді,
Пайдаға не себепті жақын болдың?

Дәндепсің ғұшыр, бидай, зекет алып,
Он пұтқа, бір пұт бер дер налог салып.
Ондай ғып совхоз иман сұрамайды
Бұрынғы сұрағанымды надан халық.

Сауда ғып, молда біткен сатады иман,
Япырымай, мұнша неге артық жиған.
Тағат қыл, зорлық қылма, нәпсіңді тый деп,
Айтқан ба, қателесер, бұрынғы имам.

Жазыпсың бермеді деп өлең тура,
Солай ма, шәриғаттың жолы, сірә.
Төрт мың бас қарауыңда қой сиыр бар,
Малынан Тарылшыптың зекет сұра.



Ол берсе, ойланайын сонан кейін,
Бидайға ғұшыр бермек парыз дейін.
Мұсекең қарт адам ғой, көнер бұған,
Азырақ иман сатып әперейін.
Қолма - қол несібеңе қарамаймын,
Жинай бер, иманынды оған дейін.

Дін басы, бұрынғының ишандары
Жиылса бел еркек, Жәкең кәрі.
Жаза, бәзір салып болғаннан соң,
Дамбалын шешеді екен түгел бәрін.

Хазірет өз қолымен сонда жиып,
Еркек пен әйелдікін бөлек үйіп.
Бір - бірлеп екеуінен кезек алып,
Қояды бар дамбалды байластырып.

Шақырып жалаң бұтты жарық жерге,
Хазірет әмір етер әйел, ерге.
Дамбалы кіммен - кімнің бір байланса,
Барыңдар екеу - екеу аулақ жерге.

Амал не, әулие айтты, көнесіңдер,
Көнбесең, кәпір болып өлесіңдер.
Болған соң, жұмыстарың қайта келіп
Көргенді түгел айтып бересіңдер.

Хазірет барша адамға риза болып,
Иншалла, барлығыңда иман толық.
Фатихат, шариғаттың осы жолы
Дамбалың кіммен кезсе соған жолық.

Болған соң муриттері үйге тарар,
Ишаннан бір - бір қаптан иман алар.
Егер де ойнас қылған иман тапса,
Бейштің қақ төрінен қанат жаяр.

Сол күні сені іздеуге шығып ем мен,
Ешнәрсе көрмегендей боласың сен.
Ардағым, құдай аман көрсетті деп
Құшақтап Мәрбузаны көрісіп ең.

Боранның көрмегендей суық зарын,
Ұмыттың осы күнде мұның бәрін.
Күнәсі табашылдың таудан зор деп,
Хадиспен айтпап па еді Пайғамбардың.

Елікпе, қазаныңның тоқтығына,
Мастанба, елден алған боқтығыңа!
Совхоздың бір тоқтысы жазым болса,
Салады әркім мінер шоқтығыңа.

Қалеке, ойнаймын шыңдаймысың,
Қой, деген ақыл сөзді тыңдаймысың.
Өзіңнің өнеріңе сенген болсаң,
Бір жолға жазысуға шыдаймысың?

Қаласаң, табыламын айтқан жерден,
Бұл, Қасым, сендей жанды талай көрген.
Болмаса, дәметпейді жайыңа жүр,
Олжа алар кісі емеспін саған өлген.

Орынсыз пайда шықпас құр мақтаннан,
Жұмыссыз құдай безер бос жатқаннан.
Боранда балаң үшін су іздеген,
Жаман ба жазы, қысы қой бақаннан.

Жігітті елден қалап мүрит қылдың
Жегенін борсық етін ырым білдің.
Шешесін сыйлайтыны есіңде бар
Осында тұрған жері ислам діннің.



Егерде қоя берсе бұл екеуін,
Шариғат сонда кірер шын көркіне.
Арамза аңқау елге молда болып,
Жетесің бұл екеуің шын сертіңе.

Айтпаса ойын қылып құрбы - құрдас,
Көп сөздің бірі өтірік бірі рас.
Әлгі айтқан Боты - Темей әңгімесін,
Ершыман Туғанбектен қалған мирас.

Осымен сөз аяғы болсын тәмам,
Сөйлеймін қарсы сөзге келсе шамам.
Ұлы дүбір жүйріксің шыдамассың,
Шын сөйле, өтірік сөз қоспа бұған.

## Көк шолақтың үстінен директрге Халит жазған

Көк шолақ көгермегір оңбағансың,
Қанша ел қарғаса да болмағансың.
Не таптың қырсаулықпен өз басыңа,
Таяқ жеп өміріңді сорлағансың.

Жал, құйрығың байқасаң жылқы мүсін,
Жүрісіңе ашиды қатты - ақ ішім.
Совхоздан талай жылқы өліп қалды,
Өмірің ұзақ болған менің үшін.

Иа, Алла, аман сақта қасқырыңнан,
Ат семіртіп, айрылдым бостығымнан.
Атыңды қайта өзіңе берме деген,
Шындық сөз таба алмадым бастығымнан.

Қайран шашым, ағарды көк шолақпен
Еш хабарым жоқ еді марксінен.

Айтқан арызымды тыңдамасаң,
Жетпіс бес - сексен келіп маған жеткен.

Өрттей жанған бағың бар бұл бетіңде,
Мен - дағы тілеулеспін ниетімде.
Көк шолақты қайта алып бір ат берсең
Басымнан құтқарар ең бейнетімді.

## Айткеннің жауабы

Халеке, қарғыс айтпа көк шолаққа,
Қартайтқан барлық елді көк шолақ па?
Ығыр боп, көп мінгеннен шабан болды
Жазықсыз жаны барға жала жаппа.
Көк шолақ, өлсе сізге не түседі,
Жазықсыз жануарға жала жаппа,
Соғыстың қырсығынан не болмады,
Қанішер Гитлер залым қылған жоқ па.
Ат болса, оны сізден кім аяйды,
Деген бар, жүйрік жетпес қолда жоқта.

Жазыпсыз маған арнап бұл хатыңды,
Білесіз жақсы - жаман, жат жақыны.
Ат бар ма, қазір сізге бере қояр
Өзімнің бер демесең тор атымды.
Қалды ма бұл соғыста жылқы да жал
Ат қайда, адам қайда ақылға сал,
Шыдаңыз, біраз күнге Көк шолақпен,
Болмаса, лайық көрсең тор жорғаны ал,



## Халиттің жазғаны

Тағы да кездестің бе батыр Қасым,
Сарп еттің өлең жинап өмір жасың.
Өлеңнен жая шекті, қояр десем
Жұлып жеп иініңді болдың басым.

Біреуге өлең жазсам болдың дайын,
Батпай ма, тыныш отырсаң ішкен шайың.
Өлеңмен өнеріңді көрсетесің,
Белгілі айтпасаң да халы, жайың.

Шын атың қорғаушы ма, ат бекет пе
Тиесің көрінгенге, босқа, текке.
Аузыңды көрінгенге ашамын деп,
Қапы да ұрмай, соқпай өліп кетпе.

Хамитжан, бұл өлеңге қосылмайды
Атады ат бекетте осындайды.
Тоқтамас, мекре балық деген сөз бар
Тас тимей маңдайына басылмайды.

Тиістің жер жүзінің ишанына,
Қамшы ұрдың өзіңді - өзің иманыңа.
Ғалымды ғайбаттаған қандайлығың,
Пайғамбар айтпап па еді құранында.

Тиістің жер жүзінің молдасына,
Арнап жаз өлеңіңді өз басыңа.
Барымта бұрыңғының дауындай - ақ,
Өлеңді шаштың келіп жан - жағыңа.

Күні жоқ, ақіреттің ойыңызда,
Бес парызы исламның мойныңызда,
Насыбай, арақ - шарап бәрі дайын,
Лиза, Лида, Кубалар қойныңызда.

Сол пиғылмен молдамен болдыңыз қас,
Қас болған ғалымменен дұрыс болмас.
Жан қиналмай, соншама қақараттап,
Сағыма тіл ғайырымен болма жолдас.

## Қабенге!

Бойдақ қой бердің Халитке
Қой бақтырдың сары итке.
Қасқырға қойды жегізді,
Күзетпей сеніп ақ итке.
Сонда да бәйге берілді,
Байлау бар ма бақ итте.

Қабен жігіт, астырды жілік,
Арын біліп, салмас бүлік.
Қабен қарақ, ішкізді арақ,
Мақтанды Бәлкен, күлімдеп қарап.

Қабенге рахмет, жегізді көп ет,
Төлеутай тойды, мен болдым деп.
Ризамын саған, Қабенім, көп - көп

## Бата

А, құдай, пәле - жалаңнан сақта,
Масқара, салған әлегіңнен сақта.
Дастарханнан жанжал шығып,
Болған әлек - шәлегіңнен.

Балта ұстаған батырыңнан,
Араздасқан жақыныңнан.
Қабағынан қаһар төккен,
Долы тілмар қатыныңнан.



Пышақ алған жарғышыңнан,
Сойыл алған ұрғышыңнан.
Дәмін ішіп дастархан тепкен,
Құрметті қонақ, құрбысынан.

Жүрегі қатқан кектіден сақта,
Ауыздан тиген тепкіден сақта.
Шырқын бұзған дастарқаныңның
Шын мерез ептіден сақта!

## Қара - Кесек

Болғанда елім қазақ, жерім арқа
Ен жайлап, Сары - Арқада өскен марқа.
Тараған сол қазақтан үш арыс ел
Болады төрт миллион жанға тарта.

Қазақтан үш ұл туды, бірі Ақарыс
Орта жүз екіншісі біз Жанарыс.
Кіші жүз ең кенжесі елге мәлім
Атайды қойған атын ел - Бекарыс.

Туыпты Ақарыстан Үйсін, Дулат
Үйсіннен Жалайыр мен Абақ, Тарақ.
Дулаттан Ботпай, Шымыр, Сыйқым, Жаныс
Туыпты Бекарыстан Алшын, Тама - ақ.

Туыпты Жанарыстан алты қожа
Қара қожа, Ақтам мен Дәрі қожа.
Момын қожа, Смайыл, Қасым менен
Аталған осылардың бәрі қожа.

Тарайды осы Алатаудан Арғын, Қыпшақ
Қоңырат, Найман менен Керей, Уақ.
Басқасын сонымен қоя тұрып
Арғынға тоқталайын біразырақ.

Үлкені Жанарыстың Қара қожа,
Онан Арғын Ақжолда дейді Мырза.
Ақжолдан жеті ұл туды тыңдаңыздар
Біртіндеп таратайын болсаң ырза.

Ақ софы, Қара софы, Арық софы,
Сары софы, Момын софы, Иман софы.
Тарақты иман софыдан туады
Жетеудің ең кенжесі Мейрам софы.



Мейрамның бес баласы, бес арыс ел
Орта жүз, атам Арғын бір асқар бел.
Ұлы жүз, кіші жүздің ортасында
Жайлаған Сары - Арқаны шалқарлы көл.

Қуандық, Қара - кесек жапсар ауыл,
Басынан бірге туған болып бауыр.
Мейрамда көп өскені осы екеуі
Бұлардан шықты жақсы, талай тәуір.

Жазуға үлкен тарих бата алмадым,
Сонда да текке қарап жата алмадым.
Айтайын Болат - қожа атамыздың
Қалайша Қара - кесек аталғанын.

Емшекте жеңгесінің бар баласы,
Үш адам ертіп келген айналасы.
Біреуі тағы сондай жас келіншек
Бірге өскен бай қызының жан жолдасы.

Кете алмай екі әйел де қалып қойды,
Мейрам софы ойлады әрбір ойды.
Біз үшін, ел жұртынан айырылды деп
Жеңгесін ақылдасып алып қойды.

Ал енді екі әйелден туған бала,
Аттарын мен айтайын сіздер сана,
Ел болды біразырақ Қамбар деген
Манаты емшектегі келген бала.

Әйелден қыздай алған туды төрт ұл,
Қуандық, Сүйіндікпен екі деп біл.
Бегендік, Шегендікпен бұл төртеуі,
Өсіпті ағайынға боп зорлықшыл.

Жеңге алған әйелінен Шұбыртпалы,
Туғаннан жалғыздығын ұмытпады.

Төртеуі бәйбішенің бір ыңғай боп,
Жалғызды сыртқа теуіп жуытпады.

Сонымен өтіп жатты күндер талай,
Мейрамның екі әйелі көңілі жай.
Екеуі оңашада ақылдасты
Болды Қарқабаттың жәйі қалай.

Жігітке өзі теңдес берсек пе екен,
Болмаса бірге ілесіп жүрсек пе екен.
Софыға тоқалдыққа мұны алдырып
Жазғанын неде болса көрсек пе екен.

Екеуі сонымен жүрді біраз,
Қыс өтіп келесі жыл болыпты жаз.
Жаз шығып, жан - жануар масайрасып
Көлдегі қиқулады үйрек пен қаз.

Қар еріп күн жылынып кетті ызғар,
Мәз - мейрам көңілденді жан - жануар.
Осындай жаздың жәйлі бір күнінде
Шомылып қайтты көлден қос арулар.

Екеуі келе жатса Қарқабатта,
Қайтыпты түзге барып сол сағатта.
Отырған Қарқабаттың орнын көріп
Екі әйел сонда қалды бір ғажапқа.

Дәреті жерді тесіп кеткен екен,
Тереңдік бір қарысқа жеткен екен.
Екі әйел ішін тартып таң қалысты
Қарқабат - шын асыл тектен екен.

Екеуі мұны көріп үйге қайтты,
Софыға көргендерін келіп айтты.
«Осыдан бір асыл зат туады» деп
Мақтады қайта - қайта Қарқабатты.



«Қор қылма бұл асылды жатқа» деді,
«Жақсылап тәрбиелеп сақта» деді.
«Екеуміз қызғанбайық тоқалдыққа ал
Қол жетпес мұндай асыл затқа» деді.

Мейрам да қарыспады, көне қалды,
Уәде «жарайды» деп бере салды.
Қидырып ақ некесін молдаларға,
Үшінші әйелдікке мұны да алды.

Рас боп аналардың бұл айтқаны,
Ықылас жүрегімен шын айтқаны.
Жетінші ұрпағынан Қазыбектей
Данышпан туатынын дәл айтқаны.

Күн өтті, жұма өтті, айлар өтті
Қарқабат буаз болды, бала бітті.
Тоғыз ай, тоғыз күні толғаннан соң
Баланың туатығын уақыты жетті.

Ұл туды күні жетіп Қарқабаттан,
Қарқабат қуанышқа сонда батқан.
«Тоқалды жарылқаса ұл береді»
Деген сөз бар емес пе ақиқаттан.

Әйелдің қалжасына құлын сойды,
Қуанып Мейрам софы қылды тойды.
Ат қойып, азан айтып, жұрт жыйылып
Баланың Болат - қожа атын қойды.

Болатта өсе берді өрім талдай,
Былдырлап айтқан сөзі шекер - балдай.
Ырза боп баласының қылығына
Қарқабат қараушы еді көзі талмай.

Жасынан өжет болды Болат бала,
Ер жетіп ақыл есі, кірді сана.

Досқа дос, қасқа қастық істей тұғын
Адамға бір қасиет келсе шама.

Болаттың тап осындай мінезі бар,
Жолына әділеттің жанын қияр.
Біреудің артықшылық ісін көрсе
Сол істі түзетуге болды құмар.

Досынан барлық сырды жасырмады,
Қастасқан адамына бас ұрмады.
Біреуден артықшылық көре қалса
Алғанша одан кегін басылмады.

Өзгеше өжет болды Болат бала,
Қамбар мен Шұбыртпалы болсада аға.
Ығысып бәйбішенің төртеуінен
Жүргенде Болат болды оған пана.

Болған соң Қуандықтың көңілі қатал,
Тоқалдың балалары қалай батар.
Бірікті: Шұбыртпалы, Қамбар, Болат
«Аздардың атасы бір» деген мақал.

Төрт ұлы бәйбішенің ерте ержеткен,
Төртеуін бәйбіше де еркелеткен.
Тоқалдың екі ұлына зорлық қылып,
Бөтенсіп Қамбарды да тентіреткен.

Атамыз Мейрам софы жуас кісі,
Тоқалдан туғандарға бұрады іші.
Төртеуі бәйбішенің ырық бермей
Әкенің ыңғайымен болмады ісі.

Сонымен күндер өтті, айлар өтті,
Мейрамның өлетұғын уақыты жетті.
Тараған алты арыс ел бір өзінен
Атамыз ұзақ жолға сапар шекті.



Өсірген кемерінен бірталайды,
Атамыз жатқан жерің болсын жәйлі.
Көрмеген көшесінен жарылқа - деп
Ұрпағы бірнеше мың қолын жайды.

Өлгенсоң Мейрам софы, балалары
Ұлғайды бұрынғыдан алалары.
Сыйыспай артындағы мал - мүлікке
Ашылды араз болып аралары.

Қайғыға қалды қамқор Аналары,
Бәрінің Мейрам еді паналары.
Ұстауға балалардың басын қосып,
Келмеді Аналардың шамалары.

Бір күні ауыл көшті жайлау жаққа,
Қуандық әуелден - ақ құмар баққа.
Азырақ қатты сөзге келіп қалды
Таласып Болатпенен мінер атқа.

Үлкен деп Болат оны сыйламады,
Айылын онан қорқып жинамады.
Болатты сабаймыз деп өркөкірек
Баласы бәйбішенің жиналады.

Болат та ашуланды көзі жайнап,
Жиылды мұны көріп ауыл - аймақ.
Қамбар мен Шұбыртпалы жанжал болса
Болатқа болысуға тұр ыңғайлап.

Біреулер ертіп келді Аналарын,
Қарашы Аналардың даналарын.
«Сендерге не жетпейді? қойыңдар!» деп
Тарқатты ұрсып - ұрсып балаларын.

Сүйтсе де іштерінде кегі қалып,
Татулық таза көңіл болмады анық.

Қазақтың ескі әдет - ғұрпыменен
Бөлінді бір - бірінен енші алып.

Баласы бәйбішенің өңкей «қасқа»,
Ер жетіп ие болған мал мен басқа.
Аз беріп сыбағалы еншілерін
Қиянат қылды сонда екі жасқа.

Шыдамай бұл қорлыққа Болат бала,
Қамбар мен Шұбыртпалы қасына ала.
Бір түнде бар жылқыны айдады да
Жөнелді қайдасың деп Бетпақ дала.

Елсізде бір қораға бұлар кепті,
Азырақ сол қорада дамыл етті.
Жылқының қалың сүрлеу ізіменен
Қуғыншы ертең түсте келіп жетті.

Қуандық, Сүйіндікпен келді қуып,
Бегендік, Шегендікпен оған жуық.
Оянып ұйқысынан Болат - қожа
Бұлаққа жатыр еді басын жуып.

Қару жоқ айбалта мен қылыш, найза
Қарусыз төбелесте қанша пайда?
Қораға жылқы тұрған жүгіріпті
Сол жерде істемекке бірер айла.

Қораны соққан екен қара шымнан,
Ер Болат қорқар емес алтауынан.
Жалма - жан қара шымнан жұлып алып
Қуғыншы ағаларын шыммен ұрған.

Қораға олар келіп жуықтады,
Болат та шыммен ұрып жуытпады.
Жылқыға ие болып Қамбар тұрды
Көрсетті көп қайратты Шұбыртпалы.



Сонымен кешке дейін болды жанжал,
Қылады кімге опа таласқан мал.
Дәл тиіп лақтырған кесекпенен
Бет аузы Қуандықтың болды дал - дал.

Бола ма төбелесте жаумен есеп,
Тұра ма «ұра бер» деп арқа төсеп.
Қолына жау - жаламда қару түспей
Қаруы болды сонда «қара - кесек».

Ер Болат Қарқабаттан бата алыпты,
Еншіге барымталап ат алыпты.
Ағасын қара шыммен ұрып жығып
Сондықтан «Қара - кесек» аталыпты.

Жан - жалдың аяғында болды бітім,
Ақыры татуласты болып бүтін.
«Баласы екі әйелдің екі рулы ел»
Дегендей сырты бүтін, іші түтін.

Солардан өсіп - өнген талай халық,
Қамбар мен Шұбыртпалы бірге қалып.
Ұрпағы күні бүгін екеуінің
Ішінде «Қара - кесек» қалғаны анық.

## Өткен күн

Өтіп кеткен заманда,
Езушілер аманда.
Езілгендер жаншылып
Игі болды табанда.
Зар - зар жылап зарығып,
Қарғыс айтып заманға.
Қал сұрасып біле алмай
Малы - басы аман ба?

Қал сұраса күрсініп,
Күн туар деп саған да.
Сендегі қайғы қара түн,
Саған да бір маған да.
Күнім туса көрермін,
Оған дейін амалда.
Деп жұбатып жақынды
Ақыл айттым оған да.
Зар - зар жылап зарығып,
Еңсесі түсіп жабығып.
Сая таппай жанына
Жарық сәуле сағынып,
Көмек берер аз болды
Жүрсе - дағы тарығып.

*Ақмола қаласы. 1935 ж.*

## Әскердегі иніме

Бір мыңда тоғыз жүз он жетінші жыл,
Әйгілі жер жүзіне жыл еді бұл.
Жүргенде жалғыздықтың зарын тартып
Жеңгемнен маған серік туды бір ұл.

Қуанып ұл туғанда тасып едім,
Ол тумай жүрген кезде жасып едім.
Үш күндей шілдехана ойын жасап
Ән шырқап тәтті күйге басып едім.

Сен едің сонда туған Хамзатайым,
Көңілім толушы еді көрген сайын.
Арманым сен ер жетіп, білім алып
Деуші едім ел қорғауға болса дайын.

Тілегім орындалды көңілге алған,
Менде жоқ сен тұрғанда ешбір арман.



Жүрегім қуанышты Хамзатайым
Есітіп хабарыңды әскерге алған.

Ер жетіп Октябрьмен бірге туып,
Отанға сұқтырмауға қолды суық.
Қосылдың қызыл әскер қатарына
Қорғауға ұлы Отанды белді буып.

Күзетте сен тұрғанда мылтық алып,
Қыйырдан қылт еткенді көзің шалып.
Қауіпсіз өндірісте еңбек істеп
Шаттықта сайрандаймын ұйқым қанып.

Ал, енді, саған айтар бір ақылым,
Ағаңның ұмытпассың бұл нақылын.
Отанның жауларына мейрімсіз бол,
Еңбекші халық болсын ең жақының.

Мәскеуден Сталиндік тапсырма алып,
Жау тисе өз жерінде ойран салып.
Ел үшін, Отан үшін жан аяма
Ерлікке достар күлсін, дұшпан налып.

*Қарағанды қаласы 01.10.1939 ж.*

## Құттықтаймын Х-сессияны

Алыстан адасқанға болған жарық,
Мұнда деп жол көрсеткен атой салып.
Жұлдызы Кремльдің жарқырайды
Нұр шашып жер жүзіне тынбай жанып.

Жұлдызды жарқыраған көре алмады,
Сөндірмек болды оны бар арманы.
Қамалап құтырған ит үрсе - дағы
Шамасы сөндіруге келе алмады.

Ойлады шам - шырақты сөндіруге,
Отанға қауіп - қатер төндіруге.
Ордасын Отанымның басып алып
Елімді айтқанына көндіруге.

Қалың ел қаһарланды ыза кернеп,
Аттанды жауға қарсы құлаш сермеп.
Түбінде Москваның иттей қырып
Фашистты миллиондаған көмді жерлеп.

Фашисттер Москвадан қайта қашты,
Іске аспай писандары қаталасты.
Өзінің өліктерін өзі таптап
Кірерге көр табалмай жанталасты.

**Құттыбеков Сағындықтың кетіп қалған жас әйелі Тұмарды жоқтағаны, яғни жазған хаты**

Хат жаздым сағынған соң Тұмар саған,
Сакен де бір көруге құмарланған.
Нұрадан жолдас тапты деп естимін
Табылмай жүргендей - ақ сыңар саған.

Жолдаспын қияметтік демеппедің,
Қолыма жастайынан кемеппедің.
Тұмар - ау мені қалай тастап кеттің
Қолымнан тұз - дәмімді жемеппедің?

Тұмар - ау, айтқан сертің осылай ма?
Адамға сертті бұзу қанша пайда.
Мінгізіп мойыныма жүрсем - дағы
Кетпеймін сенен деген сөзің қайда?

Түлкідей Тұмар сені бұлаңдаттым,
Өсіріп тоты құстай сыланғаттым.



Ұлымдай, не інімдей көруші едім
Тұмар - ау, менен қандай кінә таптың.

Қаздай қалқып, үйректей жүзген,
Деуші едің сенен ешбір күдер үзбен,
Имаш пен Елеукеннен кем көрмеуші ем
Не көрдің Күлші менен екеумізден?
(Күлші - бәйбішесі)

Сендердің табанына кірген тікен,
Маңдайға кірседағы мен ренжімен.
Деуші едің жоқтатпаймын 5 бауырыңды
Тұмаржан ұмыттыңба осыны сен?

Жеріңді туып өскен неге ұмыттың?
Көңіліңді не себептен сен суыттың.
Лепірген көрсе қызар жастықпенен
Түстіңбе алдауыңа бір үгіттің?

Келгенде жолдастарың сен келмедің,
Бітіру оқуыңды жөн көрмедің.
Кінәсіз өз үйіңнен, өзің безіп
Тұмар - ау, осы қалай сенделгенің.

Тұмар - ау, келер кезің боп еді ғой,
Еңбегім саған менің көп еді ғой.
Райком сені оқуға жібергенде
Өз бетіңмен кет деген жоқ еді ғой.

Он жылдай әйел емес бала болдың,
Екі жыл оқу оқып дана болдың.
Оқуға Тұмар сені жіберем деп
Досқа күлкі, дұшпанға таба болдым.

Кеттің ба, шіркін Тұмар, мені алдап,
Бір кезде тату едік шекер - балдай.

Сен үшін сегіз мың сом шығындадым
Қатардан оқысын деп кейін қалмай.

Не таптың сен Шайзатты мақтағандай,
(Шайзат бірге оқыған әйел).
Жақсылық көрсетті ма жақтағандай.
Беріпті жақсы жолдас саған тауып
Сен Шеттен бір санитар таппағандай.

Тұмар - ау, дәм тұзымды ұмыттың ба?
Көңіліңді анық менен суыттың ба?
Достығым қияметтік демеп пе едің
Шынымен бөтен жанды жуыттың ба?

Еңбекшіл, жетінші ауыл өскен жерің,
Бәріне қыздай едің емес келін.
Чкалов колхозында сені ардақтап
Осыны өзің айтшы сыйлай ма елің?

Бар еді бір мақал сөз баяғыдан,
Әйелдің сақта деген саяғынан.
Айтпай ма ашуланса тиген байың
Тентіреп келген күң деп аяғынан.

Тындасаң Сакен саған мұң айтады.
Қалдырмай ішкі сырын шын айтады.
Барған соң қадірсіз боп аяғыңнан
Әлпештеп Тұмаржан деп кім айтады.

Бұрынғы үлкендерден қалған мақал,
Адасқан аң сусыз шөлде қатар.
Кекиген қиянетке душар болмақ
Ерігіп өз бетімен қылса сапар.

Сен құлан өз қағынан жүрген жеріп,
Біреудің теріс айтқан тіліне еріп.



Ерігіп өз еліңнен өзің бездің
У жеген далада аң секілденіп.

Осымен тоқтатайын сөздің артын,
Білерсің өзің ойлап ойдың парқын.
Әлпештеп Тұмаржан деп 3 қайтара
Бұл жақта сәлем айтты барша халқың.

Өзің біл, ел назасын аттап кетсең,
Алдыңа еңкейгенде басқа тепсең.
Айып жоқ адасқанда деген сөз бар
Оралып орныңа қайта келсең.

*28.01.1950 ж.*

## Қызыл әскер туған күн

Октябрдің таңы атып,
Құлатқанда патшаны.
Сонда ғана еңбекші ел
Қорлықтан көзін ашқаны.

Ел биледі еңбекшіл,
Тұтқасы болып елімнің.
Еңбекті елді жеткізген
Сталин мен Ленинім.

Демін алды ол сонда,
Егескен жауды құлатып.
Үстемдік еткен 300 жыл
Езілген елді жылатып.

Үстемдіктен айрылған,
Сұмдар да қарап жатпады.
Қашып жүріп жан - жаққа,
Ішіне кегін сақтады.

Еркін өсіп жетпеген,
Жоймақ болды елімді.
Сыртқы елдерден күш алып
Сындырмақ болды белімді.

Совет елі жас еді,
Бұғанасы қатпаған.
Қарсы тұрды жас әскер
Қалың жауға қатпаған.

Жаулар сонда ойлады,
Оп-оңай-ақ жеңеміз.
Армиясы әлсіз ғой
Ішке бірақ тебеміз.

Қаптады сонда қалың жау,
Тұс-түс жақтан ербеңдеп,
Қарсы шықтық алдынан
Намысты саған бермеймін деп.

Мұздап темір құрсанған,
Қаптады сонда қалың жау.
Өте алмайтын алдында
Тұрғанын білмей асқар тау.

Алдында тұрған асқар тау,
Қызыл әскер болатын.
Туған күннен бұл әскер
Көрген жоқ жауды жолатып.

Жас болса да қырандар,
Төтеп берді жауына.
Шеберлікпен, ерлікпен
Түсірді жауды ауына.



Ауға оралған балықтай,
Жау тұтылды қармаққа.
Пыскоп, Нарва түбінде
Быт - шыт боп қашты жан - жаққа.

Қашса да жауын құтқармай,
Жете қуды жеріне.
Аты шықты ерлікпен
Жауды тығып көріне.

Советтің жас әскері,
Жаңа ғана құрылған.
Жау әскерін жайратты
Жасақталған бұрыннан.

Жауды жеңген осы күн,
23 - февраль
Мың тоғыз жүз он сегіз
Жылы еді, біліп ал.

Сонан бері бұл күнді,
Мейрамдаймыз жыл сайын.
Бүгінгі күн туған күн
Қызыл әскер біл жайын.

Ленин мен Сталин,
Бұл әскерді туғызған.
Ерлік іске үйретіп
Отан жауын қуғызған.

Жасасын Ленин, Сталин
Ұлы көсем кемеңгер.
Ел қорғаны айбынды
Жасасын Қызыл әскерлер.

23.02.1950 ж.

## Қу ауданының Социалистік Еңбек Ері шопан Шегебаев Бәжиге құттықтау сәлем!

Көп бошан мекен еткен қудың тауын,
Кәсіп қып жер таласы, жесір дауын.
Шөжемен Кемпірбайды айтыстырып
Ас берген жеті оязға айтып сауын.

Шаншардың құлары да осы дауда,
Еріккен сөзге құмар, шешен бар да.
Әруағын Қаз дауысты Қазыбектің
Бетке ұстап тілейтұғын сонан сауға.

Жері Қу, еліде қу жапандық,
Болмаса жалғыз - жарым некен саяқ.
Ақайдың Хасені үстем боп тұрғанда
Қай Шаншар қалып еді жемей таяқ.

Қаласы Қояндының жәрмеңкесі,
Жем болып саудагерге бар теңгесі.
Кедейлер кәсіп іздеп бара - тұғын
Мекені дүкендердің көлеңкесі.

Әлсіздер құлы болып әлділердің
Шартта - шұрт қол қағысып алдым - бердім.
Біреуді біреу алдап жеп жататын
Қоянды ұясы боп саудагердің.

Ол заман өтіп кетті алда қашан
Белгі жоқ өткен күнде аңламасаң.
Партия басшылығы арқасында
Бақытқа қолы жеткен қалың Бошан.

Қызғалдақ қызыл - жасыл тартқан күрең,
Көк майса көк орайлар жайған кілем.
Елдің де, жердің тағы түрі өзгеріп,
Бұл күнде Қу тауына кірген рең.



Басқарған өз тағдырын еңбекші елім,
Отанның гүлдендірді барлық жерін.
Гүлденген Қу ауданының жұртшылығы
Шығарды ортасынан Еңбек Ерін.

«Жалтас» тың колхозында Шегебаев,
Бәжекең бірнеше жыл қойды жайып.
Орындап артығымен қой жоспарын,
Ер деген атақ алды іске лайық.

Адамды Ер атандырар еңбек деген,
Бәжеке, атың шықты еңбекпенен.
Құттықтап қолың жеткен табысыңды,
Күтемін талай табыс әлі сенен.

Гүлденіп Қу ауданы басқан өрге,
Отырып ғажап емес барып төрде.
Құттықтау сәлемімді Әбіл жолдас
Сұраймын жеткізуді Бәжи Ерге.

1949 ж.

## Қарқаралының ерлеріне

(Социалистік Еңбек Ері атағын алғандарға құттықтау)

Ел әлі ұмытқан жоқ өткен күнді,
Түнерген ел үстінде қара түнді.
Аттанып ел қорғауға боздақтары
Ата - Ана сүйген жары болған мұңды.

Сонау күн өтсе - дағы есте қалды,
Күйзелткен неге ұмытсын бас пен малды.
Айрылып сүйгенінен арулары
Боздатқан бозінгендей кемпір - шалды.

Ұштасып тыл мен майдан Отан үшін,
Қорғауға сол Отанды салды күшін.

Біреу мал, біреу егін, біреу көмір
Біреулер беріп жатты алтын - мысын.

Қашаннан атақты ерлер елден тумақ,
Сондықтан туған елдің жауын қумақ.
Батырдан ел тумайды, елден батыр
Туған соң өз елінің бетін жумақ.

Қатал жау болса - дағы қанша мықты,
Қызыл Ер үңгіріне қуып тықты.
Ішінде сол ерлердің жауды жеңген
Нұркен мен Мартбектің аты шықты.

Майданда ерлер шықса Қарқаралыдан,
Тылда да үздік шығып егін, малдан.
Бағалап ел еңбегін сол уақытта
Қызыл - Ту үкіметтен сыйлық алған.

Қорғайтын Ер болмаса ел де сорлы,
Күтетін жер болмаса жер де сорлы.
Иесіз қалың ағаш қалса егер
Қуарған қу түбір боп қалады орны.

Атағын Қарқаралының жайған көпке,
Тау - тас па, ағаш - су ма яки шөп пе?
Бұлардың бәрі де емес Қарқаралының,
Табыста қолы жетті зор еңбекте.

Айнала Қарқаралы қыр менен ой,
Қайысқан түйе, жылқы, сиыр мен қой.
Мал баққан еңбегінің арқасында
Мінеки, шығып отыр жеті Герой.

Өсірген тәрбиелеп елдің ерін,
Қорғаған ауыр күнде байтақ елін.
Айтамын бірінші алғыс ұлы Герой
Сталин көп жасасын кемеңгерім.



Бастығы «Томар» колхоз Мұздыбайға,
Сондағы Жақсылықпен Жайсаңбайға.
Айтамын құтты болсын сәлемімді
«Калинин» колхозындағы Ыбырайға.

«Үш төбе» колхозында Жақсыбегім,
Батыры «Жөншіліктің» Дүйсен Серім.
Жалынды жүрегіммен құттықтаймын
Колхозда «Еңбек сүйгіш» Топай ерім.

Басына Қарақаралының орман нулы,
Отырған қадап қойып қызыл туды.
Сұраймын Мажиденов жолдасымнан
Ерлерге құттықтауды жеткізуді.

Дәм татқан ұмытпаймын жерлерімді,
Қабыл ал! Игі тілек бергенімді.
Атынан Шет ауданның құттықтаймын
Еңбекте атақ алған ерлеріңді.

1949 ж.

## Қарттар слетіндегі баяндама

Ассалаумағалейкум, Ақсақалдар,
Жиналған әр колхоздан қарт адамдар.
Көп білген, көп жасаған, көпті көрген
Мал баққан, егін салған, сіз мамандар.

Көп жасап көп жұмысты көрдіңіздер,
Өнеге жас ұрпаққа бердіңіздер.
Сіздерден ақыл сұрай шақырған соң
Құрметпен әр колхоздан келдіңіздер.

Таянған жүзге жасы Омар келді,
Рымбек, Әбеу, Тәшен солар келді.

Бәрі де көпті көрген қариялар
Мырзабек, Ыбыраймен олар келді.

Егінді көп алатын Мәтбай келді,
Мыңдаған мал өсірген Ақтай келді.
Қолынан мөр төгілген дархан - зергер
Мамыр мен Әмір, Айып, Сәтбай келді.

Орденді - значокты Абай келді,
Мал баққан, егін салған талай келді.
Келсе де сексен беске бұзау баққан
Нұрмағанбет сияқты бабай келді.

Жиналып қариялар ақылдасып,
Ақылдан ағызыңдар дария тасып.
Кейінгі ұрпақтарың жесін теріп
Білімнен беріңіздер ырзық шашып.

Колхозда малдар неге өле беред,
Басқарма неге «актпен» келе беред.
Болмаса мемлекетке тапсырғанда,
Малдарды неге арық бере беред,

Айтыңдар, аттар неге болды жауыр,
Болды ма жануардың жұмысы ауыр.
Болмаса белсенділер көп міне ме
Кім болса басқармамен көңілі тәуір.

Қалады неге қысыр сақа бие,
Не себеп қайымауға інген түйе.
Себебін осылардың айтыңыздар,
Қария көпті көрген ақыл ие.

Болады не себептен бұзау қотыр,
Зав. ферма, Чабан, Гуртоп не деп отыр.
Жаз болса күнге қақтап, қысты күні
Тар жерге қамаудан ба опыр - топыр.



Көбейді не себептен қасқыр биыл,
Қойдағы жалқауларға болды үйір.
«Қарасаз», «Ақ төбе» мен «Игіліктің»,
Қойларын неге қырды үйір - үйір?

Неге көп алынбай жүр егіндерден,
Болмай жүр көңілдегі өнім жерден.
Жыл сайын аудан бойы қорытқанда
Аламыз екі - үш ғана центнерден.

Аңызға қар тоқтатып үймей жүр ме,
Қолдары көң төгуге тимей жүр ме?
Кертартып кежегесі тіл алмайтын
Жалқаулар адал еңбек сүймей жүр ме?

Көктемде сапалы етіп салмай жүр ме?
Ескі аңыз шіріп кеткен қалмай жүр ме?
Көп өнім қайткен күнде болады деген
Ақылын қарияның алмай жүр ме?

Егіннің арам шөбін жұлмай жүр ме?
Немесе суы қанық болмай жүр ме?
Болмаса орып жинап бастырғанда
Көп болып ысырабы оңбай жүр ме?

Айтыңдар, колхоздарда жалқау бар ма,
Не шара қолдандыңдар жалқауларға?
Қаулысын үкіметтің естісе де,
Ұқпайтын ашық ауыз аңқау бар ма?

Айтыңдар, осылардың бәрін ашып,
Сөйлеуден қаймықпаңдар босқа жасып.
Орындап артығы мен мал жоспарын
Егіннен көп алайық болса нәсіп.

Қан майдан фашисттермен болып жатыр,
Соғысқан балаларың өңкей батыр.

Фашистті неғұрлым тез жеңу үшін
Беретін бізден көмек толып жатыр.

Егінмен табылады көмек малдан,
Егін салу, мал бағу міндет алған.
Осыны балаларың талап етед
Мұндағы қатын - бала, кемпір - шалдан.

Барады балаларың жауды қуып,
Жан үшін - жан, қан үшін - қанмен жуып.
Фашисттер күн батысқа қашып барад
Қысқандай күн шығыстан ызғар суық.

Бұл ызғар Қызыл ердің қайраты ғой,
Қолбасшы Сталиннің айбаты ғой.
Табысқа тылда жатқан бізде ортақпыз,
Өсіріп беріп тұрсақ сиыр мен қой.

Ат берсек, тамақ берсек, киім берсек,
Қару беріп, тойғызып, киіндірсек.
Осылай Қызыл Ерге көмектесіп,
Таяуда фашисттердің «Сыйын берсек».

*Ақсу - Аюлы 23.III.1944 ж.*

## Төкең «сері»

(фельетон)

«Құрамада» Төкең «Сері»,
Басқарма боп көптен бері.
Бөктіріп - ақ келе жатыр,
Тегі Төкең ердің «ері».

«Құрамада» осы Төкең,
Үш - төрт жылдай қылды мекен.
Таң атқан соң жөнеледі
Атқа мініп секең - секең.



Істей - тұғын жұмыс жоқтай,
Аң қағады тепең - тепең.
«кәрі түлкі», «шолақ түлкі»
Аң қағатын мекені екен.

Сандал тауда туып - өскен,
Кірін жуып кіндік кескен.
Қызықтырды қалың түлкі
Босқа жұмыс шығып естен.

Тасылмаған шөп те қалды,
Қар астында текке қалды.
Бітпей жатқан көп жұмыстар
«Қайда кеттің» деп те қалды.

Он жеті мың шабылған шөп,
Өлшегенде жеті мың боп.
Керегіне он мың жетпей
Отырса да ұятты боп.

Онан төрт мың айдалада,
Тасылмады пайдалана.
Ала алмайды қысты күні
Қайдан таппақ қай салада.

Өткен жылы тап осындай,
Мезгілінде шөп тасылмай.
Сиырлары қарды теуіп
Шұбырып еді ала қыстай.

Талай бие қысыр қалды,
Табылмады жылқы жалды.
Ортаның көп биесінен
«Нөл - нөл» деген құлын алды.

Арық сиыр сүт бере алмай,
Жүдеген қой жүн бере алмай.

Май, брынза, жүн, жұмыртқа
О да қалды орындалмай.

Шөп жетпеген салдарынан,
Талай шығын малдарынан.
Болса - дағы Төкең кетті
Ешкім шықпай алдарынан.

Төкең «Сері» мұның бәрін,
Қылғаны деп қыстың залым.
Сендірді де жүре берді
Ауданның кейбір басшыларын.

Биыл тағы сол жұмысты,
Қайталады өткен істі.
Төкең «Сері» аңға кетті
Отыруға іші пысты.

«Құрама» деп талай - талай,
Көтерсе де газет айқай.
Құлағына «мақта тығып»
Отырады прокурор жай.

*Ақсу-Аюлы. 1944ж.*

## Сталин өлгенде

Не дерімді білмедім,
Қолға алғанда қаламды.
Өлді деуге қимадым
Сталин деп данамды.

Өлді деуге бола ма,
Ісі қалған адамды.
Еңбегімен жинатқан
Қала менен даламды.



Жаралған асыл болаттан,
Бақыты үшін адамның.
Кілтін ашқан қолымен
Бүгінгі шаттық заманның.

Бірге жүріп Ленинмен,
Партия құрды құрыштай.
Еш партия жеңбейді
Егескен жауын ұрыспай.

Ұрыстарда шыныққан,
Коммунистік партия.
Қаза тапқан талай ер
Халық үшін жан қия.

Бірге жүріп Ленинмен,
Октябрді орнатты.
Езіліп зар жылаған
Миллион жасты құрғатты.

Арманына жеткізген,
Жетім менен жесірді.
Ата менен Анадай
Тәрбиелеп өсірді.

Соғысында азамат,
Жауға аттанды ел үшін.
Қорғай қалды жаулардан
Октябрьдің жемісін.

Талқандады жауларды,
Іштен - тыстан жабылған,
Ақыл, қайрат, алып күш
Бір өзінен табылған.

Ұлы Отандық соғыста,
Талқандады фашисті.

Асқан дана Қолбасшым
Әперді бізге жеңісті.

Өркендеткен елімді,
Сталиндік 5 жылдар.
Капиталдық елдерде
Істелмейді жүз жылдар.

Жыламайық, жолдастар,
Көздің жасын тыялық.
Орындауға өсиетін
Тән түгіл жанды қиялық.

Жұмылыңдар еңбекке,
Үдетіңдер қарқынды.
Көсем үшін, ел үшін
Іс істейік тартымды.

Компартия соңынан,
Барлық халық ереміз.
Бастайды Коммунизмге
Жетуге кәміл сенеміз.

*06.03.1953 ж.*

## Октябрьдің 33 жыл мерекесіне

Жоспарым орындалып өскен кезде,
Шаруам қалпына түскен кезде.
Тойлаймыз 33 жыл мерекені
Жайлауға Коммунизм көшкен кезде.

Шаруам қалпынан асқан кезде,
Өрге өрлеп алға қадам басқан кезде.
Табыспен мерекені қарсы аламыз
Байлығым дариядай тасқан кезде.



Ұласып тойым тойға жыл - жыл сайын,
Табыспен қарсы алуға тұрмыз дайын.
Өлеңмен шашу шашып ұлы тойға
Құттықтап қуанышпен ән шырқайын.

Үкімет құрылғаннан бермен қарай,
Оқталды Отаныма жаулар талай.
Жау шығып іштен тыстан шуылдасты
Жалданған капиталға өңшең малай.

Ленин мен Сталин деп даналарым,
Қорғады ауыл менен қалаларын.
Жеткізді жаудан қорғай шат тұрмысқа
Кейінгі үрім - бұтақ балаларын.

Қақсатып Европаны қанға бояп
Ағызып алмақ болып қаннан тоят.
Фашистер абайсызда аттап өтіп
Жай жатқан Отаныма келді таяп.

Болсада қанша күшті жекпе - жекте,
Жеңіліп жаудың күлі ұшты көкке.
Сұр жылан ордасына қайта қайтып
Кемілді үңгірінде өлімтікке.

Байлары Американың шектен асып,
Доллар мен алмақ болып елді басып.
Қарамай ішіндегі ашарыққа
Асығыс қаруланды жанталасып.

Жазықсыз Кореяға тиді барып,
Қырғынға ұшырады бейбіт халық.
Ашынған Кореяның ұл - қыздары
Қорғауда өз Отанын қару алып.

Ашынып Кореяда қайнаған кек,
Өлерде қыз - ұлым жауды көреді жек.

Үн шықты жер шарының тұс - тұсынан
Америка Кореядан қолын тарт деп.

Білеміз Американың біздер жайын,
Орнығып Кореяға болып дайын.
Қытай мен СССР - ді қорқытпақшы
Корейдің пайдаланып жер ыңғайын.

Төгілмек Америка асқаннан соң,
Төгілмей қоя ма екен тасқаннан соң.
Советтің саясаты жеңбей қоймас,
Жер жүзі халықтары қоштаған соң.

Жасасын Октябрьдің мерекесі,
Ұлғайсын күннен - күнге берекесі.
Жасасын ел қорғаны қызыл әскер
Бөленген алғысына ел еркесі.

Кемеңгер ұлы Сталин асқан дана,
Халқыма ауыр күнде болған пана.
Тілейміз ұзақ жылдар жасауыңды
Кемпір, шал, үлкен, кіші, қатын, бала.

*1950 ж. 7 - ноябрь*

## Мен Октябрь ұлымын

Мен Октябрь ұлымын,
18 де жасым бар.
Қамалаған айнала
Көп дұшпаным қасым бар.

18 де жасым бар,
Мен Октябрь ұлымын.
Қанша қастық қылса да
Өлгенім жоқ тірімін.



Мен Октябрь ұлымын,
Қорлық көрдім жасымда.
Адам болар демеді
Кей бір доспен қасымда.

Әкем қойған атымды,
Октябрь деп атайды.
Өлмек түгіл бұл күнде
Қабырғам өсіп қатайды.

Анадан туып бір жаста,
Жан - жағыма қарадым.
Ынжық болмай талпынып
Ту ұстауға жарадым.

Екі жаста қаз тұрып,
Жүріп кеттім аяққа.
Жоғарырақ көтердім
Туды байлап таяққа.

Екіден беске келгенше,
Қалың жаумен ұрыстым.
Қаптасада жан жақты
Жалғыз өзім тұрыстым.

Алмақ болған жауларға,
Бермей қалдым қонысты.
Көрші ауылдың жетімі
Түгел маған болысты.

Тілектес болды көп жетім,
Мендей батыр еріне.
Дүркіретіп көп жауды
Жеткенше қудым жеріне.

Алты жаста айналып,
Қайтып келдім үйіме.

Шаруама келіп кірістім
Келтірмекке күйіне.

Аман қалдым ажалдан,
Қаптасада қалың жау.
Көтерілді шаруам
Малым аман, басым сау.

Он бір жасқа келгенде,
Шаруам түсті орнына.
Жан - жағымнан қауіпсіз
Орнықтым әбден орныма.

Он екіде ой түсті,
Шаруамды қайта құрмаққа.
Өз аулымнан жау шығып
Соларды алдым тырнаққа.

Күшім әбден асқан соң,
Ағайынды бағынды.
Алдыма келіп бас иді
Сындыра алмай сағымды.

Сонан бері шаруамды,
Жоспар менен өсірдім.
Тасымаймын табысқа
Керегі жоқ кесірдің.

Қолым жетті бұл күнде,
Неше түрлі табысқа.
Күн - күн сайын гүлденіп
Даңқым кетті алысқа.

Жігіт болып жер жүзін,
Алсам деген ойым бар.
Көрсететін әлемге
Ұлы жиын тойым бар.



Сол мақсатқа жеткенше,
Белімді шешіп жатпаймын.
Табыстан жетіп табысқа
Алға қарай аттаймын.

Мені мұндай жеткізіп,
Жәрдемші болған бір ағам.
Қапталассам жөн сілтеп
Жол көрсетті сол маған.

Ағамның атын сұрасаң,
Компартия дейтұғын.
Мендей талай жетімнің
Ойлап қамын жейтұғын.

Қорықпаймын ешкімнен,
Компартия ағам бар.
Қадірін оның білмейді
Бізден басқа надандар.

Осылайша ер жеттім,
Қалсамда жетім анадан.
Өз басымның тарихы
Сөйлегенім манадан.

Жер жүзінде жетімдер,
Мендей болып өсіңдер.
Үлгі менен ісімнен
Болайық сондай десіңдер.

Қарт қырағы қамқорым,
Маған берген батасын.
Жөн көрсеткен Көсемім
Компартия жасасын.

*Ақмола қаласы, 1935 ж.*

## Малшылар слетіндегі баяндама

Жүз елу жиналысқа келді кісі,
Бәрі де колхоз, совхоз екпіндісі.
Опытын ортаға сап айтып жатыр
Өзінің қандай табыс бар үлгісі.

Тамаша қолы жеткен табыстарын,
Тыңдады құлақ қойып үлкен - кіші.
Көсемге берген сертті орындайық
Күтеді соны бізден «үлкен кісі».

Төрт түлік орындалсын мал жоспары,
Қой, сиыр, түйе, жылқы бар қосқаны.
Бірде бас малдан шығын шығармаңдар
Келседе «қоян», «мешін», жұт «жыланы».

Бұзаумен арық қойда болса қотыр,
Зав. ферма, чабан, гуртоп нағып отыр.
Күтпесең осы бастан ондай малды
Жемтігін жазғытұрым қарға шоқыр.

Оттығы, бас жібі де болсын дайын,
Жылы ұста төсеніш сап жатар жайын.
Тойғызып көк шөп беріп асыраңдар
Суарып таза сумен, күн - күн сайын.

Қора кең, терезесі жарық болсын
Тамағы тоқ, сусыны қанық болсын.
Басқарма, Совет саған ескертемін
Берілген мәліметің анық болсын.

Аналық шағылыстан өтсін тегіс,
Шағылыс мал жөнінде еккен егіс.
Екпесең жерден өнім ала алмайсың
Бермейді шағылыспай мал да жеміс.



Қалмасын бір аналық шағылыспай,
Жазып қой, қашқан күнін жаңылыспай.
«Мал басы төлден өседі» деген мақал
Төл болмас ата - аналық шағылыспай.

Күтілсін әсіресе буаз бие,
Жұмыстан босатылсын інген түйе.
Ерекше буаз малды күтетұғын
Ең адал колхозшылар болсын ие.

Қасқырға бірде малды бермеңіздер,
Сөзіне жалқаулардың ермеңіздер.
Малшы көрмей, күзетші ұйқтап қалып
Біріңнен - бірің сөйтіп көрмеңіздер.

Ұғынып айтқан сөзді қайтыңыздар,
Көп сәлем колхозшыға айтыңыздар.
Бұзауын ренжімей шартқа беріп,
Колхоздың орталығын байытыңыздар.

Мал басы облыста өссе өрлей,
Жыл сайын қалып келдік қатарға ермей.
Төрт түлік малдан бірдей ұятты боп
Отырдық облыстың артын бермей.

Облыстық Кеңеске барып келдік,
Кеңесте айтқан сөзге қанып келдік.
Сіздердің еңбектерің арқасында
Шет аудан үшінші орын алып келдік.

Мал жоспары осы жылы орындалды,
Облыста үшінші деп орын алды.
Келесі жыл жақсы істеп таласуға
Қызыл тумен, бірінші орын қалды.

Ал енді сол табысты баянды етіп,
Тұрғанда бұл табысқа қолын жетіп.
Алуға бірінші орын ұмтылайық!
Бірінші январьда сыннан өтіп.

Тоғыз мың жеті жүзге жетсін сиыр,
Жылқы өссін бір мың бес жүз үйір.
Қырық мың қой - ешкі мен үш жүз түйе
Осы мал ауданымда болсын биыл.

Бірінші орын алсын біздің аудан,
Малды сақта өлімнен, қасқыр жаудан.
Орындап артығы мен төрт түлікті
Алайық туды тартып - Ұлытаудан.

*Ақсу - Аюлы. 1944 ж.*

## Көрші таулар

Тяньшян, Алтай, Чукот, Орал, Кавказ
Қыс кеткен бұл таулардың бәрінде жаз.
Өндіріс, колхоз, совхоз алабында
Ерлікте еңбек еткен ерлерім мәз.

Нұрланып сәулесіне атқан таңның,
Дегендей «көпті көрге» қарияңмын.
Қарайды жан - жағына Гималайда
Тұрғандай күзетінде ұлы Отанның.

Эльврус ортасында басы биік,
Жаз болса көк торғыннан шапан киіп.
Жан жақтан ақыл сұрай бұлттар келіп
Түнейді сағынғандай төсін сүйіп.

Қызғалдақ қызыл - жасыл көк балдырған,
Балауса балбыраған бал татыған.



Жайнаған қызыл гүлдер жұпар шашып
Тартқандай жанды өзіне исі аңқыған.

Кордилер, Алпі, Атлас, Апалашта
Әлі қыс ол таулардың күні басқа.
Ерікті еңбек таппай аяз қысып
Жылаған көзі толып қанды жасқа.

Болса да ол тауларда әзірше түн,
Жарқырап алыс емес шығатын күн.
Асыға атар таңды күтіп жүрген
Ішінен ызбарлы айқай шығады үн.

Адамзат азаттыққа болған құмар,
Езілсе талай ғасыр қалай шыдар.
Бірлігі жұмыскермен шаруалардың
Ақыры бостандықты алып тынар.

*Қарағанды қаласы 1939 ж.*

## Көп жаса ұлы көсем

(70 жылдығына)

Езіліп елде талай жылап еді,
Қаналып қанаушыдан жүдеп еді.
Халықты бостандыққа жеткізетін
Ел үшін ер туар деп тілеп еді.

Ел үшін көп күресіп белді буып,
Әперді елге тендік жауын қуып.
Жеткізді бостандыққа қалың елді
Бағына Сталин мен Ленин туып.

Ленин мен Партияны бірге құрған,
Жазуына Партияның қарсы тұрған.
Троцкий, Камиев, Бухариндай
Жауларды әшкерелеп дәлдеп ұрған.

Сталин сәуле берген ай мен күнім,
Ленин де ұлы көсем алған білім.
Лениннің өсиетін іске асырған
Сталин данышпаным Ленин бүгін.

Бастауға тура жолмен байтақ елім,
Басында қабірінің ұлы Ленин.
Мүлтіксіз өсиетін орындауға
Ант етіп ұлы Сталин берді сенім.

Бірнеше бес жылдықтар орындалып,
СССР теңдесі жоқ болды алып.
Гүлденіп қала, өндіріс, колхоз, совхоз
Бөленді шат тұрмысқа біздің халық.

Гитлер алмақ болып жердің жүзін,
Құтырды ала - сұрып етпей төзім.
Пілге үрген көшедегі қанден иттей
Ұмтылды СССР - ға теңеп өзін.

Сол күнде қан майданда елді бастап,
Жеңуге залым жауды болды мақсат.
Ұрпағын жауға қарсы аттандырып
Сталин өзі тұрды туды ұстап.

Толқынға қозғалама биік жартас,
СССР қозғалмайтын жартасқа ұқсас.
Жартасқа басын соғып быт - шыт болып
Толқындай Гитлерде қайтты ол мас.

Жеткенше үңгіріне жауды қуып,
Жан үшін - жан, қан үшін - қанмен жуып.
Өлтірдік сұр жыланды ұясында
Отанға сұқпақ болған тілді суық.

Күн туып ел басына шыққанда атың,
Халықты құтқарған кім бұл апаттан.



Құтқарған елді бастап ұлы Сталин
Жаралған артық болып адамзаттан.

Өндіріс, колхоз, совхоз, ауыл, қала
Кірісті бес жылдыққа міндет ала.
Көсемге берген сертті орындауға
Қимылдап жатыр бәрі күшін сала.

Қай түрлі жеңіс болса біздің елде,
Аспанда, дария да яки жерде.
Жеңістің барлық кілті байланысты
Данышпан Сталиндей кемеңгерге.

Бұл күні сізге арналып жырлар әсем,
Жырлайды алуан тілмен талай шешен.
Солардың бәрінiңде тілегі осы
Көп жаса, жаса - жаса Ұлы көсем.

*21.12.1949 ж.*

## Көк биенің зары

(Фельетон)

Келдім биыл сегіз жасқа,
Менен кіші күрең қасқа.
Өзіменен ұрпақтары
Толды міне тоғыз басқа.

Сегіз жылдай қысы - жазы,
Бір бітпеді жал мен, қазы.
Кімге жетер, кімге батар
Көк биенің айтқан назы.

Менің қандай жазығым бар,
Қыста ақ шөп азығым бар.
Жазды күні жібермейді
Арқандаулы қазығым бар.

Екі қасым кезек - кезек,
Басқарма боп қамшы безеп.
Міне шауып тыйтықтатып
Ішке қоймай жалғыз тезек.

Бір жаз мінбей қоя берсе,
Сонан кейін мені көрсе.
Күреңдей боп мен де өсер ем
Сонымнан бір құлын ерсе.

Өсіп - өну табиғатта,
Аю анда да адамзатта.
Бала деген керек екен
Ұрпақ үшін қалуға артта.

Бала тумай өсу қайда,
Баласыздан қанша пайда.
Екі Қасым бала жайын
Өсу жайын ойламай ма?

Мен не жаздым кең танауға,
Мініп ұрады омырауға.
Кең танаудан құтылған күн
Айтар едім сансыз тәуба.

Көзіңді ашпа екі Қасым,
Көрмедіңдер көздің жасын.
Жалдап мініп жауыр қылдың
Мен сорлының арқа басын.

Айғырдан бір шығармадың,
Буаз болу бар арманым.
Екі тонна сұлы беріп
Ақсақ көкті тұмарладың.

Құлындайма ақсақ көгің?
Шартың азбан білем тегін.



Меншікті атың болғаннан соң
Семіртесің, сұлы тегін.

Сұлыдан біз тата алмаймыз,
Сұрауға да бата алмаймыз.
Күндіз шаршап, түнде суып
Аунап - қунап жата алмаймыз.

Халім нашар арықтадым,
Сен мінуге жалықпадың.
Көрсін енді көп әлеумет
Көк биенің зарыққанын.

Өз бетімен колхозшылар,
Міне берсе қайтып шыдар.
«Байтал мінсе құлын жоқ» деп
Айтпаппа па еді бұрынғылар.

*Ақсу - Аюлы. 27.03.1947 ж.*

## Көк биенің алғысы

(Газет дабылынан кейін)

Келсем де сегіз жасқа көріп бейнет,
Шығармай дыбысымды іштей сөйлеп.
Арман қып тор биені айтушы едім
Мен сорлы көремін - деп қашан перзент.

Келгенше сегіз жасқа бермей тыным,
Үстімнен алмаған соң ер тоқымын.
Құлынсыз бұл жалғаннан өтембе деп
Газетке зарды шағып шықты үнім.

Зарыма редактор құлақ салып,
Оқыпты арызымды таңырқап.
Газеттің ортасынан беріпті орын
Көрсін - деп жылағанын барша халық.

Газеттен арызымды оқып көріп,
Халіма аянышты іші еріп.
Басқарма ортамызға жаңа келген
Жіберді мінбей - жекпей ерік беріп.

Жайындай ту бие боп шыға келдім,
Таң қалып, көзі түсті маған елдің.
«Советтік Қарағанды» газетінің,
Жасаған қамқорлығын міне көрдім.

Бұрынғы басқармалар желдің, шаптың
Неше жыл құлындатпай мініп бақтың.
Тек бір жыл арқа - басым босап еді
Мінеки сұр жекедей құлын таптым.

Ойнақтап кісінесе сол құлыным,
Балқиды барлық жүйе жан - жұлыным.
Иіскеп мен де сондай түшіркенем
Аналар сүйсе қандай жампоз ұлын.

Босатпай қысы - жазы мініп алғыш,
Кеткен соң ескі бастық қасымнан күш.
Келген соң жаңа бастық құлындадым
Газетке жүз қайтара айтам алғыс.

*Ақсу - Аюлы. «Советтік Қарағанды»*
*11.07.1948ж.*

## Күзетші Құрманғазы

Соғыста Құрманғазы жауды жеңген,
Мүгедек сол соғыстан болып келген.
Санасып жағдайы мен колхозшылар
Осы деп жеңіл жұмыс күзет берген.

Сегіз жыл содан бері кетсе - дағы,
Жаз ыстық, қыста аяз өтсе - дағы.



Қажымай Құрманғазы күзетте жүр
Елуге биыл жасы жетсе - дағы.

Болған соң қорадағы мал байланып,
Күзетке шықты Құрмаш ыңғайланып.
Пима мен күртік қарды маң - маң басып
Қарайды зәулім базды шыр айналдырып.

Далада жазатайым бір мал қалып,
Қазаға ұшыраса көрмей қалып.
Жүрмейін ұятты боп колхозыма
Мойныма ауыр жаза артып алып.

Салынған колхоз базы атшаптырым,
Колхоздың салған мұны өнерпазы.
Фонарын қараңғыда жарқылдатып
Сол базды күзетіп жүр Құрманғазы.

Белгілі өздерінің орнын алып,
Аналық сиырларда жатты барып.
Жылы, жарық қорада күйіс тартты
Баздағы тойған сиыр ыңыранып.

Құрмашта киім жылы тамағы тоқ,
Әйелі балалары, малы да көп.
Міндеті колхоз малын аман сақтап
Ойында онан басқа арманы жоқ.

Күзеткен ел дәулетін сен бір батыр,
Колхозшы саған сеніп ұйықтап жатыр.
Қасқырдан малды, базды өрттен сақтап
Ал Құрмаш көрер таңды көзбен атыр.

*19.12.1951 ж.*

## Жаз келді

Жарқырай келді міне жазғы көктем,
Әлемге нұрын шашып сәуле сепкен.
Басталды еңбектің де қайнар көзі
Алатын жерден жеміс зор еңбекпен.

Ән салып торғайларда шырылдайды,
Үйрек, қаз көлге қонып бырылдайды.
Мәз - мейрам, шыбын шіркей, жан - жануар
Келген соң жаз жарқырап жанға жайлы.

Шаршаған қыстай торып малдарды аңдып,
Аш бөрі мал жей алмай жүрген қаңғып.
Бұдағы жаз келгенге шаттанғандай,
Жөнелді жер бетінен іздей жәндік.

Түлкі де тышқан таппай қар бетінен,
Ұрланып тамақ іздеп ел шетінен.
Қуанып жаз келген соң о да кетті,
Ін қазып, тышқан аулап өз бетімен.

Майын жеп қыстан жатқан аю, борсық,
Қашан күн жылынғанша жерде борсып.
Олар да бас көтеріп жаз келген соң,
Ұйқыдан оянғандай тұрды шошып.

Қар тепкен ала қыстай арқар, елік,
Кей кезде маядағы шөпке келіп.
Олар да осы жазды сағынумен,
Жан сақтап шықты қыстан қалмай өліп.

Мәз - мейрам жазды көріп жан - жануар,
Адамзат құрт - құмырсқа, түрлі аңдар.
Жүгіріп шыбын - шіркей, қоңыздарды,
Олар да тамақ іздеп тоң қалаңдар.



Маужырай жаз лебіне барлық жәндік,
Қазына ашылғандай алтын сандық.
Адамзат жан - жануар тіршілікке
Жабулы тұрғандай - ақ соны аңдып.

Қыстайғы жүдеп шыққан арық малдар,
Қайда деп жүгірісті татырыңдар.
Жүгіріп ойнай шулап балалар да
Жылынды күн шуаққа кемпір шалдар.

Жамылған ақ көрпесін қария шал,
Бір сілкіп аяғы мен етті дал - дал.
Сүйтті де алтын сандық аузын ашты
Ішінен дегендей ақ керегіңді ал.

Астынан ақ көрпенің көрінді алтын,
Алтынның қалай алу білген парқын.
Неғұрлым мол қазына дайындауға
Ұмтылды құшырлана барлық халқым.

Осы жаз өзгеше боп өзге жаздан,
Келіп тұр тұлпардан ақ еті қызған.
Себебі бәйгілі жыл болғандықтан
Жүлде алмақ әр кімдер ақ биыл озған.

Жолдастар шешуші жыл келді биыл,
Ауданым мал өсірмек үйір - үйір.
Орындай 5 жылдықты 4 - ақ жылда
Көбеймек түйе, жылқы, қой мен сиыр.

Қой өңбек биылғы жыл жерден өнім,
Ақтарып жер қойнынан алтын кенің.
Алуға бір гектардан 10 центнер
Хат жазып Сталинге бердік сенім.

Жағдай бар орындауға алған сертті,
Жұмыла таза еңбекке бұрсақ бетті.
Өткен жыл Айғыржалда Жайықовтың
Гектардан жүз пұтқа қолы жетті.

Тоған бар Айғыржалда әлденеше,
Суы кеп Қарасаздың 2 - 3 есе.
Қарасаз Айғыржалдай бола алмай жүр
Мүшесін өкпелейді жалқау десе.

Бұл колхоз еңбек емес сөзге құмар,
Өтірік, өсек, айтыс қашан тынар.
Сөзді қойып, бір жеңнен қол шығарып,
Еңбекке жұмылады қашан бұлар?

Суыда Қарасаздың жері де артық,
Қап - қара топырағы бейне барқыт.
Жыл сайын 3 - 4 жүз га. салса - дағы
Тоғанның көрген емес суын сарқып.

Жабылып аудан болып салып берген,
Тоғанмен ала - алмай жүр өнім жерден.
Суы мол жері жақсы болса - дағы
Алып жүр 3 - 4 га центнерден.

Ал, биыл қимылдайық, кел, жолдастар,
Еңбекке жұмылыңдар, кәрі - жастар.
Орындап бес жылдықтың жоспарларын,
Бәйгіден озған аттай ей, құрдастар!

Мол өнім алам десең сапалы айда,
Қалмасын бірде табан егін жайда.
Кептірмей жердің демін малалаңдар,
Жұлмасаң арам шөбін өнім қайда.



Тонналап егін жайға көң төгіңдер,
Күл - тезек жетеді ғой мол төгіңдер.
Бұлжытпай аграном айтқандарын
Мөлшерлі тұқымдарын дәл себіңдер.

Шөлдетпей мезгілімен суын бапта,
Жел кірмес топырақтың үстін тапта.
Себіңдер таза тұқым дәріленген
Зиянды жәндіктерден аман сақта.

Ғылымның айтқанына құлақ ассаң
Үйреткен аграном тілін алсаң,
Аласын жүз пұт түгіл, екі жүз пұт
Егер де осылай ғып егін салсаң.

*1949 ж.*

## Еділбай, егіске әзірлігің қалай?

Еділбай, аманбысың қалай қалың?
Тетелес жігіт едің сырың мәлім.
Тақалды көктемгі егіс басталуға
Жақсы ма дайындығын қалай жаным.

Егіске қар тоқталып үйілді ме?
Жөнделіп соқа - сайман жыйылды ма?
Өткізіп триерден тазаланып
Тұқымын жеткілікті құйылды ма?

Тұқымдар анализге берілді ме?
Күтімі күш - көліктің көрілді ме?
Жөнделіп постромке, қамыт, тіркіс
Дайын боп божы, бишік өрілді ме?

Көң үйіп егін жайға төгілді ме?
Әркімге жұмыс бөліп берілді ме?

Аз күнде егін салып бітіруге
Мүшелер сақадай - сай көңілді ме?

Егіске жұмыс - жоспар жасалды ма?
Егіншілерге мәдениет қосалды ма?
Домбыра, қобыз, сырнай, дойбы бар ма?
Болмаса құр кигіз үй бос алды ма?

Еділбай бригадир сен болғалы,
Жоқ еді жұмысыңның кем болғаны.
Өткен жыл жақсы шығып салған егіс
Колхозшы төрт килодан еңбек алды.

Биылда жақсы болсын салған егіс,
Бірыңғай бітік болсын бәрі тегіс.
Ерінбей ертелі кеш қимылдаңдар
Колхозшы еңбегінен жесін жеміс.

*Ақсу - Аюлы. 25.02.1947 ж.*

## Бегім шопан депутат

Күн жылынды, жаз келді
Бітті күйек, қоздап қой.
Дабырласқан дуылдап
Ферма басы бейне той.

Ойнақтайды маңырап,
Қозы ма, әлде лақ па?
Дауыстары жарасып
Естіледі құлаққа.

Маңырайды аналар,
Табысқанша төлімен.
Адасқанды Бекен қарт
Табыстырады қолымен.



Бекең де жүр тым сасып,
Табысқанша төлдері.
Тыным таппай төл үшін
Жүгірумен терледі.

Қоңыр саулық күйсеп тұр,
Қос марқасын емізіп.
Маңыраған қойларға
Көз салады елегізіп.

Кейбір тоқты, шыбыштар
Өз төлдерін өзі алмай,
Телиді оны Бекен кеп
Бауғанша көз алмай.

Аман туса аналық,
Қуанады Бекен де.
Жүз саулықтан жүз отыз
Алам - дейді кемінде.

Бекен босқа айтпайды,
(Бос айтылған сөз арзан).
Өткен жыл жүз саулықтан
Жүз отыз үш қозы алған.

Ардақтап халқым Бекеңді,
Депутатқа сайлаған.
Ақтау үшін сенімді
Бекенде жігер қайнаған.

Ойлаңдаршы жігіттер,
Жігерленбей мал қайда?
Жата берген жан күтіп,
Жалқаулықтан не пайда?

Күні бойы қой жайып,
Қызығына батады.
Бір мінезі Бекеннің
Түнде де сергек жатады.

Әнеу күні бір тиді,
Сергектіктің пайдасы.
Қораға түскен қасқырдан
Оның асты айласы.

Бекен үйде жатқанда,
Қой қорада дүр етті.
Күзетші қалғып маужырап
Түскенің қасқыр білмепті.

Атып тұрып төсектен,
Бекен шықты ақырып.
Балтасын ала жүгірді
Күзетшіні шақырып.

Екеулеп жүріп қасқырды,
Соғып алды жалма - жан.
Тек бір қойды тістепті
Өзгелері дін аман.

Ертелі кеш бір думан,
Тойға ұласып тойлары.
Әрі семіз, әрі аман
Депутат баққан қойлары.

*Ақсу - Аюлы. «Соц. Табыс» 13.05.1948 ж.*



## Аханның «Сыры»

(фельетон)

Тыңдаңыздар ал жамағат,
Мен айтайын бір хикаят.
Редактор тарапынан
Тапсырылған бұл аманат.

Газетіміз «Соц. Табыс»,
Оқушыға бәрі таныс.
Тілшілерге бәрі бірдей
Мейлі жақын, мейлі алыс.

Кімде болса теріс мінез,
Ол жұқпалы, ауру мерез.
Жазатұғын, түзететін
Газет сыны құрулы кез.

Тілшілерге тапсырылған,
Міндет еді ол бұрыннан.
Хабарларды жазып тұру
Көріп білген барлық сырдан.

Сондықтан бір жұмысты,
Жазайын деп салдым күшті.
Оқығандар ғибрат алып
Істемесін ондай істі.

Шет ауданда үшінші ауыл,
Атақты ауыл ісі тәуір.
«Қызыл тудың» колхозында
Бір оқиға болды ауыр.

Ал айтайын - ал айтайын
Басқа сөзді аз айтайын.
Сол колхозда болған бір іс
Уақиғасын дәл айтайын.

Мал өлтіріп майды құртқан,
Ұялмаған барлық жұрттан.
Заңды дағы ойламаған
Шоқпар ұлы Ахметжан.

Енді келді сөздің басы,
Оқып көрсін доспен қасы.
Сол Аханның ісі мынау
Жалғаны жоқ дәл расы.

Күндерден күн өтіп жатты,
Ахаң бір күн болды аухатты.
Ойда жоқта «Бақыт» қонып
Сиырға зав. болып қапты.

Зав. ферма боп бір жыл тұрды,
Бір жылдан соң құдай ұрды.
Күтімсіздік, салақтықтан
Отыз бес бас малды қырды.

Он бір бұзау қотыр болды,
Бір қораға олар толды.
Емдеп бағып мал қыла алмай
Бауыздады оңды солды.

Үкіметке беретін май,
О да қалды орындалмай.
Майдың орнын малмен өтеп
Он төрт бас мал кетті жылай.

Күтілмесе сауын сиыр,
Сүт бере ме жалғыз литр.
Күтілмесе туған бұзау
Оған қотыр болады үйір.

Білмеді Ахаң мұның бірін,
Алмаған соң малдың сырын.



Зав. ферма боп көрген емес
Қайдан білсін мұнан бұрын.

Жай сиырды ұзақ күндей,
Түнде де бақ көзіңді ілмей.
Сонда саусаң сүт береді
Тойғаннан соң жатар жүрмей.

Сиырды ұрсып тілдей - тілдей,
Жүрді Ахаң тілін білмей.
Күтпеген соң сүт бере ме
«Ақбұлақта» Байеділдей.

Күндер солай өтіп жатты,
Ахаңның да басы қатты.
Ауданға бос барамын деп
Өлтіріпті «кер - торы» атты.

Колхозшылар мұны көріп,
Ренжіді сөгіс беріп.
Зав. фермадан ауыстырды
«Қоймаймыз» деп саған сеніп.

«Төле» деді шығын малды,
Мойныңда қанша қалды.
«Сақ бол! Ұры - қасқырға» деп
Қой күзетіне әкеп салды.

Қой күзетті Ахаң енді,
Жалқау болды, ұйқы жеңді.
Қой күзеткен мезгілінде
Он бес басты қасқыр жеді.

Қойдан Ахаң тағы шықты,
Колхозшылар сырын ұқты.
Енді малға жолатпады
Дауа болмас бұған тіпті.

«Қолмен жұмыс істе» деді,
Ахаң мұны істемеді.
Осы күнде бос жүреді
Басқармада күштемеді.

«Аурумын» деп жол табады,
Өз ісіне әл табады.
Кереге мен уық істеп
Елге сатып мал табады.

Мойнында мал төлемейді,
Төле десе елемейді.
«Мен соғысқа барып келдім»
Не қылады маған - дейді.

Көре тұрып колхозшылар,
Мұндай іске қайтып шыдар.
Ахаңызды сотқа берді
Жалқаулыққа болған құмар.

*Ақсу - Аюлы 1947ж.*

## Ана

Дүниеге ең алдымен келген ана,
Бар ғалам сонан өсіп өңген ана.
Тәрбие еңбегінің арқасында
Соңынан ұрпақтары ерген ана.

Ұрпағын жер жүзіне еккен ана
Көп бейнет бала үшін шеккен ана.
Баласы жаман болса, жалқау болса
Қамығып көзден жасын төккен ана.

Келтірген дүниеге алтын ана,
Жандары махаббатты жарқын ана.



Туғызып нелер алып нелер ғалым
Өсірген тәрбиелеп халқын ана.

Әлдилеп түн ұйқысын бөлген ана,
Ақ сүтін еміреніп берген ана.
Арқалап ыстықта да, суықта да
Бала үшін талай бейнет көрген ана.

Апасы алыптардың алып ана,
Бала үшін талай бейнет көрген ана.
Балаға бір кемшілік бола қалса
Қайғырып жылай - тұғын налып ана.

Не қымбат? Балаларға - ана қымбат,
Анаға ішген шыққан бала қымбат.
Сабыр ғып қамқор ана тұра ала ма
Баласы іштен шыққан тұрса жылап.

Балаға қандай қиын ана деген,
Аналар көркейеді баламенен.
Балалар жастайынан қалса жетім
Сарғайып жүдемейме санаменен.

Қылмасын жастай жетім Құдіретім,
Кімде - кім есі кірмей қалса жетім.
Қытымыр қатал мінез тоқалдардың
Қыла гөр жетімдерден аулақ бетін.

*1950 ж.*

## Алғыс

Ел болып кедей сірә көріппе еді,
Малға ие, басқа ерік беріппе еді.
Қан құмар, ол заманның жендеттері
Ішуден кедей қанын жеріппе еді.
Қылт етсең өлтіруге дайын тұрды,

Қылыш пен қанжар мылтық серіппелі.
Басуға кедейлердің қарсылығын
Патшаға полиция серт берді.
Тірегі ел ішінде бай мен молда,
Би, болыс старшындар серіктері.
Күн емес еді
Өткізген күндер.
Жылау мен сықтау
Қайғылы түндер.
Жақсылық кедей қашан көріп еді
Бостандық қашан бізге беріп еді.
Босанып езушілік отарлықтан
Көруге жарық сәуле жерік еді.
«түрмесі халықтардың Ресей» деп
Қол сілтеп сұр өмірден жеріп еді.
Жер - суға, мал мен басқа ие болмай
Қорлықты талай - талай көріп еді.
Кешегі бізді сонда билеп тұрған
Албасты, дию, сайтан пері ме еді.
Қоршауда налып,
Көз жасы көлдей,
Күйзелді халық
Теңдікке шөлдей.
Жұмыскер таныған соң дос пен қасты,
Бірігіп күш жинауға қосты басты.
«Біріксең бізбен теңдік аласың» деп
Шақырып шаруаларды қойнын ашты.
Бірлігі жұмыскер мен шаруалардың
Қосылып бір - бірімен құшақтасты.
Тұрса да қандай бөгет шыдатпайтын
Қосылып екі күштен дария тасты.
Толқынмен сұм заманды су түбіне
Жіберіп тыйды көзден аққан жасты.
Бастады бізді
Ленин, Сталин
Энгельс, Маркс



Нұсқауын сенің.
Бетінде жаралғалы жұмыр жердің
Тарихта болмағанды көзбен көрдім
Жойылып қанаушылық бостандық - ап
Жері де, елі де шат біздің елдің.
Бірдей тең праволы ұлы Отанда
Ұлттары 60 - 70 СССР - дың
Жасасын теңдік берген Партиясы
Ленин мен Сталиндей кемеңгердің.
Айтады елім
Сіздерге алғыс.
Ленин, Сталин
Энгельс, Маркс.

*Қарағанды 1939 ж.*

## Алатау

Әлемге аты әйгілі Алатауым,
Басың қар, бауырыңда болса жауын.
Батыс пенен шығысқа кезек қарап
Тұрғандай бітімшілік айтып сауын.

Алатау асқақтаған басың биік,
Ақторғын үлбіреген шапан киіп.
Жан - жақтан ұшпалы бұлт күнде келіп
Түнейді сағынғандай сипап, сүйіп.

Алатау көрінесің күндік жерден,
Басыңнан айырмайды торғын перден.
Ораған ақ шалмасын ғұламадай
Отырған орын алып биік төрден.

Алатау артықша бар қасиетің,
Тараған талай тауға өсиетің.
Атасы ақыл ойдың Алатауым
Алдында тәжім етіп бас иемін.

Мызғымас іргең берік Алатауым,
Іргеңді мекендеген біздің қауым.
Іргеңе берік тұрған арқа сүйеп
Қиратқан тас - талқан ғып талай жауын.

Қария көпті көрген Алатауым,
Жайқалған бауырыңда бақша - бауың.
Неше алуан бауырыңда өскен жеміс
Өрік пен алма, жиде, арбыз, қауын.

Білімнің ордасы боп жатқан көлбеп,
Арқадан Ала - тауға келдім шөлдеп.
Сусынды білім беріп қандыруға
Қол бұлғап шақырғандай «келсең - кел» деп.

Алматы бауырында көркем қала,
Бұл да бір Ала - таудан аққан сала.
Білім - ап сол қалада оқып жатыр
Жиналған түрлі ұлттан мың сан бала.

Мендағы оқып жатқан соның бірі,
Оқуым, жырлайтыным халық жыры.
Астанам, алтын ордам Алматыдан
Аламын талай білім жүрсем тірі.

«Оқыңдар және оқыңдар» деді Ленин,
Арманым білім алу, оқу менің.
Атасы асыл сөздің данышпаным
Есімнен өсиетің, кетпес сенің.

*Алматы қаласы.*
*Совет көшесі, үй №105.*
*20.10.1947 ж.*



## Бозшакөлде

Сарысудан ағылшындар зауыт салған,
Қазақтың кедейлерін жалдап алған.
Зауатты өртеп кетті жиырмасыншы жыл
Жұмыскер жұмыс таппай қарап қалған.

Бос жатқан Бозшакөлге көшіп келіп,
Орнаған Ленин атты қоғам болып.
Оқыттым жұмыскердің балаларын
Жиырма тоғызыншы жыл соған келіп.

Мұғалім келгеннен соң Бозшакөлге,
Қалмады оқымаған ешбір пенде.
Аңсаған оқу іздеп жұмыскерге
Аянбай, адал еңбек еттім мен де.

Оқыттым үлкенді де, кішіні де,
Қайтармай іздеп келген кісіні де.
Дуылдап сауық құрып, өлең айтып
Өзгерді Бозшакөлдің пішіні де.

Ол кезде бір болыста бір - ақ мектеп,
Арнаулы мектеп үйі салынған жоқ.
Шаруаның ауыз үй мен төргі үйінде
Төрт класс екі мезет сабақ өтет.

Оқыды сол мектептен жас пен кәрі,
Бәрінің білім алу ынтазары.
Оқыған сол мектептен бір талайлар
Істеп жүр адал еңбек қазір бәрі.

Оқыған Бозшакөлде болып жатақ,
Алмаған содан бәрі жаман атақ.
Отанға адалдықпен еңбек еткен
Кетейін кейбірінің атын атап.

Серіков Әкім дағы зерек еді,
Иманбаев Әйешті ел біледі.
Қызкен, Мұқыжан мен Исатайлар
Бәрі де Бозшакөлдің түлегі еді.

Алтыбай, Мақыжан мен Кешубайлар,
Сәулебек, Әдіхан, Жалау, Балғабайлар.
Бәрі де сол үйден ұшқан түлек еді
Сағымбек, Көбжан, Шаян, Тұрабайлар.

Тағы да көп жылдар өткен еді,
Ойлаған мақсатына жеткен еді.
Кейбірі өле - өлгенше адал істеп
Мезгілсіз арамыздан кеткен еді.

## Бұғылы

Бұғылы асқақтаған басын биік,
Жаз шығып көк торғыннан шапан киіп.
Жан - жақтан ұшпалы бұлт күнде келіп,
Түнейді сағынғандай сипап сүйіп.

Мекені колхоз, совхоз Бұғылытау,
Жиналған әр саласы бақша мен бау.
Ауасы жанға жайлы, дертке шипа,
Болады араласаң бар денең сау.

Бір өзен Бұғылыдан аққан сала,
Бұраңдай күміс көбік суың қара.
Қабағы екі бірдей толған егіс,
Салынған жағалата қалың құрылыс.

Атайды бұл өзенді Шолақеспе,
Егіндік - шабындығы мол - ақ еспе.
Қай өңірдің суларын көрсемдағы
Әрқашан ағын суың тұрады есте.





**ДӘЛМАҒАНБЕТҰЛЫ Тұңғышбек** (1895-1972) Мойынты болыстығының төртінші ауылында туған. Шет өңірінен шыққан алғашқы мұғалімдердің (1920), алғашқы коммунистердің (1921) бірі. Әке-шешеден жастай қалып, жоқшылықтың зардабын тартып өседі. Қыр қазақта-рына жалданып күнін көреді. Ал 1920 жылы Қарқаралыда ашылған үш айлық мұғалімдік курсты бітіреді. Ақмола комвузында оқиды (1933 - 1936). Берікқара, Нұра болыстарында бала оқытады (1920 - 1923).Шет өңірінде бірінші болып ашылған Бозшакөл қоғамындағы бастауыш мектепте мұғалім болады. Осында Шет өңірі бойынша бірінші болып үш коммунистен тұратын партия ұясын ашып, оның хатшылығына сайланады. Ақшатауда, Берікқара ауданында халық соты болып жұмыс істейді (1927-1933). Шет аупарткомында екінші хатшы (1936-1937), Қарағанды облысы Атқару комитетінің нұсқаушысы (1937 - 1939), Қоңырат ауаткомының төрағасы (1939 - 1943) болды. Қырқыншы жылдары жер бөлімінің бастығы, әлеуметтік - қамсыздандыру мекемесінің меңгерушісі, аупартком, ауаткомда бөлім меңгерішісі болып еңбек етті. Ақын. Өлең - жырлары мерзімдік басылымдарда жарық көрген. Бірқатар құнды дастандар жазған. Айтысқа да түскен.

## АЛҒАШҚЫ ҰЯНЫҢ ШЕЖІРЕСІ

(“Қазақстан Коммунисі” газетінен)

Бұғылы мен Тағылы тауларының арасын ен жайлаған «Шет» совхозы адамдарының да өзіндік өжет тарихы, үлкен өмір жолы бар. Олар осы арадан Жаңаарқа мен Жезді жеріне дейін созылып, көлбей аққан Сарысу өзенінің маңын ертеден бері қоныс еткен.



*Дәлмағанбетов Тұңғышбектің 1939 жылғы суреті*

Алайда арнасы мол, ағыны күшті бұл өзен Совет өкіметі орнағанға дейін бар қасиеті мен бай дәулетін еңбекші еліне еркін бере алмады. Ол кезде Сарысудың күллі қызығын қытымыр заманньщ қырсыздары ғана көрді. Тек Ұлы Октябрь құдіретімен ерке өзеннің екі жағындағы шүйгін өріс, көк майсалы жазық дала халық игілігіне айналды. Қазір бұл өңір құтты мекен атанып, жайлы алқапқа күрделі шаруашылық орнаған.

Біз таяу арада өзіміз бірнеше рет көріп, талай аралаған осы «Шет» совхозында болдық. Бұрынғы кішігірім колхозды ауыл қазір үлкен поселкеге айналған. Ертеде көрген еңсесіз, жапырайған жатаған үйлер орнына биік те әдемі құрылыстар салынып, еңбекшілердің тұрмыс - күйі мейілінше жақсарған, шаруасы шалқып, күшті қарқынмен, қарыштап өркендей түскен...

Совхоз парткомының кабинетінде ғажап бір кездесудің куәсі болдық. Совет өкіметі жаңа қаз тұрып келе жатқан кезде осы маңдағы тұңғыш партия ұясының хатшысы (секретары) болған қарт коммунист Тұңғышбек Дәлмағанбетов қазіргі партия комитетінің секретары Аманқұл Әдірахмановқа келіп отыр екен. Екеуінің жырдан қызық әңгімесі совет дәуіріндегі ауыл өмірінің шежіресіндей естілді бізге. Әңгіме арқауы - аға



ұрпақтың ерлік дәстүрі,бүгінгі буынның жасампаз істері жайлы еді. Ұлыстың ұлы күні қарсаңында екі ұрпақ бір - біріне есеп беріп, сыр алысқандай.



*Сәрінжіпқызы Шөкейден туған балалары Еркеш пен Серік*

Әлі есімде, күзге таянған мезгіл еді. Мектеп үйіне жиналып, енді қай жерден шөп шабу қажеттігі жайында өзара мәжіліс құрып отырғанбыз. Әлден уақытта сырттан бір бала жүгіріп келді де:

-Анау үйге лау мінген бір дөкей келіп түсті, - деп хабарлады. Осыны ести сала, бәріміз өре түрегеліп, тысқа шықтық. Қонақ түскен үй алдында еңгезердей қараторы жігіт тұр. Үстінде қарапайым пиджагы бар, басында ақ қалпақ. Ол амандық-саулықтан кейін, өзін Ғайса Тоқтарбековпын деп таныстырды да,жағалай аты-жөнімізді сұрап,бізбен шүйіркелесе әңгімелесті.

- Мен, - деді Ғайса, - уездік комитет өкілімін. Ел жағадайымен танысқалы келдім...

Біз түс ауа тағы да мектеп үйіне жиналдық. Өкіл келген шаруасын баяндады.

- Сіздердің осы ауылда партия ұясын құру жөніндегі тілектеріңізді уездік комитет мақұл көріп, қабыл алды, - деді ол.

Менің қасымда отырған бір жігіт:

- Осы бес болыс елде мына Тұңғышбектен басқа бірде - бір коммунист жоқ. Жалғыз адаммен партия ұясын құруға болар ма екен? - деп сұрады.

- Уездік комитетте мәселенің бұл жағын да талқыладық, - деді өкіл. - Өз орталарыңыздан ең лайық деген он шақты кісіні іріктеп, партия мүшелігінің кандидаттығына қабылдаймыз да, ұя құрамыз...

Сол күні адал, сенімді деген 10 адамды партия мүшелігінің кандидаттығына алдық. Бұларға кепілдемені Ғайса екеуміз бердік. Ұяның секретарьлығына мені сайлады. Бұл 1925 жылы болған оқиға еді. Қалыптаса келе ұяның беделі күшейе түсті.

Біз бай - кулактарды ығыстыра отырып, кедейлерге қажетті көмек көрсеттік. Солардың сөзін сөйлеп, әділеттілікті жақтадық. Жалшы ұстауға, қалың мал беруге қарсы аяусыз күрес жүргіздік. Партия қатарына жаңадан алынған Сұлтанов, Майкотов, Иманбаев, Талов, Балғабаев, Келмағанбетов, тағы басқалары өз міндетгерін адал атқарды.

Сол 1925 жылы Бозшакөлде кедей шаруаларды біріктіретін қоғам құрылды, оны Ұлы Ленин есімімен атадық. Табанды коммунист Әмірбек Теңізбаев ұйымдастырған бұл қоғам мүшелері жұмысты бірігіп істейтін де өнімін өзара бөлісіп алатын. Кейінірек ол серіктікке (ТОЗ - ға) айналды, бұдан соң колхоз болып ұйымдасты.

Өстіп жүргенде арада үш жыл өтті. Біздің ұяның құрамындағы коммунистер саны 40 - қа жуықтады.Кейін біздің Шет Қарқаралыдан бөлініп, өз алдына ауданға айналғанда, негізгі ұйтқы болып басқарған осы ұя болды. Партия ұясының есебінде тұратын әлгі қырық шамалы коммунист жер - жерге бөлініп, үлкен ұйымдастыру - көпшілік жұмыстарын жүргізді.

Жаппай колхоздастыру басталған 1930 жылдың күзі болатын. Ленин қоғамындағы жұмысшылар коллективтік шаруашылықты барынша жақтап, оған бірінші болып ұйымдасты. Олар сонымен қатар кедейлерге күш біріктірудің, бірлесіп еңбек етудің пайдасы болатынын түсіндірді. Осыдан соң кедей шаруалардың көпшілігі колхозға кіреміз деп арыз бере бастады. Кейін көсем есіміндегі осы қоғам негізінде Ленин атындағы колхоз құрылып, бір аздан соң ол «Шет» совхозына қосылды. Коммунистер колхоз құрылысында әрі үгітші, әрі ұйымдастырушы болды.



Сонымен, Нілді руднигін билеп - төстеген ағылшын капиталистерінің де, Қызылтау болысындағы байлардың арам ойы іске аспай қалды. «Көш жүре түзеледі» демекші, колхоз шаруашылығы бірте - бірте өркендей бастады. Ұя коммунистерінің кейбіреуі басшы қызметке жіберілді. Мәселен, Әйеш Иманбаев республикалық көлемдегі басшы жұмысқа жоғарылатылды. Қазір ол Алматыда тұрады, дербес зейнеткер, сөйтсе де Әйекең әлі еңбектен қол үзген жоқ, астанадағы № 2 нан заводының директоры болып істейді.

Кеңес өкіметі тұсында ғана көзі ашылып, бағы жанған бұрынғы Сарысу жұмыскері Алтыбай Нақыпов туралы да осындай пікір айтқым келеді. Алтыбай көптеген әлеуметтік жұмыстарға белсене араласты: алғаш ауылдық Кеңестің төрағасы, кейін МТС директоры, колхоз председателі бұдан соң аудандық Кеңес атқару комитеті председателінің орынбасары болды. Ол осы күні өзіміздің «Шет» совхозында тұрады, зейнеткер; екі баласының бірі - электрик, екіншісі - агроном.

Партия ұясының тағы бір белсенді мүшесіне қысқаша тоқталып өтейін. Ол - Кешубай Түйтебаев еді. Кешубай Ленин есіміндегі қоғамды құруға көп еңбек сіңірді. Кейін осы қоғамның председателі болып сайланды. Одан соң ауылдық Советтің председателі қызметін атқарды. Алғашқы ұя құрамындағы бұлардан басқа коммунистеріміз де бертінге дейін партиялық жұмыстарға белсене қатысып, ауыл шаруашылығын өрге бастыру жолындағы күрестің алғы шебінде болды.

Қорыта айтқанда,біз ұйымдастырған тұңғыш ұя мүшелерінің партия мен халық мүддесі үшін сіңірген еңбектері зая кеткен жоқ.Қазіргі бақытты ұрпақ біздің сонау қиын - қыстау замандағы игі істерімізді онан әрі жалғастырып, ілгері бастыруда. Бүгінгі буынның жасампаз еңбегіне, қарышты қарқынына дән ризамыз, - деп қайырғанда Түкеңнің жанары нұрланып, жүзі бал - бұл жайнап кетті.

Тұңғышбек қарияның өзі қазір 72 жаста екен. 1921 жылдың КПСС мүшесі. 1920-1927 жылдары ауылдық жерлерде мұғалім болған, кейінірек судьялық қызмет атқарған. 1933-1936 жылдары Ақмоладағы коммунистік жоғары оқу орнында оқып, оны

бітірген соң Шет аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, кейінірек екінші секретары болып істеген. Одан соң 1958 жылға дейін басшы партия, совет, шаруашылық қызметтерінде болған. Қазір пенсияда. Ауыл ағасы, көпшілік қадірлісі.

**Мақала авторы - Қ. ҚАСЫМЖАНОВ**
«Шет» совхозы,
Қарағанды облысы.



# ТҰҢҒЫШБЕК ДӘЛМАҒАНБЕТҰЛЫ

## Шығармалары

*Авторлық редакцияда басылды*

Бас редакторы ***Нұржігітова М. М.***
Редактор ***Қонысбаева Ж.М.***
Техникалық редакторы ***Мерғалина А.Ж.***

Басуға 31.03.2015 қол қойылды. Пішімі 60х841/16. Көлемі 13,1 б.т.
Таралымы 300 дана. Әріп түрі «Times». Офсеттік қағаз.

***«Болашақ - Баспа» редакциялық - баспа бөлімінде басылып шығарылды***
Қарағанды қ., Қазақстан көш., 15а